



БАЙТЕРЕК



БИЗНЕС
ҚОЛДАУЫНЫҢ
ӘЛЕМДІК ҮЛГІЛЕРІ

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕБІ
2016



**ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕБІ
2016**



1. AppStore-да, немесе Google Play-да, немесе focuson.kz сайтында қосымшаны жүктеп алыңыз
2. Қосымшаның ішінде **F** батырмасын басыңыз
3. Жасырған мазмұнын көру үшін, F белгісі бар бірінші бетті сканерлеп алыңыз

Focus On мобильді қосымшасы
Толықтыратын Нақтылық технологияның негізінде жасалған толығымен қазақстандық интеллектуалдық әзірлеуі.

МАЗМҰНЫ

	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары, Директорлар кеңесінің Төрағасының алғы сөзі	4
	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының алғы сөзі	6
	Басқарма Төрағасының алғы сөзі	8
	Жылдың негізгі оқиғалары	10
	2016 жылдың қорытындысы бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері	13
	1 Қор туралы ақпарат	14
	2 Қор миссиясы, көрінісі. 2023 ж. дейін Қордың стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері	18
	3 Қазақстандағы ШОК талдау. 2017 жылға Қазақстандағы ШОК және экономиканың даму келешегі	24
	4 Қызметтің негізгі бағыттары	32
	5 Қызмет нәтижелерін бағыттау	42
	6 Қордың ақпараттық саясаты	48
	7 Болашақтағы кезеңге қойылатын жоспарлар туралы жалпы ақпарат	50
	8 Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы жалпы ақпарат	52
	9 Ішкі бақылау жүйесі туралы жалпы ақпарат	58
	10 Корпоративтік басқару туралы ақпарат	60
	11 Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі туралы есептер	74
	12 Басқарма қызметі туралы есеп	78
	13 Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы тағайындаудың негізгі қағидалары	82
	14 Қордың тұрақты дамуы	85
	15 Жылдық қаржылық есептілік	92
	16 Мекенжайлар мен байланыстар	97



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ
ОРЫНБАСАРЫ,
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫНЫҢ

АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті ханымдар
мен мырзалар!

2016 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25-жылдық мерейтойы атап өтілді. Осы бір қысқа ғана мерзім ішінде біздің еліміз жаһандық ауқымда кешенді саяси реформаларды жүзеге асырды, тиімді нарықтық экономиканы қалыптастырды, жаңа әлеуметтік қамтамасыз ету стандарттарын ендірі. Бүгінгі таңда Қазақстан аймақтық біріктірудің көшбасшысы және әлемдік экономикалық қауымдасудың белсенді қатысушысы болып отыр.

Сындарлы мемлекеттік саясаттың және отандастарымыздың ұйымшыл қажырлы еңбегінің арқасында Қазақстанның экономикасы тәуелсіздік жылдарында 20 есеге өсті. Еліміз инвестициялау саласында Орталық Азиядағы ең танымал елге айналды: тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі 265 миллиард долларға жетті. Экспорт географиясы 119 елді қамтып отыр.

Туристік бағытта да Қазақстанның танымалдылығы күн санап артып келеді. Еліміздің халықаралық спорттық, мәдени, экономикалық және саяси шараларды өткізудегі алып отырған белсенді орны Қазақстанға туристерді тартуды қамтамасыз етері даусыз.

**СЫНДАРЛЫ
МЕМЛЕКЕТТІК
САЯСАТТЫҢ ЖӘНЕ
ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ
ҰЙЫМШЫЛ ҚАЖЫРЛЫ
ЕҢБЕГІНІҢ АРҚАСЫНДА
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКОНОМИКАСЫ
ТӘУЕЛСІЗДІК
ЖЫЛДАРЫНДА 20 ЕСЕГЕ
ӨСТІ.**

Қазақстан ТМД мүшелерінің арасындағы бизнесті жүргізу үшін ең қолайлы елдердің бірі болып табылады. 25 жыл ішінде кәсіпкерлік тобының жаңа орны қалыптасты. Осы кезеңде бизнес қарқынды дами отырып, барынша жасампаз сегментке айналды және іс жүзінде экономиканың барлық салаларын қамтып отыр.

Қазақстан Үкіметі ары қарай да барынша қолайлы бизнес ортаны құру үшін бар күшін салады. Біздің еліміз Дүние жүзілік Банктің DoingBusiness бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайының жаһандық рейтингінде өз ұстанымын арттыруға бағдар алып отыр. 35-ші орынды ала отырып, біз дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін бар күшімізді салудамыз.

Бүгінгі таңда шағын және орта бизнес секторы – бұл 1,5 млн. астам кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер, жұмыс орындарының 35%, ЖІӨ 23% астамы және салық түсімдерінің 26%.

Экономиканы әртараптандырудың стратегиялық міндеті 2050 жылға шағын және орта бизнестің экономикаға салымын 50% дейін жеткізу болып табылады.

Осы міндеттерге сүйене отырып, Үкімет жаңа бастамаларды іске қосуда. Олардың арасында Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын, несиелерге кепілдік беру және мөлшерлемелерді субсидиялау, «Даму» Қорымен және Әкімдіктермен

аймақтық кәсіпкерлікті әрбір облыстың ерекшелігін ескере отырып, жеңілдікті мөлшерлеменен қаржыландыру секілді ШОК қолдау көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша жұмыстарды ерекше атап өтуге болады. Жаңа бастаған және жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі кезде жаңа бастаған бизнеске Қордың аймақтық филиалдары арқылы қолдау көрсету бағдарламалары жұмыс істеуде, мемлекеттік және жеке жоғары оқу орындарының негізінде стартап академиялар ашылуда.

Барлық жоғарыда аталған шаралар бизнесті ары қарай дамытуға себепші болады және қазақстандықтардың кәсіпкерлік бастамаларына жаңа мүмкіндіктерді ашады деп сенемін.

Барлық оқырмандарға амандық пен болашақта өркендеу тілеймін.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары,
Директорлар кеңесінің Төрағасы

Мамин А.Ұ.



«БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ

АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ және оның басқаруымен даму институттары экономиканың басым секторларына қаржылық қолдау көрсету және әлеуметтік бағыттағы міндеттерді шешу арқылы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету бағытында жұмыс істеп отыр. Осы мақсатпен Холдинг жыл сайын клиенттерді өзінің мақсатты нарығының барлық сегменттерінде қызмет көрсетумен қамтуды арттырып келеді. Осының куәсі ретінде компаниялар тобының қызметінің көрсеткіштерін атап өтуге болады:

- Ірі инфрақұрылымдық және индустриалдық жобаларға қолдау көрсету бойынша негізгі институт ретінде Қазақстанның Даму банкі 2016 жылы жобалар мен бағдарламаларды қаржыландырудың рекордтық көлемін қамтамасыз етті - 426 млрд. теңге, бұл 2015 жылдың көрсеткіштерінен 30%-ға жоғары;
- Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі 2016 жылдың қорытындысы бойынша ипотекалық несиелер беру нарығында рекордтық үлеске қол жеткізді - 67%, бір жыл ішінде 24 мыңнан астам қарыздар берілді. Салымдардың жалпы саны 800 мыңнан асты;
- Тұрғын үй құрылысы бағыты бойынша 2016 жылы 456,5 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 8 мың пәтер пайдалануға берілді;

**«ДАМУ»
КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ
ҚОРЫ, ШАҒЫН ЖӘНЕ
ОРТА БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ
КӨРСЕТУ БОЙЫНША
НЕГІЗГІ ИНСТИТУТ
РЕТІНДЕ 2016 ЖЫЛ
ІШІНДЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША
50% АСТАМ ӨСІМГЕ ҚОЛ
ЖЕТКІЗДІ.**

- KazakhExport 280 млн. АҚШ доллары сомасында 1193 экспорттық жеткізулерге қолдау көрсетті;
- Жалпы 2013 жылдан бері Холдингтің несиелер қоржыны 2,8 есеге өсті, және 2,3 трлн.теңгеге жетті.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету бойынша негізгі институт ретінде 2016 жыл ішінде операциялық көрсеткіштер бойынша 50% астам өсімге қол жеткізді. Бір жыл ішінде қаржыландырылған жобалардың саны 13 мың бірліктен асты, несиелер сомасы 740 млрд. теңгеден астам құрады. Нарықпен салыстырғанда экономиканың басым секторларында несиелердің 6 теңгеден 1 және өңдеу өнеркәсібінде 4 теңгеден 1 «Даму» Қорының бағдарламаларының қатысушыларына беріледі.

Бүгінгі таңда ЖІӨ төрттен бір бөлігін және жұмыс орындарының үштен бір бөлігін қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның ШОБ секторы еліміздің экономикасының елеулі бөлігінде қалыптасқанын атап өткен маңызды. Сонымен қатар Қазақстанның ШОБ субъектілерінің демографиясы 1,5 млн. астам кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерден тұрады. Біздің мақсатымыз ШОБ субъектілері үшін олардың өздерінің әлеуетін барынша аша алатындай және бүкіл елдің әл-ауқатына салымын арттыра алатындай жағдай жасау болып табылады.

Сол себепті Холдингтің өзекті Даму стратегиясының аясында «Даму» Қорының алдына кәсіпкерлерді

қаржыландырумен қамтуды арттыру, қаражаттардың қол жетімділігін көтеру, серіктес-банктер деңгейінде ШОБ үшін қызмет көрсету стандарттарын автоматтандыру және жетілдіру бойынша өршіл міндеттер қойылады. 2017 жылы «Даму» Қоры микронесие беру және кепілдік беру бойынша Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының операторы ретінде жұмысын бастайды. Халықаралық қаржы ұйымдары мен жергілікті атқару органдарының тарапынан ШОБ бағдарламаларына қаражаттарды жаңадан тартулар күтілуде. Алматы қаласында және Алматы облысында 2016 жылы сынақтан өткізілген несиелер өтінімдерін жедел қарастыру технологиясы басқа аймақтарда қолданылатын болады. «DigitalDamu» бизнесті қолдаудың электронды супермаркетін автоматтандыру клиенттер үшін қызметтердің оңтайлы жиынтығын іріктеп алуға және оларды «бір терезеден» алуға мүмкіндік береді.

Біз ойға алған бастамаларымызды табысты іске асыратындығымызға сенімдімін. Барлық әріптестерге, серіктестер мен клиенттерге табыс пен жемісті еңбек тілеймін!

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасы

Досаев Е.А.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ

АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті ханымдар мен мырзалар!



Сіз қолыңызда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2016 жылға арналған жылдық есебін ұстап отырсыз. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бүкіл командасы үшін өткен жыл өнімді және мазмұнды жыл болды. Біз, акционер – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бірге өнімдер желісін кеңейте, несиелер бойынша мөлшерлемелерді төмендетте, қызметімізді аймақтарда жобаларды қаржыландыруға тоғыстыра және халықаралық қаржы ұйымдарынан қаражаттарды тарта алдық. 2016 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлердің ауқымды бөлігін қамту үшін жаңа бағдарламаларды ендіре алды.

«Даму-Блиц» жаңа технологиясы екінші деңгейдегі банктерді өтінімдерді қарастырудың бірыңғай стандарттарын ендіру есебінен микро және шағын бизнес үшін несиелер бойынша шешімдерді қабылдау мерзімін 45 күннен 7 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді. 2016 жылы 1 064 млн. теңге жалпы сомада 78 жобалар бекітілді.

2016 жылы egov.kz. порталы арқылы көрсетілетін шағын және орта бизнесті қаржылық қолдау бойынша алғашқы мемлекеттік қызмет – кепілдік мүлкінің жетіспеуі кезінде несиелерге кепілдік алу процесі іске қосылды. Кәсіпкердің өтінімін қарастыру онлайн режимде 5 күнді құрайды. Аталған қызмет процестің айқындылығын арттырады. Бүгінгі күнге 46 өтінім мақұлданған.

2016 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ облыстардың Әкімдіктерімен бірлесіп 20,7 млрд. теңгені аймақтық кәсіпкерлерді қаржыландыруға жұмсады, олардың ішінде 9,3 млрд.теңге - облыстық Әкімдіктердің қаражаттары. Ауылдар мен шалғай аудандардан кәсіпкерлерге басымдылық берілді. Бұл ретте, кәсіпкерлер үшін сыйақы мөлшерлемесі 8,5% жоғары емес құрады. Мысалы, 2014-2015 жылдары соңғы қарыз алу үшін мөлшерлеме 14% құраған.

2016 ЖЫЛЫ «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ АУҚЫМДЫ БӨЛІГІН ҚАМТУ ҮШІН ЖАҢА БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЕНДІРЕ АЛДЫ.

Даму-Оптима жаңа кепілдік беру бағдарламасы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаумен дамытудың бірыңғай бағдарламасының мақсатты тобына кірмейтін кәсіпкерлерге кепілзаттың жетімсіздігі кезінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кепілдігін пайдалана отырып, банктен несие алу мүмкіндігін береді. Ол сауда, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру секілді бизнестің салалары үшін қол жетімді болды. 2016 жылы 28 жоба 567 млн. теңге жалпы несие сомасында және 172 млн. теңге мөлшерде жалпы кепілдік сомасында қаржыландыруды алды.

2016 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жаңа бағдарлама – кәсіпкерге дайын бизнес шешімді алуға мүмкіндік беретін франшизаларды қаржыландыру бағдарламасы әзірленді. Франшизалар кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, білім беру секілді салаларда ашылған – бұл шамамен 12 жоба.

Факторинг құралын пайдаланумен жаңа бағдарлама кәсіпкерге, алдыңғы тапсырыс үшін оған ақы төленді ме, жоқ па, оған тәуелсіз, тұрақты айналым қаражаттарына ие болуға мүмкіндік береді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қаражаттарды «Альфа Банк» АҚ орналастырды – 250 млн. теңге.

2016 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Халықаралық Қаржы Ұйымдарынан (ХҚҰ) жеңілдікті қаражаттарды тартуды жалғастырды. Біздің бұрынғы серіктесіміз – Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі

2016 жылы Қазақстанның әйелдер бизнесін, микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін 22,3 млрд.теңге бөлді.

2016 жылдың қараша айында Парижде Еуропалық Инвестициялық Банк және «Даму»кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, 200 млн. евро сомасына Келісімге қол қойды. Еуропалық Инвестициялық Банктің (ЕИБ) несие желісі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на Жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы Холдингі» АҚ кепілдігімен бөлінеді. ЕИБ қаражаттары «жасыл жобалар» деп аталатын жобаларға бағытталатын болады: климаттың өзгеру салдарын жұмсартуға, электр энергиясын оңтайлы тұтынуға, энергия тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаны қорғауға және т.б. себін тигізетін жобалар.

Өз атымнан «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ командасына жемісті еңбектері үшін алғысымды білдіргім және еңбекте табыс тілегім келеді.

Басқарма Төрағасы

Тілеушин К.А.

2016 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАРЫ

10

1 Қаражаттарды шартты орналастыру арқылы Қордың 3 жобалық өнімі іске қосылды: Даму-Франчайзинг, Даму-Факторинг, Даму-Микро (микроқаржы ұйымдары арқылы микронесиелеу).

2 9,3 млрд. теңге жалпы сомада Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (ШОКС) аймақтық қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру үшін 16 Әкімдіктерден (с.і. Риддер қ.) бюджет қаражаттары тартылды.

3 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаттарының есебінен 19 ЕДБ қаржыландырылған жобалардың мониторингі бойынша агенттік қызметтерді жүзеге асыруға Агенттік келісімдерге қол қойылды.

9.3

млрд теңге

жалпы сомада Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (ШОКС) аймақтық қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру үшін

16 Әкімдіктерден


бюджет қаражаттары тартылды

4 2016 жылы 11 шілдеде «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасы бекітілді, бұл бағдарлама «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында басым болып табылмайтын немесе оның критерийлерін қанағаттандырмайтын экономика салаларында кәсіпкерлердің банктік қаржыландыруға қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатымен әзірленген. Қазіргі уақытқа «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасы бойынша 13 екінші деңгейдегі банктермен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды («Bank RBK» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Банк Kassa Nova» АҚ, «AsiaCredit Bank» АҚ, «Тенгри Банк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ, «ForteBank» АҚ, «Альфа - Банк» АҚ ЕБ және «Delta Bank» АҚ). 01.01.2017 жылғы жағдай бойынша Қордың Уәкілетті органымен Бағдарлама бойынша 63 жоба мақұлданды.

5 2016 жылы тамыз айында Қормен 2011 жылы алынған 22,2 млрд. теңге мөлшерінде АДБ қарызының 1 траншының сомасын өтеу жүзеге асырылды.

6 Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен Қордың кепілдігімен қазақстандық қаржы институттары арқылы ШОБ қолдау көрсетуге 22,3 млрд. теңге жалпы сомасында қаражаттар бөлінді.

7 2016 жылы қараша айында жасыл жобаларды қаржыландыру үшін 200 млн. еуродан көп емес сомада қаражаттарды тартуға Еуропалық Инвестициялық Банкпен Қарыз туралы келісімге қол қойылды.



8 2016 жылы маусым айында Standart&Poors Халықаралық рейтинг Агенттігі Қордың несиелер рейтингін суверенді - BBB-/A-3 деңгейінде растады, болжам теріс.

9 2016 жылы «Даму-блиц» несиелер беру технологиясы іске қосылды. Осы кезең ішінде екінші деңгейдегі банктермен («Астана Банкі» АҚ, «Альфа-Банк» АҚ, «Банк KassaNova» АҚ) 1 179 млн. теңге жалпы сомасында 82 жоба қарастырылды.

10 Қор үшін 2016 жылғы ауқымды іс-шара жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелеріне кепілдік беру құралы бойынша кәсіпкерлердің өтінімдерін қарастырудың бизнес-процесін автоматтандыру болды.

11 2016 жылдан бастап жеке кәсіпкерлік субъектілері (ЖКС) 180 миллион теңгеге дейін несиелер бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелеріне кепілдік беру құралы бойынша www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Қорға өтінімдерді бере алады.

12 2016 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Аталған Бағдарлама бойынша Қор қаржы агенті ретінде таңдалған.

13 2016 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарлама аясында Қор жеке құрылыс салушылардың несиелерін субсидиялау бойынша қаржы агентінің қызметін жүзеге асыратын болады.

14 Қордың Басқармасымен 2016 жылдың желтоқсан айында Экологиялық саясат жобасы алдын ала мақұлданды.

11

15 Қаражаттарды екінші деңгейдегі банктерде және басқа заңды тұлғаларға шартты орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету бойынша Қордың Сәйкестендірілген бағдарламасы бекітілді.

16 Қордың қолдау көрсету бағдарламалары бойынша екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) және жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) жұмыстарының рейтингін анықтау әдістемесі бекітілді.

17 2016 жылдан бастап «2015-2018 жылдарға кәсіпкерлік құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасы» іске қосылды және жүзеге асырылуда, бұл бағдарлама аясында жаңа бастаған және де әрекет етуші бизнеске қаржылай емес қолдау көрсетіледі. Бағдарламаға келесі жаңа жобалар кіргізілген: «Startup Академия» және «Асылдар» әрекет етуші бизнеске қолдау көрсету». Павлодар, Атырау, Астана және Алматы қалаларында 4 Startup Академиялар ұйымдастырылды, олар стартаптарға акселерациялық қолдау көрсетуге бағытталған.

18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының кеңесшілерінің жұмыстары қайта форматталды. ЖКС жобаларын ЕДБ немесе қаржы ұйымдарына дейін сүйемелдеу бойынша «қаржы агенттері» енгізілді. 2016 жыл ішінде 346 жоба сүйемелдеуді алды.

19 Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) V бизнес-форумы өткізілді, оған 314 адам, оның ішінде 24 мүше-елдердің және АӨСШК бақылаушы-елдерінің өкілдері қатысты. Форум аясында әйелдер кәсіпкерлігі форумы, инвесторлар форумы, микроқаржыландыру, франчайзинг және «жасыл» экономика мәселелері бойынша конференция, АӨСШК Іскерлік кеңесінің екінші отырысы, сондай-ақ «KazFranch 2016» көрмесі өткізілді.

20 «Қазақстанда жасалған» көрме-форумы өткізілді, оған 307 компаниялар қатысты, көрмеге 5 400 адам келді. Көрме-форум аясында бизнесті дамыту және сатуларды арттыру бойынша 4 тегін шеберлік-сабақтары өткізілді.

21 «Жас кәсіпкерлер клубы» ЖШС (МОСТ), «Инновациялық Технологиялар паркі» Автономдық Кластерлік Қорымен (Techgarden), «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ Меморандумдарға қол қойылды.


Қор үшін 2016 жылғы ауқымды іс-шара жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелеріне кепілдік беру құралы бойынша кәсіпкерлердің өтінімдерін қарастырудың бизнес-процесін автоматтандыру болды.

ҚЫЗМЕТТІҢ КОРПОРАТИВТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ


№	ҚКК атауы	Өлш. бірл.	2014	2015	2016 жыл		Жоспардың орынд.%
			Дерек		Жоспар	Дерек	
1	Қаржы бағдарламалары бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттар көлемі, млрд. теңге	млрд теңге	439,4	523,7	451	606,0	134%
2	Құрылған жұмыс орындарының саны, дана	адам	24 836	25 900	25 780	26 061	101%
3	Нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санындағы қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің үлесі	%	7,5%	6,4%	4,1%	5,3%	130%
4	Оқыту бойынша бағдарламаларға қатысушылардың саны, адам	адам	24 557	27 916	4 780	5 988	125%
5	Қашықтан көрсетілетін қызметтерді алған клиенттердің саны, адам	адам	38 251	59 705	54 750	54 765	100%

ПАЙДАЛЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ


ROA, активтердің пайдалылығы



ROE, капиталдың пайдалылығы



Баланс көрсеткіштері (млн. теңгемен)



1 ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) – ұлттық даму институты, мемлекет активтерін басқару бойынша оператор. Негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасында ШОБС қалыптасуын және экономикалық дамуын ынталандыру, мемлекеттің ШОБ қолдауға бағытталған қаржылық құралдарды қолдану тиімділігін арттыру.

Қор кәсіпкерлерге арналған өнімдер мен қызметтердің ауқымды спектрін ұсынады: екінші деңгейдегі банктер арқылы несие беру бағдарламалары, лизингтік мәмілелерді қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, бизнес негіздеріне оқыту, консультациялық қолдау, ақпараттық-аналитикалық материалдарды тарату.



ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ҚОРДЫҢ БИЗНЕС-ҮЛГІСІ

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

ҚОРДЫҢ ТАРИХЫ



247,3 млрд.тг. несиелердің жалпы сомасында 10 145 қарыз алушылар қаржыландырылды

331,8 млрд.тг. несиелердің жалпы сомасында субсидиялау бойынша 2 121 жобаға қол қойылды

26,9 млрд.тг. несиелердің жалпы сомасында кепілдік беру бойынша 951 жобаға қол қойылды.

КҚО және КҚМО 90 923 клиент кеңес алды

ҚОРДЫҢ ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ


Қордың жарғылық капиталға қатысу үлесі бар, бірақ осы компаниялардың қызметіне елеулі әсер ете алмайтын компаниялар тізімі:

№	Атауы	Жарғылық капитал, млн. теңге	Қатысу үлесі	Қызметтің негізгі түрі
1	«АДАЛ-INVEST» МКҰ» ЖШС	7	28,5%	микронесие беру
2	«Эконом»МКҰ» ЖШС	12	16,6%	микронесие беру
3	«Вест Финанс» МКҰ» ЖШС	5,06	39,5%	микронесие беру
4	«Жайнар» МКҰ» ЖШС	5,5	36,4%	микронесие беру

Қазіргі уақытта Қордың МКҰ үлестерін өткізу бойынша ақпараттық-есептеу орталығымен өткізілген аукциондарды сатып алушылардың болмауы себебінен

жүзеге асырылмаған ретінде танумен байланысты Қор бар МКҰ таратуды жүргізуде. 2017 жылы аталған МКҰ таратуды аяқтау жоспарланған.

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ



Қор Қазақстанның барлық аумақтарында ұсынылған. Аймақтық желіні барлық облыс орталықтарындағы, сонымен қатар Астана және Алматы қалаларындағы 16 филиал құрайды. Сонымен қатар, кәсіпкерлерді қолдау инфрақұрылымы 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарымен, 14 мобильді Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарымен ұсынылған. Оқыту және кеңес беру бағдарламалары шеңберінде Қор Қазақстанның барлық 204 қалалары мен аудандарындағы аудиторияны қамтуды қамтамасыз етеді.

сету орталықтарымен, 14 мобильді Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарымен ұсынылған. Оқыту және кеңес беру бағдарламалары шеңберінде Қор Қазақстанның барлық 204 қалалары мен аудандарындағы аудиторияны қамтуды қамтамасыз етеді.

ҚОРДЫҢ ТАРИХЫ

1997

Қорды құру (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысы)¹

1997–2001

Отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларының бағдарламасы бойынша мемлекет бюджетінің қаражаттарын, сонымен қатар Еуропа Қайта құру және даму банкінің және Азия Даму банкінің кредиттік желілері бойынша қаражаттарын есепке алу және қолданылуын бақылау агенті функцияларын жүзеге асыру.

2002–2007

Шағын бизнеске жеке қаражаты есебінен несие беру. Қор «Республика бюджеті қаражатынан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру бағдарламасын» және «2004-2006 жылдарда шағын қалаларды дамыту бағдарламасын» іске асырды.

2005–2007

Жобалық қаржыландыру және лизинг бағдарламаларын, Қазақстанда микронесие беру жүйесін дамыту бағдарламаларын, екінші деңгейдегі банктерден алынатын ШК субъектілерінің несиелерін кепілдендіру бағдарламаларын іске асыру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыру.

2007

– қазіргі уақытқа дейін

Қаражаттарды шартты орналастыру бойынша оператор функциясын жүзеге асыру.

2010

– қазіргі уақытқа дейін

Қор кәсіпкерлердің несиелері / лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың және кәсіпкерлердің банк/лизингтік компаниялар алдындағы несиелерін кепілдендірудің қаржылық агенті болып табылады, сонымен қатар «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оқыту және кеңес беру бағдарламалары операторының функцияларын орындайды.

2011-2015

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, АДБ және Қордың арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігімен үш траншпен 500 млн. АҚШ доллары сомасында Қормен несие желісін тарту туралы Шектелмелі келісім жасалды.

2013

– қазіргі уақытқа дейін

Жалғыз акционер – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.

2014

ЕҚҚДБ Қазақстанда микро, шағын және орта бизнесті дамыту бойынша ЕҚҚДБ бағдарламасын іске асыру үшін 200 млн. АҚШ долларын, сондай-ақ «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын іске асыру үшін 30 млн. АҚШ долларын бөлді. Қор ЕҚҚДБ бөлінген қарыз бойынша ЕҚҚДБ алдындағы ЕДБ міндеттемелерін орындау үшін өзінің толық кепілдігін ұсынды.

2016

– қазіргі уақытқа дейін

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2015-2018 жылдарға кәсіпкерлік құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасы» іске қосылды және жүзеге асырылуда, бұл бағдарлама аясында жаңа бастаған және де әрекет етуші бизнеске қаржылай емес қолдау көрсетіледі.

2016

– қазіргі уақытқа дейін

Қор ҚРҰБ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаттарының есебінен ШОКС қаржыландыру шарттарын ЕДБ сақтау мониторингін жүргізу бойынша агенттік қызметтерді жүзеге асырады.

2016

– қазіргі уақытқа дейін

Қор ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 Қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша Қаржы агенті ретінде таңдалды.

¹ Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры».



ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ, КӨРІНІСІ

2023 жылға дейінгі ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2 ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ, КӨРІНІСІ

ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ

Қордың миссиясы - құзыретті дамыту бойынша қаржы құралдары мен бағдарламалардың кең спектрінен тұратын кешенді қолдау арқылы Қазақстанның ШОБ сапалы дамуына көмектесу.

ҚОРДЫҢ КӨРІНІСІ

2023 жылға Қордың көрінісі - ШОБ қолдау және дамыту бойынша мемлекет саясатын іске асырушы тиімді ұлттық институт.

2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Өз миссиясын және көрінісін іске асыру мақсатында Қор келесі дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша жұмыс жүргізеді:

№	Стратегиялық бағыттары	Стратегиялық мақсаттары	Стратегиялық міндеттері	Қызметінің ҚКК					
				ҚКК атауы	2016 жыл		Орынд.%	2018 жыл	2023 жыл
					жоспар	дерек		жоспар	жоспар
1.	ШОБ субъектілеріне қаржылық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету	ШОБ арналған несиелік ресурстардың қолжетімділігін арттыру	1.1. ШОБ қаржылық қолдау көлемін ұлғайту	Несие қоржыны	258 млрд теңге	205 млрд теңге	79%	391 млрд теңге	2014 ж. 206 млрд. теңгеден 2023 ж. 869 млрд. теңгеге дейін
				Нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санындағы қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің үлесі	4,1%	5,3%	130%	8,6%	2023 ж 11,2% дейін
				Қаржылық бағдарламалар бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражат көлемі	451 млрд теңге	606 млрд теңге	134%	507 млрд теңге	2014 ж. 328 млрд. теңгеден 2023 ж. 583 млрд. теңгеге дейін
			1.2. Қаржы институттарымен бірлесіп серіктестік бағыттарын және ШОБ қаржыландыру/ қосалқы қаржыландыру механизмдерін кеңейту	Шартты қаржыландыру бағдарламасымен берілген несиелер бойынша ЕДБ та-рабынан ШОБ субъектілерін қосалқы қаржыландыру мультипликаторы	-	-		1:1	2023 жылы 1:2
			1.3. ШОБ қаржыландыру көлемін ұлғайту үшін ішкі және сыртқы нарықтарында қосымша қорландыруды тарту	Бюджеттен тыс негіздерден ШОБ субъектілерін қаржыландыруға қаражат тарту үлесі	49%	71%	145%	36%	2023 жылы 20% дан 40% дейін
2.	ШОБ субъектілерінің құзыретін дамыту	ШОБ субъектілерінің кәсіпқойлығын арттыру және халықты кәсіпкерлікке тарту	2.1. Кәсіпкерлер үшін кеңес беру қызметтерінің инфрақұрылымын дамыту	Кәсіпкерлер құзыреті орталықтарының клиенттерінің саны	70 070 адам	90 923 адам	130%	106 860 адам	2014 ж. 33,2 мың ШОБ субъектілерінен 2023 ж. 188 мың ШОБ субъектілеріне дейін
			2.2. Кәсіпкерлерді оқыту және құзыретін арттыру	Оқыту бағдарламаларына қатысушылар саны	4 780 адам	5 988 адам	125%	24 000 адам	2014 ж. 22,5 мың адамнан 2023 жылы 25,5 мың адамға дейін
				Бизнес ашқан оқыту бағдарламасына қатысушылардың үлесі	12,0%	12,0%	100%	15,0%	2014ж. 10% дан 2023 ж. 25% дейін
				Кәсіпкерлердің жүргізілген оқытуға қанағаттану дәрежесі	80%	94,6%	118%	80% кем емес	2014 ж. кемінде 80% бастап 2023 ж. 85% дейін
2.3. ШОБ арналған бірыңғай ақпараттық алаңдарды енгізу және қашықтықтағы консалтингтің басқа да нысандарын дамыту	Қашықтықтан басқарылатын қызметтер алған клиенттер саны	54 750 адам	54 765 адам	100%	73 000 адам	36,5 мың адамнан 2023 ж. 146 мың адамға дейін			

КАНАДА



ШОБ дамытудың негізгі операторы
BDC
Федералдық бизнесті дамыту банкі

Құрылған жылы
1944

Doing Business позициялары

22



ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі

30%



ШОБ қарыздар үлесі

13,43%

ШОБ саны

1 241 728



% мөлшерлеме

5,1%



3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ТАЛДАУ. ДАМУ КЕЛЕШЕГІ



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ТАЛДАУ. ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

2017 ЖЫЛҒА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

ҚАЗАҚСТАНДА ШОК ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ


2

016 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілерінің санының 2,2%-ға 1 500 мың бірлікке дейін өсуі байқалады. Бұл ретте олардың еліміздегі шаруашылық субъектілерінің жалпы санындағы үлесі 2015 жылғы деңгейде – 96,1% сақталып отыр. Салалық тұрғыдан 2016 жылы қызмет көрсету, құрылыс, білім беру және өңдеу өнеркәсібі салаларында ең жоғарғы өсу байқалады. ШОК тіркелген субъектілерінің санының азаюы сауда, ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау салаларында байқалды.

Әрекет етуші кәсіпкерлердің саны 4,6% қысқарды.


Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері бойынша 2016 жылдың соңына жұмыспен қамтылған халық 8 510 мың адамды құрайды. Бұл ретте 2017 ж. 01 қаңтарына ШОК айналысатындардың саны – 3 075 мың адам (барлық жұмыспен қамтылғандардың 35,9%). Өткен жылмен салыстырғанда ШОК жұмыспен қамтылғандардың саны 3,4% қысқарды.

ҚР тіркелген ШОК субъектілерінің санының динамикасы



■ ШОК тіркелген субъектілері, мың бірлік
 ■ Шар. субъектілерінің жалпы санындағы ШОК субъектілерінің үлесі, %

ҚР Жұмыспен қамтылған халық санының динамикасы



■ Экономикада жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам
 ■ ШОК жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам
 ■ ШОК жұмыспен қамтылған халық үлесі, % (оң жоқ ось)


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz). * шұғыл деректер

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz).

Соңғы бес жыл ішінде Қазақстандағы ЖІӨ нақты көріністе өсуін көрсетті. 2016 жылы Қазақстанның ЖІӨ 1,0% өсті және 46 193 млрд.теңгені құрады. Тауарларды өндіру ЖІӨ 36,0% құрайды (олардың ішінде 25,5% – бұл өнеркәсіптік өндіріс), қызметтерді көрсету – 57,9%, өнімдерге салынатын салықтар – 6,1%).

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша ШОК өнімдері 2016 жылы 16 857 млрд.теңгені құрады. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш (салыстырылған бағада) 5,8%-ға өсті. 2016 жылы ШОК өнімдері көлемінің 64,1% шағын кәсіпорындар шығарған, 20,7% – орта кәсіпорындар және тағы 15,2% - жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары. ШОК ЖІӨ-ге жаппай қосылған құнның үлесі 2016 жылы 23,1% бағаланады.

ҚР ЖІӨ және ШОК өнімдерін шығару динамикасы



■ ЖІӨ, млрд. теңге
■ ШОК өнімдер шығаруы, млрд. теңге
■ ЖІӨ-гі ШОК ЖҚҚ үлесі, % (оң жақ ось)


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz).

КӘСІПКЕРЛІКТІ НЕСИЕЛЕНДІРУ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ҚОРДЫҢ НЕСИЕЛЕНДІРУДЕГІ ҮЛЕСІ

2016 жылы банктердің несиелендіру көлемі 9,9 трлн. теңгеге дейін 5,2%-ға ұлғайды. Жалпы алғанда кәсіпкерлік мақсатына берілетін несиелер мөлшерінің ұлғаюуы 5,2% құрады. Шағын кәсіпкерлікті несиелендіру бір жылда 55,1%-ға ұлғайып, 1,9 трлн. теңгеден асты.

Банктік несиелендірудің жалпы өсімінің себептерінің бірі екінші деңгейдегі банктердегі теңгенің өтімділігінің, атап айтқанда, сыйақы мөлшерлемесінің артуымен байланысты депозиттердің өсуі болып табылады.

Экономиканы және шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің жыл сайынғы көлемдері



■ Экономикаға берілген несиелер, млрд. теңге
■ Кәсіпкерлік мақсатында берілген несиелер, млрд. теңге
■ Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер, млрд. теңге
■ Кәсіпкерлік мақсаттағы несиелер үлесі, % (оң жақ ось)
■ Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер үлесі, % (оң жақ ось)

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz).

2016 жылы Қормен ЕДБ-ге қаражатты шартты орналастыру, кәсіпкерлердің несиелерінің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламаларының іске асырылуы жалғастырылды. Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ШОК жеңілдікті несиелендірудің көлемін ұлғайту мақсатына 2014-2015 жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан 200 млрд. теңгені құрайтын үш транш бөлінді. 2016 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан 50 млрд.теңге мөлшерінде үшінші транш қаражатты игеру жүргізілді. Нәтижесінде, 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша (іске асыру басталғаннан бастап) үш транштың қаражаттарының есебінен 327,7 млрд.теңге жалпы сомасында 1 610 жоба қаржыландырылды, олардың ішінде 2016 жылы - 98,9 млрд.теңге сомасында 622 жоба.

Сонымен қатар, Қор халықаралық қаржы ұйымдарының және жергілікті атқару органдарының (Әкімдіктер) қаражаттарын белсенді тартуды жалғастырып келеді:

1) Еуропалық қайта құру және даму банкінің 22,3 млрд.теңге мөлшерінде қаражаттары тартылды:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ; әйелдерге қолдау көрсетуге қарыздың 2-ші траншы 1,86 млрд.теңге мөлшерінде (ШОКС қарыз қаражатының есебінен 2,2 млрд.теңге берілген), ШОБ қолдауға қарыздың 2-ші траншы 6,75 млрд. теңге мөлшерінде (ШОКС қарыз қаражатының есебінен 11,4 млрд.теңге берілген);
- КМФ МҚҰ ЖШС: әйелдерге қолдау көрсетуге қарыздың 1-ші траншы 3,8 млрд.теңге мөлшерінде (ШОКС қарыз қаражатының есебінен 3,5 млрд.теңге берілген);
- "Forte Bank" АҚ; ШОБ қолдауға қарыздың 1-ші траншы 8,3 млрд.теңге мөлшерінде, әйелдерге қолдау көрсетуге қарыздың 1-ші траншы 1,6 млрд.теңге мөлшерінде (ШОКС қарыз қаражатының есебінен 0,01 млрд.теңге берілген).

Нәтижесінде 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының (ЕҚҚДБ және АДБ) қаражаттарының есебінен 210,6 млрд.теңге жалпы сомасында 9 711 жоба, оның ішінде 2016 жылы - 96,1 млрд.теңге сомасында 8 068 жоба қаржыландырылған;

2) Қор мен Әкімдіктердің бірлескен жұмысының нәтижесінде нүктелік аймақтық бағдарлама аясында кәсіпкерлерді жылдық 8,5% дейін мөлшерлеменен қаржыландыру үшін 9,3 млрд.теңге жалпы сомасында бюджеттік қаражаттар тартылды. Қордың тарапынан ортақ қаржыландыру 11,4 млрд.теңге құрайды, бағдарлама қаражаттарының

жалпы пулы 20,7 млрд.теңгені құрады. Аталған құралдың шеңберінде 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша барлығы 22,8 млрд.теңге жалпы сомасында 482 жоба қаржыландырылған, олардың ішінде 2016 жылы - 15,7 млрд.теңге сомасында 375 жоба.

Сонымен қатар, 2016 жылы кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау құралдарымен барынша кеңінен қамту үшін факторинг құралын пайдаланумен несиелер беру, франчайзингтік жобаларға несиелер беру және микроқаржы ұйымдары арқылы микронесиелер беру секілді бағдарламалар сынамалы түрде іске қосылды. Аталған құралдардың шеңберінде 2016 жылы Қормен ЕДБ және МҚҰ 1,5 млрд.теңге мөлшерде қаражаттар бөлінген, олардың есебінен 1,8 млрд.теңге жалпы сомасында 348 жоба қаржыландырылған (с.і. қайтарылатын қаражаттар есебінен).

Қор өз қызметінде бірқатар нысаналанған топтарды бөледі, оның ішінде кәсіпкер-әйелдер, жас кәсіпкерлер бар. ЕДБ арқылы кәсіпкер-әйелдерге микронесиелер беру, аталған құралдың шеңберінде жеңілдікті шарттарда әрекет етуші кәсіпкерлерге және де старт-ап жобаларға несиелер беріледі - 2016 жылы 1,2 млрд.теңге сомасында әйелдердің 112 жобалары қаржыландырылған.

Сонымен қатар 2016 жылы Қормен Ақтөбе облысының 29 жасқа дейін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерінің жобаларын кейінгі қаржыландыру үшін Ақтөбе облысының Әкімдігінің 100 млн. теңге сомасында бюджеттік қаражаттары «Ақтөбе-ЖасСтарт» екінші деңгей банктері арқылы тартылды (қаражаттардың жалпы пулы 200 млн.теңгені құрады). Қарыз шеңберінде 197 млн.теңге сомасында 17 жоба мақұлданды, оның ішінде 182 млн.теңге сомасында 15 жоба қаржыландырылды.


2016 жылы Қор Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттарынан ШОК қолдауға 165,9 млрд. теңге жалпы сомада ЕДБ бөлінген ресурстардың мониторингі бойынша агенті ретінде анықталған.

Жалпы, Қордың бағдарламаларына қатыса отырып, өткен жыл ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілері 606 млрд.теңге сомасында несиелер алған. Кәсіпкерлік мақсатына берілетін банк несиелерінің жалпы сомасындағы Қордың бағдарламаларының қатысушыларына берілген несиелердің үлесі 8% құрады. Төмен үлестің туындауы Қор бағдарламалары бойынша несиелендіру экономиканың басым секторларымен шектелуімен және оларға екінші деңгейдегі банктердің несиелерінің шамамен 50% құрайтын сауда және құрылыс салалары кірмеумен байланысты.

Қор салымдарын қарастыру кезінде экономиканың басым секторларын қаржыландыруға назар сала отырып, 16,4% дейін жоғарылау байқалады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 1,3 тармаққа жоғары.

Қор салымдарын қарастыру кезінде экономиканың басым секторларын қаржыландыруға назар сала отырып, 16,4% дейін жоғарылау байқалады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 1,3 тармаққа жоғары.

Экономиканың басым бағыттарындағы жобаларға несиелер беру динамикасы




- Экономиканың басым секторларында ЕДБ берілген несиелер, млрд. теңге
- Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд. теңге
- Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі, % (оң жақ ось)

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

Қордың өңдеу өнеркәсібіндегі несиелердің үлесі 2015 жылғы 16% дан 2016 жылы 21% дейін өсті.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға несиелер беру динамикасы



- Өңдеу өнеркәсібіне ЕДБ берген несиелер, млрд. теңге
- Өңдеу өнеркәсібіне «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд. теңге
- Өңдеу өнеркәсібіне «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі, % (оң жақ ось)

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

ЕДБ қарыз алушыларының құрылымында Қор бағдарламалары бойынша қаржыландырылған клиенттерінің саны бойынша үлесі 13% құрады.

ШОК ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК БАСТАМАСЫ БАР ТҰЛҒАЛАРДЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚОЛДАУМЕН ҚАМТУ.

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2016 жылы Қор кәсіпкерлерді оқыту және консультациялық қолдау бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмысын жалғастырды.

«Жаңа бизнесті ашуға қолдау көрсету» жобасының шеңберінде 1562 адам оқытылды, 270 ЖКС құрылды, 39 өтінім қаржылық қолдау бойынша мақұлдауды алды.

«Студент жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау» жобасының шеңберінде 2016 жылдың ішінде 18 аймақта 1687 адам оқудан өтті, 371 жоба қолдау көрсетілді, 77 ЖКС құрылды.

2016 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» стипендиаттарының қауымдастығымен бірлесіп іске асырылатын «Start-up Bolashak» конкурсы» жастардың старт-ап-жобаларын қолдау бойынша жобалардың шеңберінде 2 752 өтінім берілген, олардың ішінде 26 өтінім іріктеліп алынды, олардың авторлары оқудан өтті. Конкурстың 12 үздік жеңімпаздары Қордың КҚО негізінде кеңес беру-тәжірибелік сүйемелдеуді алды және «Бизнес-идеялар марафоны» конкурсына бизнес-жоспарларын дайындады.

«Бизнес-идеялар марафонының» нәтижесінде 33 млн. теңге жалпы сомасында 6 грант берілді.

Сондай-ақ, 2016 жылы Қашықтан оқыту іске қосылды, оның шеңберінде 817 адам оқудан өтті.

Есептік кезеңнің соңында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде іске асырылатын «ШОК топ-менеджментін оқыту» жобасы шеңберінде тыңдармандар саны 2 104 кәсіпкерді құрады, соның ішінде 2016 жылы 421 адам оқытылды.

2016 жылы 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарына 78,6 мың клиент жүгінді, оларға 115,9 мыңнан астам кеңес берілді. Аудандар деңгейінде 14 облыста Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтары жұмыс істейді. Осы орталықтарға 12,3 мыңға жуық клиент жүгінді, оларға шамамен 15,3 мың кеңес берілді.

Жобалардың жеке қатары мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Қордың Директорлар кеңесінің 2015 ж. 30 қазандағы шешімімен бекітілген, №65 хаттама, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2015-2018 жылдарға кәсіпкерліктің құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде «Мүгедектігі бар әйелдердің кәсіпкерлік іскерліктерін дамыту» Жобасы іске асырылады. Аталған Жобаның аясында мүгедектігі бар әйелдер кәсібі оқудан және жұмысқа шығуға психологиялық дайындықтан өтеді, сондай-ақ тағылымдамадан өту, жұмысқа орналастыру кезінде сүйемелдеу мен қолдауды алу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, Жоба жұмыс берушілерге мүгедектігі бар жұмыскерлерді жалдау кезінде тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді, оларға кеңес және практикалық ақпаратты береді.

2016 жылы Жоба аясында 231 мүгедектігі бар әйел оқудан өтті, олардың ішінде 90 әйел кәсібі оқудан (тағылымдамадан) өтті. 2016 жылы қазан айында Жоба аясында жаттықтырушылар үшін үш күндік тренингтер өткізілді. 2016 жылы желтоқсан айында мүгедектігі бар әйелдермен «Айтуға оңай» ток-шоу жазылды, сондай-ақ Астанада «Жұмыспен қамту, кәсіпкерлік және табыс әкелетін қызметтің басқа нысандары үшін әлеуметтік осал әйелдердің мүмкіндіктерін ілгерілетуге жәрдем беру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

2017 ЖЫЛҒА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҒ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

2017-2021 жылдары экономиканың даму қарқыны Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің болжамдары бойынша 2,1-3,1% диапазонда сақталатын болады. Оның ішінде 2017 жылы ведомствоның болжамы бойынша экономиканың өсімі 2015 және 2016 жылдардағы деңгейден асып, 2,5% құрауы тиіс.

Қазақстанның экономикасы әлемдік экономиканың өсуінің қалыпты қарқынының, сұранысты біртіндеп қалпына келтіру, сондай-ақ шикізат тауарларының төмен бағасын сақтау аясында дамитын болады. Инфрақұрылымға және халықтың тұтынуына мемлекеттік инвестициялардың өсуінің есебінен тұрақты және үдемелі экономикалық қарқын күтілетін уақытта: инвестициялардың өсімінің орташа жылдық қарқыны 3,5% шегінде күтіледі, ішкі сұраным - жылына 2,7% шегінде.

2017-2021 жылдары ақша-несие саясаты инвестициялық нарықты дамыту, банктік сектордың несиелік белсенділігін ынталандыру үшін қажетті жағдайларды құруға септігін тигізетін болады. ЕДБ несиелер берудің өсімінің орташа жылдық қарқыны келесі бес жыл ішінде 4,7% деңгейінде күтілуде, резиденттердің депозиттерінің өсу қарқыны - 7,4% деңгейінде. Экономиканы ақшаны ету шамасы орташа алғанда 42,5% шегінде болады.

Негізгі индикаторы ЖІӨ салымның өсуі болып табылатын ШОК дамуына мемлекеттің кәсіпкерлік үшін қолайлы ортаны құру және нүктелік мемлекеттік қолдау көрсету бойынша бастамалары себін тигізетін болады. Кәсіпкерлік пен іскерлік белсенділікке қолдау көрсету 2017-2019 жылдарға республикалық бюджеттің шығындарының негізгі басымдықтарының бірі ретінде анықталған. Жалпы әкімшілік тосқауылдарды және бизнеске күшсалмақ салуды төмендету бойынша жұмысты жалғастыру, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру күтілуде.

ТҮРКИЯ



ШОБ дамытудың негізгі операторы



KOSGEB

Құрылған жылы

1990

Doing Business позициялары

69



ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі

28%



ШОБ қарыздар үлесі

35,9%

ШОБ саны

2 690 546



% мөлшерлеме

7,2%



4 ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

ҚАРЖЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ МОНИТОРИНГ

ҚОРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ

ҚОРДЫҢ ЖОБАЛАУ КЕҢСЕСІ



ор ШОК бизнесін қолдау және дамыту мақсатында өз серіктестерімен бірлесіп қаржылық және қаржылай емес қолдауды жүзеге асырады, атап айтқанда кәсіпкерлерге қаржыландыруды алуға, құзыреті мен басқару дағдыларын жоғарылатуға, тегін консультациялық қолдауға, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау есебінен шығындарды азайтуға, несиелерді кепілдендіруге септігін тигізеді.

Қор қызметінің негізгі бағыттары:

1. ШОК субъектілерін қаржылық қолдаумен қамтамасыз ету;
2. ШОК субъектілерінің құзыретін дамыту.

2016 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ҚОР КЕЛЕСІ ЖАҢА ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ ҚОСТЫ

Қаржылық қолдау құралдары бойынша:

I. Қаражаттарды шартты орналастыру бойынша

- Қормен қаражаттарды шартты орналастыру жолымен 3 сынамалы өнім іске қосылды: Даму-Франчайзинг, Даму-Факторинг, Даму-Микро;
- Даму Блиц Жылдам несие беру технологиясы сынамалы режимде іске қосылды;
- ШОБ және әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру үшін 22,3 млрд.тг сомасында ЕҚҚДБ қаражаттары тартылды;

- ЕИБ 200 млн.евро теңгемен балама сомасында қаражаттарын тарту туралы Келісімге қол қойылды;
- Нүктелік аймақтық Бағдарлама іске асырылды, оның шеңберінде 16 Әкімдіктерден (с.і. Риддер қ.) 9,3 млрд. теңге жалпы сомасында бюджеттік қаражаттары тартылды;
- Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 Қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының аясында Қаржы агенті ретінде таңдалды.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы №922 қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында Қор Қаржы агенті ретінде тағайындалды.

II. Кепілдік беру бойынша – Даму Оптима салалық шектеулерсіз кепілдік берудің балама бағдарламасы іске асырылды

Қаржылай емес қолдау құралдары бойынша:

- «Startup Академия» жобасы
- «Асылдар» әрекет етуші бизнесті қолдау» жобасы.

Жобалардың мониторингі бойынша қызметтерді жүзеге асыру шеңберінде Қор БЖЗҚ және ҰҚ қаражаттарын мақсатты пайдалану және игеру, сондай-ақ ЕДБ екінші қайтара игеру мониторингі бойынша қызметтерді көрсету бойынша ҚРҰБ және ҚДБ келісімге қол қойды.

ШОБ СУБЪЕКТИЛЕРІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ:

Бірінші стратегиялық бағыт шеңберінде ЕДБ, лизингтік компаниялар (бұдан әрі - ЛК), микроқаржы ұйымдары (бұдан әрі - МҚҰ) арқылы ШОБ субъектілерін қаржыландыру, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде несиелерге кепілдік беру жүзеге асырылады.

2016 жыл үшін ЕДБ, МҚҰ және ЛК қаражаттарды шартты орналастыру бағдарламалары бойынша несиелердің 247,3 млрд.теңге жалпы сомасында 10 145 қарыз алушылар қаржыландырылды.

2016 жылы Қордың кепілдігімен Еуропалық қайта құру және даму банкінің 22,3 млрд.теңге мөлшерінде қаражаттары тартылды.

2016 жылы Қор Еуропалық инвестициялық банкпен теңгемен баламада 200 млн.евродан көп емес мөлшерде қаражаттарды тартуға қарыз туралы келісім жасалды.

2016 жыл үшін сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша несиелердің 331,8 млрд.теңге жалпы сомасында (жоспардан 128%) 2121 жобаларға (жоспардан 133%) қол қойылды.

2016 жыл үшін несиелерге кепілдік беру құралы бойынша несиелердің 26,9 млрд.теңге жалпы сомасында (жоспардан 84%) 951 жобаларға (жоспардан 136%) қол қойылды.

	Дерек 2014 ж.	Дерек 2015 ж.	Жоспар 2016 ж.	Дерек 2016 ж.	Жоспардың орынд%
Қаражатты шартты орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру					
Қатысушылардың саны, бірл.	3 271	3 650	6 000	10 145*	169%
Қаржыландыру сомасы, млн. теңге	188 426	236 629	159 000	247 275**	156%
Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау					
Қатысушылардың саны, бірл.	1 814	1 595	1 600	2 121	133%
Несиелердің сомасы, млн. теңге	241 016	260 131	260 000	331 879	128%
Несиелерді кепілдендіру					
Қатысушылардың саны, бірл.	446	941	700	951	136%
Несиелердің сомасы, млн. теңге	16 097	27 029	32 000	26 903	84%

* Қордың кәсіпкер-әйелдерді микроқаржыландыру үшін (Қордың кепілдігімен) ЕҚҚДБ бағдарламасын іске асыру шеңберінде «KazMicroFinance» МҚҰ ЖШС қаржыландырылған кәсіпкерлерді ауқымды қамтумен байланысты көрсеткіштердің елеулі артуы байқалады.

** Қаражаттарды шартты орналастыру бағдарламасы бойынша қаржыландыру сомасының өсуі келесілердің есебінен байқалады:

1) ҚР ҰҚ қаражаттарынан іске асырылатын бағдарламалар бойынша револьверлік берулер есебінен ШОКС қаржыландыру көлемін арттыру.

ҚАРЖЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ

2016 ЖЫЛҒА МОНИТОРИНГ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Мониторинг атауы	Нақты тексерілген (жобалардың саны)	Ескертулердің/ Бұзушылықтардың саны	Бұзушылықтар үлесі, %
Қордың қаражаттарын шартты орналастыру бағдарламалары шеңберінде жобалардың мониторингі (17 бағдарлама)	226	5	2,2%
Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОКС қолдау бағдарламаларының шеңберінде жобалардың мониторингі (ҚР ҰҚ қаражаттары)	725	69	9,5%
Субсидияланатын жобалардың мониторингі	3 068	79	2,6%
Кепілдендірілетін жобалардың мониторингі	1 170	23	2,0%
Гранттардың мониторингі	406	41	10,1%
ЖИЫНЫ:	5 595	217	3,9%

2016 ЖЫЛ ҮШІН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Банктермен қаражаттарды мақсатты пайдаланбағаны үшін 23 жобалар бойынша 49,5 млн.теңге сомасында айыппұл төленді.

2. Банктермен басқа соңғы қарыз алушыларды қаржыландыруға қаражаттарды ары қарай бағыттаумен жеке қаражаттарына 9,6 млрд.теңге сомасында 71 жоба бойынша қаражаттар орналастырылды.

6 жоба бойынша айыппұл төленбеген:

- 5 жоба бойынша 572,4 млн. теңге сомасында – кінәрат-қуыным жұмысы жүргізілуде;
- 1 жоба бойынша 7 млн. теңге сомасында – талап ету мерзімі өтіп кеткен;

3 жоба бойынша 339,7 млн.теңге сомасында қаражаттар ауыстырылмаған - кінәрат-қуыным жұмысы жасалуда.

3. 79 жоба бойынша субсидиялау тоқтатылған.

4. 23 жобалар бойынша кепілдіктің күші жойылған.

5. 41 жоба бойынша гранттарды қайтару бойынша АҰҚ ұсыныстар жасалған.


БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ МОНИТОРИНГ

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020» БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ МЕН ДАМУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ БАҒДАРЛАМАСЫ


Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінің (бұдан әрі - Комитет) деректері бойынша 2017 жылдың 1 қаңтарына «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына қатысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің өнім шығару көлемі 8,5 трлн. теңге деңгейінде бағаланды, соның ішінде, алдын ала бағалау бойынша 2016 жыл үшін – 2,61 трлн. теңге.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және несиелерді кепілдендіру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға септігін тигізеді, бұл қазіргі экономикалық жағдайда аса өзекті. Өз кезегінде кәсіпорын қызметіндегі жетілдірулер есебінен бюджетке түсімдердің көбеюі байқалады, бағдарламаның бюджеттік әсері және оның экономикалық негізділігі жақсарады. Комитет деректері бойынша 2017 жылғы 1 қаңтарда «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының қатысушылары төлеген салықтардың жалпы сомасы 609 млрд. теңгені құрады, соның ішінде оперативті мәліметтер бойынша 2016 жылы 183 млрд. теңге.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының қатысушыларымен өнімді шығару, млрд. теңге




«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының қатысушыларымен төленген салықтар, млрд. теңге



«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының кәсіпкерлік секторын кеңінен қамтуы және ШОК субъектілері тарабынан бағдарламаға деген қызығушылықтың артуы оны іске асырудан болатын әлеуметтік әсерді бағалауға мүмкіндік береді, ол халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуден көрінеді. Осылайша, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының қатысушылары 2017 жылғы 1 қаңтарда 256,5 мыңға жуық жұмыс орнын сақтап қалды және 81,1 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды.

Құрылған және қолдау көрсетілген жұмыс орындарының саны, бірл.



■ Сақталған жұмыс орындары
■ Құрылған жұмыс орындары

* алдын ала мәліметтер бойынша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ШОК ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ (бұдан әрі – Бағдарлама)

Ағымдағы сәтте 2014 жылға арналған Бағдарламаға қатысушылардың түсімдері - 213 546 млн. теңге, 2015 жыл үшін – 417 703 млн. теңге, 2016 жыл үшін - 550 000 млн. теңге.

Бағдарлама шеңберінде қаржыландыруды алған кәсіпкерлермен 2016 жылы алдын ала бағалау бойынша 37 162 млн.теңге мөлшерінде салықтар төленген (2015 жылы 30 969 млн.теңге мөлшерінде салықтар төленген).

ЕДБ деректері бойынша Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландыруға қол жеткізген кәсіпкерлер 15,0 мың жаңа жұмыс орындарын ашты және/немесе жоспарлауда, бұл орташа есеппен бір кәсіпорында 9 жұмыс орнын құрайды.

Көрсеткіш	01.01.2014 ж.	01.01.2015 ж.	01.01.2016 ж.	01.01.2017 ж.
Тікелей қаржыландырудың несие қоржыны (НБ сомасы, %, өсімақы), млн. теңге	18 514	18 183	15 164	11 484
Проблемалы берешек үлесі, %	100%	100%	100%	100%
Провизиялар (ХҚЕС), млн. теңге	3 335	3 015	2 597	2 188
Борышкерлер саны, бірл.	1 059	959	896	752
Бір кезеңдегі ақшамен өтелгендердің барлығы (НБ, %, өсімақы), млн. теңге	510	672	840	717
Есептен шығарылған берешек (НБ сомасы), млн. теңге	-	82	-	677
Бір кезеңдегі НБ азайту, млн. теңге	- 571	- 641	- 512	- 1 487

ҚОРДЫҢ БАЛАНСЫНА ҚАБЫЛДАНҒАН МҮЛІКТІ ІСКЕ АСЫРУ:

Тікелей қаржыландыру қоржынының борышкерлер бойынша берешекті өтеу есебіне Қордың балансына қабылданған және 2017 ж. 01 қаңтардағы жағдай бойынша есептелген мүліктің жалпы саны 74 бірлікті құрайды, баланстық құны 596 млн.теңге. 2016 жылы 124 млн.теңге жалпы құнымен мүліктің 36 бірлігі іске асырылды.

БАСҚА ПРОБЛЕМАЛЫ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІ ӨНДІРІП АЛУ:

«Астана-финанс» АҚ 2016 жылы міндеттемелерді өтеу кестесінің шеңберінде қайта құрылымдау жоспарына сәйкес 318 млн.теңге мөлшерінде өтеу жүзеге асы-

ТІКЕЛЕЙ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚОРЖЫНЫ БОЙЫНША ПРОБЛЕМАЛЫ БОРЫШТЫ АЗАЙТУ

Қор жыл сайын тікелей қаржыландыру қоржынында сақталатын проблемалы борышты азайту бойынша жұмыстарды жүргізеді. Жүргізілетін жұмысқа кепілдік мүлкін соттық іске асыру, атқару өндірісі бойынша бақылау, борышқорларды төлемге қабілетсіз (банкротқа ұшыраған) ретінде тану бойынша шаралар, өндіріп алуға үмітсіз берешекті есептен шығару, Қордың балансына қабылданған кепілдік мүлкін іске асыру кіреді. 2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2017 жылдың 01 қаңтарына дейінгі кезең үшін қоржын бойынша берешек 3 680 млн. теңгеге азайтылды.

рылды. «РОСА» АҚ 2016 жылы жасалған бітімгершілік келісім аясында 104 млн.теңге мөлшерінде берешекті өтеу жүзеге асырылды.

2017 ж. 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың қоржынында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы бойынша 311 млн.теңге мөлшерінде жалпы сомада 33 орындалған кепілдіктер есептеледі. 2016 жыл үшін 16 млн.теңге мөлшерінде берешектің жалпы сомасы өндірілді. Борышкерлермен берешектерді ерікті өтеу бойынша жұмыс жүргізілуде, келісімге қол жеткізу мүмкін болмайтын жағдайда, атқару өндірісінің шеңберінде ары қарай өндіріп алу шараларын жүргізумен өндіріп алу туралы талап арыз беріледі.

Сондай-ақ атқару өндірісінің шеңберінде 8,6 млн. теңге сомасында басқа дебиторлық берешек өндірілген.

ШОБ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУЫ

Екінші стратегиялық бағытқа ШОБ субъектілерінің құзыретін көтеруге бағытталған бағдарламалар кірді, бұл бағдарламаларға кәсіпкерлердің құзыретін дамыту, кәсіпкерлердің өнімділігін арттыру және кәсіпкерлікті ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету («Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының «Кәсіпкерлікке қаржылай емес қолдау көрсету шарпалары» 4-ші бағыты), Кәсіпкерлердің құзырет орталықтары, Бизнес-портал, Call-орталық және әртүрлі ақпараттық-аналитикалық материалдарды басып шығару жатады.

Екінші бағытты іске асыру аясында 2015-2018 жылдарға Қордың кәсіпкерліктің құзыретін көтерудің бірыңғай бағдарламасы іске қосылды және жүзеге асырылуда, оған бес негізгі бағыт кіреді:

1. Жаңа бастаған бизнесті қолдау
2. Әрекет етуші бизнесті қолдау
3. Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың кәсіпкерлігін қолдау және дамыту
4. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде ШОК топ менеджментін оқыту және бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету бойынша қызметтердің мониторингі
5. Отандық кәсіпкерлікті сапалы дамыту үшін жағдай жасау.

2016 жылы жаңа жобалар әзірленді және бекітілді:

- «Startup Академия» жобасы, Стартаптың дамуына қолайлы жағдай тудыру және акселерация жасау жолымен кешенді қолдау көрсетуге бағытталған;
- «Асылдар» әрекет етуші бизнесті қолдау» жобасы, компанияның өсу әлеуетін ашу, Қормен іске асырылатын кәсіпкерлікке өзара байланысты қаржылай және қаржылай емес қолдау көрсету шараларының кешенін көрсету арқылы әрекет етуші жеке кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға себін тигізуге бағытталған.

2016 жылы оқыту бағдарламалары бойынша қатысушылардың саны – 5 988 адамды құрады.

«Оқыту бойынша бағдарламалардың қатысушыларының саны» көрсеткішінің 2013 жылы сол кезде Қор

іске асыратын «Бизнес- Кеңесші», «Бизнес-Даму» жобаларды, «Жас кәсіпкер мектебі» құралын, «ШОК-топ-менеджментін оқыту», «Іскерлік байланыстар» компоненттерін және «Аға сеньорлар» компонентін есепке ала отырып қалыптастырылғандығын есепке алу қажет. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына сәйкес «Бизнес -Кеңесші», «Бизнес-Даму», «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары 2015 жылдан бастап Кәсіпкерлердің ұлттық палатасына (бұдан былай – КҰП) берілді, ал «Іскерлік байланыстар» құралы мен «Аға сеньорлар» компоненті КҰП-на 2016 жылдан бастап беріледі. «ШОК топ-менеджментін оқыту» компоненті шеңберінде Қор қызмет көрсетулерге және кәсіпкерлерден өтініштер қабылдауға мониторинг жүргізеді, ал кәсіпкерлерді оқыту «Назарбаев Университеті» АБҰ өтеді, осылайша

Қор осы жобаның қатысушыларының санына әсер ету мүмкіндігіне ие емес. Оқыту бағдарламалары бойынша оқығандардың негізгі ағыны «Бизнес-Кеңесші» жобасына сай келді, өйткені осы жоба шеңберінде кәсіпкерлік бастамасы бар халықты және әрекет етуші кәсіпкерлерді қандай да бір шектеулерсіз оқыту қарастырылған болатын. 2013-2014 жылдардағы кезеңде «Бизнес - Кеңесші» жобасы шеңберінде жыл сайын 19 мыңға жуық адам оқыды.

2016 жылы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары мен Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтары арқылы тікелей кеңес беру шеңберінде 90 923 клиентке қызмет көрсетілді.

2016 жылы «Даму» Қорының интернет-ресурстары арқылы (business.gov.kz, damu.kz, damu-komek.kz) қашықтан 13 896 онлайн және офлайн кеңестер берілді.

Жастар кәсіпкерлігін қаржылай емес қолдау бойынша функцияларды үздіксіз жүзеге асыру мақсатында Қормен «Студент жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау» жобасы және «Start-up «Bolashak» байқауы»-жастардың старт-ап-жобаларын қолдау жобасы іске асырылды.

«Студент жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау» жобасы шеңберінде 2016 жылы 18 аймақта 1687 адам оқудан өтті, 371 жобалар сүйемелденді, 77 жеке кәсіпкерлік субъектілері құрылды.

**2016 жылы
Кәсіпкерлерге қызмет
көрсету орталықтары мен
Кәсіпкерлікті қолдаудың
мобильді орталықтары арқылы
тікелей кеңес беру
шеңберінде
90 923
клиентке қызмет
көрсетілді.**

2016 жылы «Start-up Bolashak» байқауы жастардың Старт-ап-жобаларын қолдау бойынша бірлескен жобаның шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» стипендиаттарының Қауымдастығымен бірлесіп 2 752 өтінімдер берілді, олардың ішінде 26 өтінім іріктеліп алынды, олардың авторлары оқудан өтті. Байқаудың 12 үздік финалистері Қордың КҚО базасында кеңес беру-тәжірибелік

сүйемелдеуді алды және «Бизнес-идеялар марафоны» байқауына бизнес-жобаларды дайындады. «Бизнес-идеялар марафоны» нәтижесінде 33 млн. теңге жалпы сомасында 6 грант берілді.

2015-2018 жылдарға Қордың кәсіпкерліктің құзыретін көтерудің бірыңғай бағдарламасының мақсатты көрсеткіштерін орындау 2-қосымшада берілген.

2016 жылы ақпараттық технологияларды дамытуда клиенттерге қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерін автоматтандыруға басты көңіл бөлінді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының Жобалары/ Компоненттері/ Құралдары	2014	2015	2016
«Бизнес-Кеңесші» жобасы, қатысушылардың саны	19 274	19 236	-
«Бизнес-Кеңесші-II» жобасы, қатысушылардың саны	-	3 236	-
«Жас кәсіпкер мектебі» жобасы, қатысушылардың саны	632	1 077	-
«ШОК топ-менеджментін оқыту» компоненті, қатысушылардың саны	423	420	421
«Жастардың старт-ап жобаларын қолдау бағдарламасы», қатысушылардың саны	-	381	-
«Жаңа бизнесті ашуды қолдау» жобасы, қатысушылардың саны	-	-	1562
«Студент жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету» жобасы, қатысушылардың саны	-	-	1687
StartUpBolashak байқауы, қатысушылардың саны	-	20	26
Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары (18 орталық), клиенттердің саны	60 535	58 996	78 617
Моноқалалардағы кәсіпкерлікті қолдау орталықтары (27 орталық), клиенттердің саны	14 844	-	-
Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтары (14 облыста), клиенттердің саны	9 759	12 790	12 306
Аудан орталықтары мен шағын қалаларда кәсіпкерлікті қолдау орталықтары (161 орталық), клиенттердің саны	-	42 835	-
Қашықтан оқыту, қашықтан оқытудан өткен қатысушылардың саны	-	-	817
Call-орталығы, телефон арқылы кеңес беру	14 304	38 370	36 757
«Даму» Қорының интернет-ресурстары (business.gov.kz, damu.kz, damu-komek.kz сайттарында онлайн және офлайн кеңес берулер)	23 947	14 730	13 896

ҚОРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ

2016 жылы ақпараттық технологияларды дамытуда клиенттерге қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерін автоматтандыруға басты көңіл бөлінді.

Қордың несие комитетінің отырыстары өтінімдерді қарастырудың on-line режимінде электронды форматқа ауыстырылды, бұл мемлекеттік қызметті көрсету стандартына сәйкес кепілдік беру жобалары бойынша шешім қабылдау мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ кепілдікті алуға өтінімдерді қарастырудың автоматтандырылған процесіне Қордың Даму-Оптима жаңа бағдарламасы бойынша өтінімдер қосылған.

ҚР Электронды үкімет порталы арқылы электронды форматта қызмет көрсетудің табысты тәжірибесін назарға ала отырып, ҚР Электронды үкімет порталында Қормен көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды дамыту мен тізімін кеңейту бойынша тұжырымдама әзірленді және бекітілді. Тұжырымдаманы іске асыру «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2015-2018 жылдарға ақпараттық технологияны дамыту стратегиясы бастамаларының тізімі кіргізілген.

Клиенттерге қызмет көрсету саласында – қызмет көрсетуді «бір терезеден» қағидаларына бағдарлауда заманауи беталыстарды ескере отырып, Қордың ті-

келей қатысуымен көрсетілетін кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту қызметтерінің электронды супермаркетінің тұжырымдамасы әзірленді және мақұлданды. Тұжырымдаманы іске асыру клиенттің мемлекеттік қолдау және кәсіпкерлікті дамыту қызметтерінде және де Қордың жеке бағдарламаларында нақты өнімдерге қажеттілігін жоғары дәлдікпен анықтауға, сондай-ақ болашақ кезеңдерге қызметтерге деген қажеттілікті жоспарлауға және клиент пен Қордың арасындағы коммуникация жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тұжырымдаманы іске асыру аясында екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйелерімен біріктіру ұйғарылады, бұл Қордың электронды алаңын пайдалана отырып, Қормен іске асырылатын бағдарламалардың шеңберінде бірден бірнеше екінші деңгейдегі банктерден қаржыландыру алуға өтінімдерді жіберуге мүмкіндік береді – бұл банктердің арасында клиенттер үшін бәсекелестікті көтереді. Клиент үшін өтінімдердің мәртебесі мен барлық кезеңдерде өту барысын, серіктес-банкті таңдауды, қашықтан өзара әрекет етуді және қызметтерді алу үдерісінің толық ашықтығын қадағалау мүмкіндігімен жеке кабинет қызметтері қолжетімді болады.

Субсидиялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2016 жылғы кезең ішінде МТ102 форматында субсидияларды атаулы аударуды автоматтандыру жобасына 9 ірі банк, олардың ішінде «Казкоммерцбанк» АҚ, «БанкЦентрКредит» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Цесна Банк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Эксимбанк» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «Банк «Kassa Nova» АҚ қосылды. Жоба субсидиялау бағыты бойынша «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру бойынша серіктес-банктермен өзара қарым-қатынастарды оңтайландыруға бағытталған.

Сатып алулар мен төлем күнтізбесін басқару үдерісін автоматтандыру бойынша жобалар аяқталды, сондай-ақ Қордың электронды құжат айналымы жүйесінің функциялары кеңейтілді.

ҚОРДЫҢ ЖОБАЛАУ КЕҢЕСІ

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды тиімді іске асыру және Қорда ақпараттық жүйелерді ендіру үшін Қордың Басқармасының шешімімен Қордың Кепілдендіру департаментінің құрамында Жобалау кеңсесін құру бекітілді.

Кепілдендіру департаментінің құрамында кепілдендіру құралын автоматтандыру шеңберінде Жобалау кеңсесін құру бизнес-үдерістерді автоматтандыру жүйелерінің бірыңғай архитектурасын құруға, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді жеткізушілердің, Ақпараттық технологиялар департаментінің және Қордың құрылымдық бөлімшелерінің арасындағы байланыстырып тұратын буын ретінде әрекет етуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда Қордың ақпараттық жүйесінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелеріне кепілдік беру құралы бойынша кәсіпкерлердің өтінімдерін қарастырудың бизнес-процесі автоматтандырылған.

2016 жылдан бастап жеке кәсіпкерлік субъектілері 180 миллион теңгеге дейін несиелер бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелерін кепілдендіру құралы бойынша www.egov.kz «электронды үкімет» веб-порталы арқылы Қорға өтінім бере алады.

«Даму-Оптима» кепілдендіру бағдарламасы бойынша шешім қабылдауды автоматтандыру, кепілдіктерді есепке алу бағыттары бойынша кепілдендірудің бизнес-үдерістерін автоматтандыруды дамыту мақсатында Қордың ақпараттық жүйесін жетілдіру бойынша жоба іске асырылды.

Қазіргі уақытта Кепілдендіру департаментінің Жобалау кеңсесімен келесі жобаларды ендіру бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- 1) «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде 180 миллион теңгеге дейін несиелер бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелеріне кепілдік беру» мемлекеттік қызметін және электронды үкімет веб-порталында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде несиелер бойынша сыйақы мөлшерлеменің бөлігіне субсидиялауды беру» мемлекеттік қызметін автоматтандыру бойынша;
- 2) DamuDigital шағын және орта бизнесті қолдаудың электронды супермаркетін құру бойынша;
- 3) Қордың серіктестерінен алынатын есептерді автоматтандыру бойынша;
- 4) рейтингтік үлгілерді автоматтандыру бойынша.


СИНГАПУР

ШОБ дамытудың негізгі операторы

SPRING singapore

Enabling Enterprise

SPRING Singapore



Құрылған жылы
1996

Doing Business позициялары

2



ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі

47%



ШОБ саны
216 900



ШОБ қарыздар үлесі
77%



% мөлшерлеме
2-5%



5 ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

А лға қойылған мақсаттарға, тапсырмаларға және Қордың 2014-2018 жылдары даму жоспарының қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне (бұдан былай – ҚНК) сәйкес 2016 жылы Қор келесі нәтижелерге қол жеткізді:



ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

● АКТИВТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

● ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

● МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	ҚНК атауы	Өлш. бірл.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.		Жоспарды орын.%
			Дерек		Жоспар	Дерек	
1	Қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санындағы үлесі	%	7,5%	6,4%	4,1%	5,3%	130%
2	«БЖК 2020» қолдаған салалардағы ШОКС қамту үлесі	%	2%	1,7%	1,6%	4%	249%
3	Өңдеу өнеркәсібіндегі қолдаумен ШОКС қамту үлесі	%	13,1%	8,4%	7,1%	14,1%	198%
4	Құрылған жұмыс орындарының саны	адам	24 836	25 900	25 780	26 061	101%
5	Қаржылық бағдарламалар бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттар көлемі	млрд теңге	439,4	523,7	451	606	134%
6	Кәсіпкерлер құзыреті орталығының клиенттерінің саны	адам	57 883	71 786	70 070	90 923	130%
7	Қашықтықтан басқарылатын қызметтерді алған клиенттер саны	адам	38 251	59 705	54 750	54 765	100%
8	Қордың халық арасындағы танымалдылық дәрежесі	%	95%	93%	80%	100%	125%
9	Бюджеттен тыс көздерден ШОБ субъектілерін қаржыландыруға тартылған қаражаттың үлесі	%	57,1%	61%	49%	71%	145%
10	Оқыту бағдарламасы бойынша қатысушылардың саны	адам	24 557	27 916	4 780	5 988	125%
11	Бизнесті ашқан оқыту бағдарламасына қатысушылардың үлесі	%	12%	12%	12%	12%	100%
12	Өткізілген оқыту бойынша кәсіпкерлердің қанағаттанушылық дәрежесі	%	92,7%	93%	80%	94,6%	118%

ҚНК бойынша «Қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санындағы үлесі», «БЖК 2020» қолдаған салалардағы ШОКС қамту үлесі» ҚНК және «Өңдеу өнеркәсібіндегі қолдаумен ШОКС қамту үлесі» орындау жоспарлы мәндерден жоғары, бұл қаржы бағдарламалары және құзыретті көтеру бағдарламалары бойынша Қормен қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің санының артуымен байланысты.

Құрылған жұмыс орындарының саны бойынша орындау жоспардан «БЖК2020» бағдарламасы мен қаражаттарды шартты орналастыру бағдарламаларының қатысушы-кәсіпкерлерінің есебінен 1% жоғары.

Қаржы бағдарламалары бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттардың көлемі 606,0 млрд. теңгені құрайды – бұл 2015 жылмен салыстырғанда 15,7%-ға көп (523,7 млрд. теңге). 2015 жылы көрсеткіштің артуы өңдеу өнеркәсібінде ШОК қолдауға ҚР Ұлттық Қорынан бөлінген қаражаттарды және БЖЗҚ қаражаттарын игеру есебінен орын алған.

Кәсіпкерлердің құзырет орталықтарының клиенттерінің саны бойынша орындау жоспардан 30% асады. Көбейту Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында кеңесшілердің санының өсуімен, Моноқалаларда кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтарының белсенді жұмысымен, сондай-ақ CRM-жүйесінің көмегімен клиенттерді есепке алу процесінің автоматтандырылуына байланысты, бұл есепке алу дәлдігін арттырды.

Қордың халық арасында танымалдылық дәрежесі бойынша индикатор жоспардан 25% артық. Танымалдылықтың жоғары деңгейі тек экономикалық-белсенді халықтың, қызметкерлер мен кәсіпкерлердің арасында зерттеуді жүргізумен негізделеді. Сауалнама респонденттер ШОБ қатысы жоқ және жақын болашақта жеке бизнесін ашуды жоспарламайтын, яғни Қордың мақсатты аудиториясы болып табылмайтын үй шаруашылықтары арасында жүргізілмеген.

Бюджеттен тыс көздерден ШОБ субъектілерін қаржыландыруға тартылған қаражаттардың үлесі жоспардан 45% асады, бұл КҚҚДБ 22,3 млрд.теңге сомасында қаражаттарды тартумен байланысты.

Оқыту бойынша бағдарламаларға қатысушылардың саны жоспардан 25% асады – бұл кәсіпкерлік қызметке, және осыған байланысты Қордың оқыту жобаларына халықтың қызығушылығын арттырумен байланысты.

АКТИВТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі жұмысы тікелей несиелендірудің есебінен құрылған несие қоржыны бойынша қызмет көрсетуден, шартты орналастыру бағдарламалары шеңберінде ЕДБ орналастырылған қаражаттарды басқарудан, сонымен қатар уақытша бос қаражатты (бұдан былай - УБҚ) тиімді орналастырудан тұрады. Активтерді басқаруда Қордың негізгі міндеті УБҚ сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем төлеу қабілетін, туындаған инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілетін қамтамасыз ету және УБҚ қабылданатын тәуекел деңгейінде табыстылығының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

Активтерді басқару процесінде Қор инвестициялық капиталдың сақталуына, өтімділікті, табыстылықты, инвестициялар мен әртараптандырудың мерзімін қамтамасыз етуге және қолдауға қойылатын талаптарды басшылыққа алады. Қаржылық активтер қоржынын әртараптандыру Қордың инвестициялық қоржынында белгілі бір класс инвестициялар немесе белгілі бір эмитент, белгілі бір мерзімі бар қаржы активтерінің шоғырлануы нәтижесінде туындайтын шығын тәуекелдерінің алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Активтер мен пассивтерді басқару бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді саясатты әзірлеу, баланстың оңтайлы құрылымын анықтау, Қордың қаржылық жағдайының, табыстылық көрсеткіштерінің мониторингі және табысты максималдандыру және УБҚ орналастыру операциялары бойынша тәуекелдерді шектеу және қажетті түзету шараларын қабылдау Қор Басқармасының Активтер мен пассивтерді басқару комитетімен жүзеге асырылады.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қор балансының валютасы 349,4 млрд. теңгені құрады. Есептік кезеңде Қор активтері жылдың басымен салыстырғанда 5,8 млрд. теңгеге немесе 1,7%-ға азайды. Қор активтерінің 59% несие қоржыны құрайды. Ақша қаражатының орташа салмағы жиынтық активтердің 12,6% құрайды. Қордың бағалы қағаздары баланста нарықтық құны бойынша есепке алынады, олардың үлесі активтерден 1,9 % құрайды.



ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

2016 жылдың қорытындылары бойынша Қор 5,6 млрд. теңге, жоспарлы көрсеткіш кезінде 6,6 млрд. теңге таза табыс алды. Қарыздар бойынша алынатын кірістер бойынша көрсеткіштерді орындамау «Казкоммерцбанк» АҚ 16,3 млрд. теңге мөлшерінде АДБ шеңберінде (3 транш) қарызын мерзімінен бұрын өтеумен және «Казинвестбанк» АҚ бойынша қаржылық активтердің құнсыздануынан шығындарды өтеуге провизияларды қалыптастырумен байланысты.

Жалпы кіріс 39,8 млрд.теңгені құрады.

2016 жыл үшін Қордың жалпы шығындары 32,4 млрд. теңгені құрады.

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қордың меншікті капиталы 98,7 млрд. теңгені құрады.

ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Атауы	2014 жыл (дерек)	2015 жыл (дерек)	2016 жыл (жоспар)	2016 жыл (дерек)
ROA, активтердің тиімділігі	1,9%	5,4%	1,8%	1,6%
ROE, капиталдың тиімділігі	5,0%	17,6%	6,7%	5,8%
УБҚ орташа өлшенген табыстылығы	6,36%	10,59%	6,00%	14,23%
Қызметтің тиімділігі	37,8%	35,1%	24,1%	17,3%
NI margin	27,7%	25,5%	29,2%	19,6%

Тиімділік көрсеткіштері (ROA, ROE, қызмет тиімділігі) бойынша орындау деңгейінің 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы төмендеу себебі таза табыстың жоспарланбаған деңгейіне қол жеткізбеумен байланысты.

2016 жыл үшін УБҚ орташа өлшенген табыстылық 14,23% құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 34%-ға көп (10,6%). Көбейту, негізінен, бағалы қағаздар бойынша орташа өлшенген табыстылықты 12,89% дейін (-1,7%) көбейтумен байланысты, ағымдағы шоттар бойынша 10,7% бастап 14,92% дейін. Бұл ретте, депозиттер бойынша орташа өлшенген табыстылық 2016 жылы 36,69%-дан 12,72% дейін, ұлттық валюта-ның бағамының шартты тұрақтандырылуымен, валютада депозит бойынша бағамдық айырмашылықтан кірістерді елеулі азайтумен байланысты азайтылды.

2016 жыл үшін NI margin 19,6% құрады. 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы көрсеткіштің төмендеуі негізгі қызметтен кірістер бойынша жоспардың

орындалмауымен байланысты болды (бағамдық айырмашылықтан кірістерден, СВОП қайта бағалаудан, қарыздар бойынша дисконт амортизациясынан басқа), яғни Қордың бағдарламаларын іске асыру есебінен. «Казкоммерцбанк» АҚ қарызын мерзімінен бұрын өтеуден басқа, АДБ 4-траншының шеңберінде 7,2 млрд. теңге сомасында қаражаттар алынбаған және игерілмеген.

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қызығушылық тудырған мәмілелер, ірі мәмілелер туралы және Қор 2016 жылы байланысты тараптармен жасаған операциялар туралы ақпарат 1-қосымшада берілген.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ

ШОБ дамытудың негізгі операторы



Small & Medium Business Corporation



Құрылған жылы
1979

Doing Business позициялары

5



ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі

47%



ШОБ қарыздар үлесі

74,2%

ШОБ саны
2 795 865



% мөлшерлеме
3,91%



6 ҚОРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТЫ

Қор мемлекеттік бағдарламаларды, сонымен қатар стейкхолдерлердің назарын аударатын жекелеген ішкі процедураларды іске асыру бөлігінде қабылданып шешімдердің айқындығын қамтамасыз етуге баса назар аударады.

Қордың ақпараттық саясаты нарықтағы жағдайды, мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін талдау негізінде өзекті беталыстарға сәйкес жүзеге асырылады, және Қорға жұртшылықтың сенімін арттыруға, жағымсыз құбылыстарды анықтауға себін тигізеді, дағдарысқа қарсы коммуникацияны ұйымдастыруда алдын алу шараларын қабылдаумен сүйемелденеді.

Қорда клиентке бағдарлану деңгейін жетілдіру бойынша жұмыс үшін жыл сайын фронт-офис, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының және Call-орталықтың қызметкерлері үшін тренингтер өткізіледі, тұрақты ақпаратты жинау, оның ішінде әлеуметтік зерттеулерді қолданумен жүргізіледі.

Қордың жауапты бөлімшесімен Қордың қызметі туралы ақпаратты орналастыру орын мен уақытының оңтайлы параметрлерін, жасы, жынысы, кәсіпкерлік белсенділігі және т.б. бойынша мақсатты топтарға бағдарланған жарнамалық компанияларды өткізу мерзімдері мен масштабтарын анықтау мақсатымен медиа-нарықты зерттеу жүргізіледі.

Танымалдылық және қызметіне сенімділік деңгейін арттыру үшін Қор құрылымдық бөлімшелердің ішкі байланысын, сонымен қатар Қордың жарнамалық шараларды әзірлеу және өткізу процесінде Жалғыз акционермен байланысты қолдауды жүзеге асырады. Сонымен қатар жарнамаға қатысуға қоғамдық пікір көшбасшылары, Қор бағдарламаларына қатысатын табысты кәсіпкерлер шақырылады, Қордың стратегиялық міндеттерін шешуге сыртқы консультанттар мен коммуникация саласындағы сарапшылар тартылады. Танымалдылықты арттырудың маңызды факторларының бірі болып бағдарламаларды насихаттау құралдарының, сондай-ақ Қордың фронт-офистерінің визуалды бүтіндігі табылады. 2016 жылы Қордың фронт-офисін, соның ішінде аймақтық филиалдарын, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын, Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтарын брендтеудің бірыңғай тұжырымдамасын іске асыру бойынша

жұмыстар аяқталды.

Транспаренттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қор жүйелі негізде пресс-конференциялар, брифингтер, пресс-турлар, Қор басқарушыларының бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) сұхбаттарын өткізіп отырады. Осылайша, 2016 жылы БАҚ кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау механизмдері туралы, Қордың қызметі туралы немесе Қорды атап өтумен 6 774 мәлімет жарияланды. Қазақстанның түрлі аймақтарында кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша қаржыландырылған ШОК сәтті іске асырылған жобалары бойынша 41 пресс-тур өткізілді, олардың 11-де ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары қатысты.

**2016 жылы
БАҚ кәсіпкерлікті
мемлекеттік қолдау
механизмдері туралы,
Қордың қызметі туралы
немесе Қорды атап өтумен
6 774
мәлімет
жарияланды.**

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру барыс ынайқында мақсатында республикалық және аймақтық телеарналардың эфирлерінде 91 сұхбат жүргізілді.

Бұқаралық коммуникацияның маңызды құралдарының бірі Қордың корпоративтік сайты (www.damu.kz) болып табылады, ол кәсіпкерлер мен халыққа қызмет көрсетудің нәтижелері, қабылданған өзгерістер немесе Қор іске асыратын қолдаудың жаңа бағдарламалары туралы тез хабарлауға, сонымен қатар ең өзекті мәселелер бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Қордың мақсатты аудиториясын ақпараттандыру республикалық және жергілікті телеарналарда, радио және баспа басылымдарында толық ақпарат орналастыру арқылы да жүзеге асырылады. 2016 жылы Қордың веб-сайтын қарау саны 2,7 миллионнан асты. Бұл бірінші кезекте интернет-аудитория арасында сайттың, сондай-ақ онда ұсынылған ақпараттың қажеттілігін (танымалдығын) куәландырады.

2016 жылы www.business.gov.kz сайтына қарау саны 2 899 879 бірл. құрады; сайтқа кірушілердің саны – 949 017 бірл.

2011 жылдың наурызынан бастап Қорда мамандандырылған Call-орталық жұмыс істейді. Қордың Call-орталығы – бұл өтініштерді орталықтандырылған қабылдау мен қоңырауларды өңдеу үшін құрылған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялар тобының кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары туралы егжей-тегжейлі



ҚОРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТЫ



БОЛАШАҚТАҒЫ КЕЗЕҢГЕ ҚОЙЫЛАТЫН МАҚСАТТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

ақпаратты алуға арналған ақпараттық-анықтамалық қызмет. Call-орталық белгілі бір мақсатты аудиторияға әсер ету арқылы мекенжайлық жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Call-орталық міндеттерді ауқымды спектрін шешуге қабілетті: азаматтардың өтінімдерін автоматтандырылған өңдеуден өнімдерді насихаттауға, жарнамаға және нарыққа маркетингтік зерттеу жүргізуге дейін.

2016 жылы Call-орталық арқылы қашықтық консалтинг шеңберінде шамамен 36,7 мың өтініштер өңделген, олардың ішінде Қордың интернет-ресурсы арқылы (business.gov.kz, damu.kz, damu-komek.kz) 13,9 мыңнан астам өтініштер өңделді. Іс жүзінде барлық кәсіпкерлер мен халықты қызықтыратын мәселелер Қордың жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша бағдарламаларын іске асыруға қатысты.

Кіру рейтингінің объективті көрінісін алу үшін Қордың Интернет-ресурстарына кіру санағыштары орналас-тырылды. Бүгінгі таңда Қор сайты қазақстандық zero.kz кіру рейтингінде «Қаржы» категориясында тіркелген 135 ресурстың ішінен 5-8 орындарды алады.

Қордың ақпараттық саясатында стейкхолдерлермен кері байланысты және тиімді коммуникацияны құру үдерісі арқылы Қордың оң беделі мен имиджін құруға баса көңіл бөлінген. Ақпараттық саясатты іске асырудың тиімділігіне мониторинг жүргізу мақсатында Қормен келесі шаралар жүзеге асырылады:

- қызметінің жалпы стратегиялық бағыттарына сәйкес Қордың коммуникациялық стратегиясы әзірленді;
- Қордың келесі имидждік сипаттамалары бойынша арнайы коммуникациялық шаралар кешені жүзеге асырылады: кәсіби, ашық, көмек көрсетуге дайын, ШОБ мәселелері бойынша негізгі сарапшы;
- мақсатты аудиторияға Қор қызметі, кәсіпкерлікті қолдаудың қолданыстағы бағдарламалары туралы ақпаратты жеткізу тиімділігін жоғарлату бойынша ұсыныстарды талдау және өңдеу жүргізіледі;
- мақсатты аудиторияның Қор бренді туралы ақпараттану дәрежесін жоғарлату бойынша ұсыныстарды талдау және өңдеу жүргізіледі;
- жыл сайын «Болашақтағы оқиғалар күнтізбесі» және «PR-шаралар жоспары» шеңберінде әрекеттерден тұратын шаралар жоспары әзірленеді.

2016 жылы
www.business.gov.kz
сайтын қарау саны

2 899 879

бірл. құрады

7 БОЛАШАҚТАҒЫ КЕЗЕҢГЕ ҚОЙЫЛАТЫН МАҚСАТТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қордың 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясының шеңберінде Қор шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылай және қаржылай емес қолдау көрсету бойынша стратегиялық бағыттарды іске асырады.

Қаржылық бағыт бойынша Қордың алдында келесі негізгі міндеттер тұрады: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қолдау көлемін арттыру, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық көмек көлемін арттыру, ынтымақтастық бағытын және шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі - ШОК) қаржы институттарымен бірлесіп қаржыландыру/ортақ қаржыландыру тетіктерін кеңейту, қосымша қорландыруды тарту. Қаржылай емес қолдау көрсету бөлігінде Қор қаржылық сауаттылықты көтеру және ҚР халқының арасында кәсіпкерлік бастамашылықты жылжыту мақсатымен кәсіпкерлерді оқытуды және кеңес беруді жүргізеді.

ҚОР ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАҚСАТЫМЕН КЕЛЕСІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖОСПАРЛАЙДЫ:

- Тартылатын қаражаттар қоржынын әртараптан-дыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан қаражаттарды тарту, қаржылық өнімдермен қолдаумен қамтуды ұлғайту, ШОК субъектілеріне қолжетімді қаржыландыруды ұсыну, бұл өз кезегінде бизнестің тиімділігін, өнімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды.

Алға қойылған міндеттерге сәйкес 2017 жылы Азиялық даму банкінен- 200 млн. АҚШ доллар теңгемен баламада, Еуропалық инвестициялық банктен – 200 млн.евро теңгемен баламада тарту және Еуропалық қайта құру және даму банкінен 30 млн. доллардан теңгемен баламада кем емес сомада ресурстарды тарту жоспарланған. Аталған қаражаттар

аталған халықаралық қаржы ұйымдарының тарапынан СВОП шарттарын, ЕДБ үшін қорландырудың қолайлы құнын мақұлдау, сондай-ақ ЕДБ/ХҚҰ-нан қорландыруға өтінімдердің болуына байланысты тартылулары мүмкін.

- Қор 2010 жылдан бастап несиелер / лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде несиелерді кепілдендіру бойынша қаржылық агенттік функцияларын орындайды. Аталған қолдау құралы бойынша 2017 жылы 29,91 млрд.теңге мөлшерінде бөлінген қаражаттарды игеруді қамтамасыз ету жоспарланған, оның ішінде 27,49 млрд.теңге - жергілікті бюджеттен жалпы сипаттағы трансферт, 2,418 млрд. теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан айналым қаражаттарын толықтыруға несиелерді субсидиялау үшін, субсидиялау мерзімі аяқталғанға дейін қабылданған міндеттемелер бойынша төлемдер үшін бөлінген қаражаттардың қалдығы. Қосымша, 2017 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа бағдарламаны – «Нұрлы жер» Тұрғын үй құрылысы бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске қосады. Бағдарламаның міндеттерінің бірі – «Жеке құрылыс салушыларды тұрғын үй салуға ынталандыру». Оның шеңберінде Қор жеке құрылыс салушылардың несиелерін субсидиялау бойынша қаржы агентінің қызметін жүзеге асырады.
- «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде Қор кәсіпкерлердің несиелеріне кепілдік беру шарттарын жақсартуды және 2017 жылдан бастап қайтарып алынбайтын кепілдіктерді беруді жоспарлайды. Кәсіпкерлердің қолайлылығы үшін egov.kz порталында кепілдіктерді қарастыру мен алу процесін автоматтандыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде басым болып табылмайтын немесе оның критерийлерін қанағаттандырмайтын ШОК субъектілері үшін «Даму-Оптима» Бағдарламасының шеңберінде кепілдікті алудың балама мүмкіндігін ұсыну бойынша жұмысты жалғастыру жоспарланған.
- Сонымен қатар, 2017 жылы Қор 2016 жылы ЕДБ бөлінген ШОК қолдау көрсету үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаттарын игеру және мақсатты пайдалану мониторингі бойынша агенттік қызметті орындауды жалғастырады.
- 2017 жылы аймақтарды кәсіпкерлерді қолжетімді және ұзақ мерзімді қорландырумен қамтамасыз ететін нүктелік аймақтық бағдарламаларды іске асыру үшін ЖАО қаражаттарды тарту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. 2017 жылға

жоспар бойынша нүктелік аймақтық бағдарлама бойынша қаржыландырудың жалпы сомасы 20 млрд.теңгені құрайды (10 млрд.теңге Қордың қаражаттары және 10 млрд.теңге ЖАО қаражаттары).

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру.



ҚАРЖЫЛАЙ ЕМЕС ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН ҚОР КЕЛЕСІ ІС-ШАРАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛАДЫ:

2017 жылы негізгі стартаптарға акселерацияға және әрекет етуші бизнестің субъектілеріне кешенді қолдау көрсетуге баса көңіл бөлінетін болады. Стартаптарды акселерациялау бойынша белсенді жұмыс «Startup Академия» жобасының шеңберінде 4 қалада жүргізілетін болады: Алматы, Астана, Павлодар, Атырау. Асылдар жобасы бойынша 15 компаниядан кем емес кешенді диагностиканы жүргізу, аталған кәсіпорындарды дамытудың жол карталарын дамыту және әлсіз тараптарымен жұмыс үшін консалтинг жоспарланады. 2017 жылы Қормен 2015-2018 жылдарға Кәсіпкерліктің құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасының «Кәсіпкерлікті дамытуға қашықтан қолдау көрсету» жобасының шеңберінде қашықтан оқытуды өзектендіру жоспарланған. Жоба Қазақстанның аймақтарында кәсіпкерлік бастамамен халықтың жаңа бастаған және әрекет етуші кәсіпкерлердің кәсіпкерлік құзыретін арттыруға және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған. Жоба шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне, бизнесті жүргізу бойынша әртүрлі тақырыптық курстарға қашықтан оқыту көзделеді.

8 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қор тәуекелдерін басқару жүйесі Қордың Атқарушы органы мен Басқару органының тәуекелдер және тәуекелдерді азайту бойынша шешімдер туралы уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ететін процесстер мен процедуралар жүйесінен тұрады.

Қордың тәуекелдерін басқару процесінің негізгі элементі оны ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі қағидаларымен, бизнес-процестермен біріктіру және тәуекелдерді басқару процесінде әрбір қызметкердің тартылуы болып табылады.

«Даму» Қорының тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің жұмыс істеуінің жүйелілігі мен үздіксіздігі (бұдан әрі - ТБКЖ) төменде сұлбада көрсетілген.



Ағымдағы сәтке **ТБКЖ құрылымы** тәуекелдерді басқарудың төрт деңгейінен тұрады: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджменті департаменті (ТМД), құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдердің иелері).

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «әлсіз» тұстарды анықтау үшін базалық шараларды жүзеге асыру жолымен бар тәуекелдер мен олардың мөлшерлері бойынша жалпы көріністі ұсынуға бағытталған. Аталған процесс негізгі тәуекелдерді басқару рәсімдері мен пайдаланылатын әдістерін бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін ендіруді бастаған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша елеулі жұмыстар жасалды.

Тәуекелдерді басқару Қор қызметінің тәуекелдерімен байланысты шығындар басталған кезде қаржылық өтеуді алу немесе шығындар ықтималдылығы мен жағымсыз әсерін азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу мен іске асыру процесі болып табылады.

Қорда тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне **мониторинг** (қолданыстағы тәуекелдерді басқару әдістері мен бақылау құралдарын қоса), және қажетіне қарай, оны түрлендіру және жетілдіру жүзеге асырылады.

2016 жылы тәуекелдерді басқару жүйесі «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде ШОК жобаларына кепілдік беру бойынша несие тәуекелдеріне кешенді талдау қағидаларын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асыру маңыздылығын ескере отырып, Қор жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалау әдіснамасын жетілдіріп отырады, бұл несие тәуекелдерін ерте сатысында ең төменгі деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді.

Кепілдік беру туралы немесе беруден бас тарту туралы шешімді қабылдау барысында Қор несие тәуекелдерін бағалаудың жеке кешенді әдістемесінің нәтижелерін пайдаланады. Осы әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етуі және берілген кепілдіктер қоржыны бойынша Қордың несие тәуекелінің деңгейін ұлғайтуы мүмкін тәуекелдердің өзара байланысқан факторларын кешенді талдауға негізделді.

Ішкі аудит қызметімен тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділік деңгейі

2016 жылдың нәтижелері бойынша
81,31%
деңгейінде анықталған

ол
2,45
пайыздық пунктке
артқан өткен жылдың бағасымен салыстырғанда
(78,86%)

Қаржы тәуекелдерін басқару кезінде 2016 жылы тәуекел факторларының үш аймағы ерекшеленді: екінші деңгейдегі банктерге шартты орналастырылған несиелер, бағалы қағаздар қоржыны және ЕДБ уақытша бос қаражаттар. Оларды азайту үшін банк-контрагенттермен жасалатын белсенді операцияларды лимиттеу, ЕДБ, лизингтік компаниялардың және корпоративтік эмитенттердің несиелік тәуекелдерін қашықтан талдау әдістемелері қолданылды.

Лимиттеу әдістемелерін қолдану қаржы тәуекелдерін басқарудың әдістемелік және техникалық базасын жетілдіру бойынша Тәуекел менеджменті департаментін күшейту нәтижесінде мүмкін болды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін ендіруді бастаған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша негізгі әдіснамалық құжаттаманы ендіру бойынша елеулі жұмыстар жасалды. Атап айтқанда орталықтандырылған шаралар шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ РВ Стұлғасында сыртқы консультантпен бірлесіп Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарын есепке ала отырып, үздік халықаралық тәжірибеге негізделген және тәуекелдердің барлық жекелеген түрлерін басқару мен бағалаудан (несиелік, нарықтық, операциялық, бизнес тәуекелдер, жылжымайтын үлік тәуекелі), қалыпты және стресстік жағдайларды есепке ала отырып, тәуекелдердің жиынтық мәнін анықтаудан, ішкі капиталдың жеткіліктілігін есептеуден және тәуекел-аппетитті (капиталдың жеткілікті болуы, табыстылық және өтімділік бөлігінде) есептеуден тұратын тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қор Басқармасы тоқсан сайын Директорлар кеңесіне шоғырландырылған негізде негізгі тәуекелдерді, тәуекелдер бойынша лимиттерді сақтау жөніндегі ақпараттарды, сонымен қатар негізгі тәуекелдерді азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтерді сипаттай және талдай отырып, Тәуекелдер жөніндегі есепті ұсынады.

2016 жылы операциялық тәуекелдерді басқару жұмыстары жалғастырылды. Осы бағыттағы жұмыстар бойынша Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері тартылды, құжаттардың кешенді пакеті бекітілді, соның ішінде:

- Тәуекелдер тіркелімі мен картасы, тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспары жаңартылды.

Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің қатысты маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын тәуекелдерді белгілеуге мүмкіндік береді және оларды басқару бойынша іс-шараларды әзірлеуді талап етеді.

Қордың корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер тіркелімі және тәуекелдер картасы келесі тәуекелдер тобына қатысты болатын тәуекелдерден тұрады: стратегиялық, қаржылық (несиелік, нарықтық, өтімділік тәуекелі), құқықтық және операциялық. «Қызыл» аймаққа түсетін тәуекелдер Қордың қызметінің тәуекелге барынша жоғары ұшырағыштығын білдіреді. «Жасыл» аймаққа түсетін тәуекелдер тәуекелдерге ұшығарыштықтың ең төменгі деңгейін білдіреді.

Барлық тәуекелдер бойынша іс-шаралар жоспары/тәуекелдерді ең төменгі деңгейге жеткізу бойынша бақылау рәсімдері жасалған.

- Тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) бекітілді;
- Іске асырылған және ықтимал тәуекелдер бойынша базаны тұрақты жүргізу тәжірибесі енгізілді;
- Қор қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде Қордың қызметін қалпына келтіру, дағдарыстық басқару жоспарлары жасалды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін ендіруді бастаған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша негізгі әдіснамалық құжаттаманы ендіру бойынша елеулі жұмыстар жасалды.

Қордың корпоративтік деңгейінің тәуекелдер картасы:

• Стратегиялық:

- 1) Қордың негізгі көрсеткіштерін орындамау тәуекелі
- 2) Мемлекеттік бағдарламалар бойынша сыртқы ұйымдармен жеткіліксіз өзара әрекет ету, сыртқы орта тәуекелі
- 3) Бедел тәуекелі
- 4) Республикалық бюджеттің және ҚР Ұлттық Қорының қаражаттарын тиімсіз пайдалану тәуекелі

• Қаржылық:

- 1) Контрагенттің міндеттемелерін орындамау тәуекелі, сондай-ақ кепілзат объектісі ретінде қолданылатын бағалы қағаздардың құнсыздану тәуекелі
- 2) Валюталық тәуекел
- 3) Өтімділік тәуекелі
- 4) Бюджет тапшылығы тәуекелі
- 5) Банк-контрагенттердің эмитенттерінің қаржылық жағдайының нашарлауына қатысты несиелік тәуекелі
- 6) Контрагент-банктерде шоғырландырылған лимиттердің көтерілу тәуекелі
- 7) Қамтамасыз ету құнының нарықтық тәуекелі, қамтамасыз етуді бағалауды асырып көрсету тәуекелі
- 8) Тікелей қарыз алушының/грантты алушының несиелік тәуекелі
- 9) Бір қарыз алушыға талаптарды шоғырландыру тәуекелі

• Операциялық:

- 1) Қызметкерлер тәуекелдері
- 2) Барабар емес, релеванттық емес және/немесе бұрмаланған ақпаратпен, немесе оны тиісті емес жолмен пайдаланумен байланысты тәуекелдер
- 3) Сатып алуларды сапасыз жүзеге асыру тәуекелі

4) Қормен ақпаратты және есептемені ұсынудың белгіленген мерзімдерін бұзу тәуекелі

5) Ішкі, сыртқы алаяқтық және ұрлау тәуекелі

6) Бизнес-процестерді дұрыс құрмаумен немесе ішкі ережелерді әлсіз басқарумен байланысты тәуекелдер

7) Ақпараттық қауіпсіздік. Ақпараттың жайылып кету тәуекелі

8) АТ жеткізушілеріне тәуелділік (адал емес жеткізушіні таңдау тәуекелі)

9) Жүйелер мен бағдарламалық жасақтаманың іркіліс тәуекелі

10) Қормен іске асырылатын Бағдарламаларды жүзеге асыру кезінде мониторингті уақытылы емес/сапасыз жүзеге асыру тәуекелі

11) Проблемалы активтер бойынша қайтару бойынша жоспарларды орындамау тәуекелі

12) IT жабдығының істен шығу тәуекелі


13) Қордың қызметіне күтпеген/бақыланбайтын факторлардан туындаған сыртқы әсер ету тәуекелдері

Құқықтық:

- 1) Қоғамның қызметіне қатысты заңнаманы өзгерту тәуекелі
- 2) Сотта іс қарау тәуекелі

«Тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру», «Тәуекелдерді анықтау», «Тәуекелдерді бағалау», «Тәуекелдерді басқару», «Мониторинг» бағыттары бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділік деңгейі 2016ж. нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметімен 81,31% деңгейінде анықталды, бұл өткен жылғы бағалаумен салыстырғанда 2,45 пайызға көтерілген (78,86%). Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі рұқсат етілген нысанда жұмыс істейді, анықталған бұзушылықтар 2017 жыл ішінде орындауға жоспарланған түзету және алдын алу іс-әрекеттерін қабылдауды талап етеді.

ПОЛЬША



ШОБ дамытудың негізгі операторы



The Polish Agency for Enterprise Development (PARP)



Құрылған жылы

2000

Doing Business позициялары

24




ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі

73%



ШОБ саны

2 000 000



ШОБ қарыздар үлесі

37%



% мөлшерлеме

3,16-6,16%



9 ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

2

2016 ж. наурыз айында Қордың ұйымдық құрылымы бекітілді, оған сәйкес Қордың ішкі бақылау мәселелері үшін жауапты жаңа құрылымдық бөлімше – Ішкі бақылау қызметі (ІБК) құрылды.

Ішкі бақылау қызметі Қордың дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады және тікелей Қордың Басқарма Төрағасына бағынады.

Қордың қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында ІБК келесі жұмыстар жүргізілді:

1. COSO (Тредвей Комиссиясының демеуші ұйымдар комитеті) үлгісіне сәйкес Ішкі бақылау жүйесі туралы Саясат әзірленді және бекітілді (Қордың Директорлар кеңесінің 20.09.2016 жылғы шешімі, №73):

- ішкі бақылау жүйесінің қатысушылары, олардың құзыреті, сондай-ақ өкілеттіктер мен міндеттері белгіленетін ішкі бақылауды қорғаудың үш желісінің егжей-тегжейлі сипаттамасымен «Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру» ұғымы неғұрлым толық ашылды;
- ішкі бақылау жүйесінің бес өзара байланысты компоненттері егжей-тегжейлі сипатталды (COSO үлгісіне сәйкес), оларға жатады:

- бақылау ортасы;
- тәуекелдерді бағалау;
- бақылау рәсімдері;
- ақпараттық қамтамасыз ету және ақпаратпен алмасу жүйесі;
- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және мониторингі.

2. Қордың құрылымдық бөлімшелерін тексерулерді ІБК жүргізу тәртібін регламенттеу мақсатында Қорда Бақылау шараларын (тексерулерді) жүргізу ережелері әзірленді (Қордың Директорлар кеңесінің 20.09.2016 жылғы шешімімен бекітілген, №73).

Қорда Бақылау шараларын (тексерулерді) жүргізу ережелері тексерулерді жүргізудің негізгі міндеттері мен қағидаларынан тұрады, тексерулердің жүргізу тәртібін, сондай-ақ тексерулердің нәтижелерін ресімдеу мен іске асыру регламенттейді.

Қордың ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктер мен тәуекелдерді анықтау мақсатында ІБК құрылған сәтінен бастап Қордың құрылымдық бөлімшелерін тексеру жүргізілді. 2016 жылы (2016 жылдың сәуір айынан желтоқсан айына дейін) құрылымдық бөлімшелердің қызметіне жоспарлы тексерулер жүргізілді: Әкімшілік департаментінің, Қазынашылық департаментінің, Маркетинг және халықаралық ынтымақтастық департаментінің, Алматы қ. бойынша Аймақтық филиалдың.

Сонымен қатар, Қор Басқармасының шешімдеріне сәйкес 2 жоспардан тыс тексерулер жүргізілді: Бағдарламалық қарыздар департаментінің қызметін тексеру және «Фарит Травел Астана» ЖШС-нің Қор алдындағы міндеттемелерін орындауын тексеру.


Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ІБК анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныстардан тұратын Түзету әрекеттерінің жоспары жасалды және бекітілді.

Тексерулердің объектілері болған құрылымдық бөлімшелермен Ішкі бақылау қызметімен бірлесіп Қордағы ішкі бақылауды жетілдіру бойынша және анықталған бұзушылықтар мен ескертулерді жою бойынша кешенді шаралар қабылданды.


Ішкі бақылау қызметімен тұрақты негізде жүргізіледі:

- Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау мониторингі;
- сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері бойынша ұсынылған ұсыныстарды орындау мониторингі;
- Қордың жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Қордың тәуелсіз директорларының ұсыныстарын орындау мониторингі.

10 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



арғыға сәйкес Қордың органдарына жатады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қордың шаруашылық-қаржылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;

5) жеке кәсіпкерлік субъектілері екінші деңгейдегі банктерден және өзге заңды тұлғалардан несиелерді алуы кезінде оларға кепілдік берумен байланысты жұмыстарды жүзеге асыратын орган – Несие комитеті;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге органдар.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жарияланған және орналастырылған бағалы қағаздарының (жай акциялар) саны 27 462 244 бірлікті құрады. Қордың Жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болып табылады.

Бағалы қағаздың түрі	Жай акциялар
ССН	KZ1C49420017
Шығарылымды тіркеу күні	09.04.2012
Номиналды құны *	100 000 теңге
Жарияланған акциялардың саны	27 462 244
Орналастырылған акциялардың саны	27 462 244
Акционерге тиесілі акциялардың саны	27 462 244
Акционер туралы ақпарат	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Орналастырылған акциялардағы акционердің үлесі	100%
Дауыс беретін акциялардағы акционердің үлесі	100%

* акцияларды соңғы орналастыру құны

Жалғыз акционердің маңызды қызметінің қатарына Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Директорлар кеңесінің құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, сыртқы аудиторды, жылдық қаржы есептемесін және т.б. бекіту жатады.

2016 жылы Жалғыз акционердің негізгі шешімдері Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға және өкілеттіктерін тоқтатуға, қаржы есептемесін бекітуге, таза кірісті бөлу тәртібін бекітуге және дивидендтер мен сыйақыларды төлеуге, және ішкі құжаттарды бекітуге қатысты болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қор қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің функциялары Қордың даму стратегиясын бекіту, кәсіпкерлікті қолдау бойынша бағдарламаларды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Қордың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу және басқалары болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамында 8 мүше бар, олардың 3 – Тәуелсіз директорлар.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Директорлар кеңесінің Төрағасы
(Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні – 2016 жылдың 13 қыркүйегі)

САҒЫНТАЕВ БАҚЫТЖАН ӘБДІРҰЛЫ

(1963 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2013 жылғы 15 сәуір).

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген, экономика ғылымдарының кандидаты.

2013-2016 жылдары Қазақстан Республикасының Бірінші вице-премьері болып жұмыс істеді. 2016 жылдың қыркүйек айынан Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалды.

«Самұрық-Қазына» АҚ және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің Төрағасы

МАМИН АСҚАР ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

(1965 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2016 жылғы 13 қыркүйек).

Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Ресейдің Г.В.Плеханов атындағы экономикалық академиясын бітірді.

2005-2006 жылдары Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін басқарды, 2006-2008 жылдары – Астана қаласының әкімі. 2008 бастап 2016 жылға дейін – «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Қазатомпром» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы



Директорлар кеңесінің мүшесі

ДОСАЕВ ЕРБОЛАТ АСҚАРБЕКҰЛЫ

(1970 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2016 жылғы 13 қыркүйек).

Қордың Жалғыз акционерінің өкілі.

Алматы энергетикалық институтын, Бауман атындағы Москва Мемлекеттік техникалық университетін бітірді.

2003 - 2004 жж. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, 2004 - 2006 жж. - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі. 2006 - 2012 жж. «Қазинвестбанк» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы.

2012 жылдан 2016 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика министрі. 2016 жылғы 16 мамырдан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының Төрағасы.

«Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «КазЭкспортГарант» СК» АҚ, «Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі

ЖОЛДЫБАЕВА ҒАЛИЯ ТАҒЫБЕРДІҚЫЗЫ

(1973 ж.т., Директорлар кеңесіне алғашқы сайланған күні – 24 қыркүйек 2012 жыл, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайланған күні - 15 сәуір 2013 жыл).

1996 жылы Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша бітірген.

2012 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитетінің Төрайымы болып тағайындалды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі департаментінің директоры.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі

**ИБРАГИМОВА
ЛӘЗЗАТ ЕРКЕНҚЫЗЫ**

(1972 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2011 жылғы 14 қаңтар).

Қордың Жалғыз акционерінің өкілі.

1994 жылы Ақмола ауылшаруашылығы институтын «АӨК салаларындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша бітірді; 2003 жылы – Еуразиялық гуманитарлық институтын «Юриспруденция» мамандығы бойынша бітірді.

Экономика ғылымдарының кандидаты.

2011 жылғы қаңтардан бастап 2016 жылғы қаңтарға дейін - Қордың Басқарма Төрағасы. 2016 жылдан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

Коммерциялық емес «Кәсіпқор» холдингі» АҚ Тәуелсіз директоры-Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

**ЕРТИЛЕСОВА
ЖАННАТ ЖҰРҒАЛИҚЫЗЫ**

(1956 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2012 жылғы 26 наурыз, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайланған күні -2013 жылғы 15 сәуір).

1978 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «математик» мамандығы бойынша тәмамдаған. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, елуден астам ғылыми еңбектің авторы.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде басшы лауазымында (вице-министр, бірінші вице-министр) болды, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшысының орынбасары. «Қазақтелеком» ААҚ вице-президенті, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік даму бойынша басқарушы директор болып жұмыс істеген. 2007 жылдың маусым айынан бастап 2007 жылдың қыркүйек айына дейін «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары болып жұмыс істеген. 2007 жылдың ақпанынан бастап – «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 2007 жылдың ақпанынан бастап Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің штаттан тыс Кеңесшісі болып жұмыс істейді. Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының Басқару Кеңесінің Төрайымы.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

**ЖАНДОСОВ
ОРАЗ ӘЛИҰЛЫ**

(1961 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2012 жылғы 24 қыркүйек, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайланған күні -2013 жылғы 15 сәуір)

1983 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетін «экономист-кибернетик» мамандығы бойынша үздік бітірген.

Қазақстанның Ғылым академиясының Экономика институтында жұмыс істеген. Түрлі жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің Басқарма Төрағасының, Премьер-министрдің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Инвестициялар бойынша мемлекеттік комитетінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің-Премьер-министрдің Орынбасары, «KEGOC» ААҚ Президенті, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Төрағасы лауазымында жұмыс істеген.

2008 жылдан - қазіргі уақытта - «РАКУРС» Экономикалық Талдау Орталығының директоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Президиум мүшесі.

«Қазпошта» АҚ, «Батыс Транзит» АҚ, «Golden Compass Capital» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директор болып табылады.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

**БИСЕКЕЕВ
СЕРІКБАЙ ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ**

(1971 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2014 жылғы 31 шілде)

Ленинград Политехникалық институтын бітірген.

Энергетика және телекоммуникация саласындағы біріктірілген шешімдердің өндірушісі және жеткізушісі Arman Holding КТ негізін қалаушысы және Президенті.

2000 жылдан – қазіргі уақытта - «ArmanHolding» КТ президенті. 2013 жылы «Ғалымдардың Еуразиялық Экономикалық клубы» Қауымдастығының Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен ынтымақтастығы мәселелері бойынша Вице-президент мәртебесі берілген.

Азаматтығы: Ресей Федерациясы.



Директорлар кеңесінің мүшесі
Басқарма Төрағасы

**ТІЛЕУШИН
ҚАНЫШ АМАНБАЙҰЛЫ**

(1983 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2013 жылғы 26 маусым)

Оксфорд Брукс Университетін және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университетті бітірген.

2011 жылдан бастап 2013 жылға дейін –Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар Вице-Министрі. 2013 жылы шілде айында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры–Басқарма мүшесі болып тағайындалған.

2016 жылдың ақпан айынан бастап Қордың Басқарма Төрағасы.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Қордың Басқармасына басшылық етеді, басқарушы директорға, кеңесшілерге және Басқарма Төрағасының көмекшісіне, Ішкі бақылау қызметіне, Кепілдендіру департаментіне, Адам ресурстарын басқару жөніндегі департаментіне, Ақпараттық технологиялар департаментіне жетекшілік етеді.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы және «КазЭкспортГарант» ЭКСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



Басқарма Төрағасының Орынбасары

**БЕЙСЕМБАЕВ
МИРАС БЕРІКҰЛЫ**

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде субсидиялау мәселелері бойынша жұмысқа, мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету бойынша жұмысқа жетекшілік етеді. Субсидиялау департаментіне, Мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету департаментіне жетекшілік етеді.



Басқарма Төрағасының Орынбасары

**ӘБІЛҚАЙРОВ
ДӘУЛЕТ МАҚСҰТҰЛЫ**

Корпоративтік даму және жергілікті атқару органдарынан қаражаттарды тарту, стратегиялық даму, тәуекел-менеджменті, қауіпсіздік, аймақтық филиалдарды үйлестіру мәселелері бойынша жұмысты және ақпараттық-аналитикалық жұмысты үйлестіріп, жетекшілік етеді.

Корпоративтік даму және жаңа жобалар департаментіне, Тәуекел менеджменті департаментіне, Қауіпсіздік департаментіне, Аймақтық филиалдарды үйлестіру департаментіне, аймақтық филиалдарға және Ақпараттық-аналитикалық департаментке жетекшілік етеді.

**БАСҚАРМА
ҚҰРАМЫ**



Басқарма Төрағасының Орынбасары

**ЖАШІБАЕВ
АНУАР ҚАБДЫКЕНҰЛЫ**

Қордың қаржы мәселелеріне, оның ішінде қаражаттарды тарту, уақытша-бос ақша қаражаттарын тиімді орналастыру, олардың методологиясы бойынша мәселелерге, бағдарламалық қарыздар бойынша мәселелерге жетекшілік етеді.

Қазынашылық департаментіне және Бағдарламалық қарыздар департаментіне жетекшілік етеді.



Басқарушы Директор – Басқарма мүшесі

**ҚОЖАБЕКОВ
АСҚАР ҚАНАТҰЛЫ**

Қаржылық бағдарламаларға мониторинг жасау, проблемалы активтермен жұмыс, заң және құқық мәселелері бойынша жұмыстарға, әкімшілік-шаруашылық мәселелері жұмыстарына, қызмет пен тауарларды сатып алу жұмыстарына жетекшілік етеді.

Мотиронинг департаментіне, Заң департаментіне, Әкімшілік департаментіне және Проблемалық активтермен жұмыс істеу департаментіне жетекшілік етеді.



Басқарушы Директор – Басқарма мүшесі

**ЛЕСБЕКОВ
ҒАБИТ ӘБДИМҮТӘЛІПҰЛЫ**

Маркетинг және халықаралық ынтымақтастық саласындағы жұмысқа, оқыту және сервистік қолдау көрсету саласының мәселелері бойынша жұмысқа және Баспасөз қызметіне өзара әрекет ету мәселелері бойынша жұмысқа жетекшілік етеді.

Маркетинг және халықаралық ынтымақтастық департаментіне, Оқыту және сервистік қолдау көрсету департаментіне және Қордың Баспасөз қызметіне жетекшілік етеді.



Басқарушы Директор – Басқарма мүшесі


**ФИНОГЕНОВА
АЛЕНА ВАЛЕРЬЕВНА**

Қордың қаржы мәселелеріне, оның ішінде бухгалтерлік, салықтық, статистикалық есептер, қаржылық, салық есептемесі мәселелеріне, тиімді салық салу, бюджеттік жоспарлау мәселелеріне жетекшілік етеді.

Бюджеттік жоспарлау департаментіне және Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментіне жетекшілік етеді.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Қордың ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қорда 23 құрылымдық бөлімше және 16 Аймақтық филиалдар бар. Қордың қызметкерлерінің жалпы штаттық саны 371 бірлікті құрайды.



ЖАПОНИЯ



ШОБ дамытудың негізгі операторы

Шағын және орта кәсіпорындар бойынша мемлекеттік басқару



Құрылған жылы
1948

Doing Business позициялары

34



ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі

53%



ШОБ қарыздар үлесі

65,38%

ШОБ саны
3 852 934



% мөлшерлеме

0,8-1,5%





ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

СЫРТҚЫ АУДИТОР
ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

11 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

2 016 жылы Директорлар кеңесінің 10 отырысы өткізілді, олардың 9 кезекті, 1 сырттай. 122 мәселе қарастырылды. Есептік кезеңде Директорлар кеңесі комитеттерінің 23 отырысы өткізілді. Қарастырылған мәселелер тобына қаражаттарды орналастыру бағдарламаларын бекіту, Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын ұстану туралы есепті және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша шараларды іске асыру туралы есепті қарастыру, стратегиялық шараларды іске асыру туралы есепті қарастыру мәселелері, ішкі құжаттарды бекіту, ірі мәмілелерді жасау, 2017 жылға жоспарларды бекіту және т.б. кіреді.

2016 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

№	Т.А.Ә.	ДК қатысуы	%
1.	Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы, Мамин Асқар Ұзақбайұлы(13.09.2016 жылдан бастап)	6/6 4/4	100% 100%
2.	Жолдыбаева Ғалия Тағыбердіқызы	8/10	80%
3.	Досаев Ерболат Асқарбекұлы(13.09.2016 жылдан бастап)	4/4	100%
4.	Ибрагимова Ләззат Еркенқызы	10/10	100%
5.	Жандосов Ораз Әлиұлы	9/10	90%
6.	Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы	7/10	70%
7.	Бисекеев Серікбай Жолдыбайұлы	7/10	70%
8.	Тілеушин Қаныш Аманбайұлы	10/10	100%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Қордың Директорлар кеңесінің жанында 3 комитет жұмыс істейді: стратегиялық және бюджеттік жоспарлау бойынша, аудит бойынша, тағайындаулар және сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесінің жанындағы бейінді комитеттерге тәуелсіз директорлар басшылық етеді.

Комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілген ережелерге сәйкес регламенттелген.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитеті Қордың даму стратегиясын әзірлеу және оның іске асырылуына қатысты мәселелер бойынша кепілдеме мен ұсыныстар әзірлейді, сондай-ақ бюджетте жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді және т.б.

2016 жылы Комитеттің 10 бетпе-бет отырыстары өткізілді.

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізудің тиімді жүйесін орнату, ішкі, сыртқы бақылау жүйелерінің тәуелсіздігі мен тиімділігіне және тәуекелдердің басқарылуына бақылау жүргізу, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы бойынша ұсыныстар әзірлейді.

2016 жылы Комитеттің 6 бетпе-бет отырыстары өткізілді.

Тағайындаулар және сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесі-

не Басқарма мен Директорлар кеңесінің құрамына жоғары білікті мамандарды тарту; Жалғыз акционерге, Директорлар кеңесіне берілетін сыйақыларды белгілеу және Директорлар кеңесіне, Басқарма мен Корпоративтік хатшыға берілетін сыйақыларды белгілеу туралы ұсыныс дайындау мәселелері бойынша кепілдеме әзірлеу және беру мақсатында құрылған.

2016 жылы Комитеттің 7 бетпе-бет отырыстары өткізілді.

2017 жылдың 1 қаңтарына бейінді комитеттердің құрамы келесі түрде ұсынылған:

Аудит жөніндегі комитет		
1	Комитеттің Төрағасы	Ертілесова Ж.Ж., тәуелсіз директор
2	Комитеттің мүшесі	Бисекеев С.Ж., тәуелсіз директор
3	Комитеттің мүшесі	Ибрагимова Л.Е., Акционердің өкілі
Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитеті		
1	Комитеттің Төрағасы	Жандосов О.А., тәуелсіз директор
2	Комитеттің мүшесі	Бисекеев С.Ж., тәуелсіз директор
3	Комитеттің мүшесі	Ибрагимова Л.Е., Акционердің өкілі
4	Комитеттің мүшесі	Жолдыбаева Г.Т., Директорлар кеңесінің мүшесі
Тағайындаулар және сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет		
1	Комитеттің Төрағасы	Бисекеев С.Ж., тәуелсіз директор
2	Комитеттің мүшесі	Жандосов О.А., тәуелсіз директор
3	Комитеттің мүшесі	Досаев Е.А., Акционердің өкілі

2016 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

№	Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитеті	Қатысу	%
1	Комитеттің Төрағасы	Жандосов О.А.	9/9 100%
2	Комитеттің мүшесі	Ибрагимова Л.Е.	7/9 77%
3	Комитеттің мүшесі	Жолдыбаева Г.Т.	4/9 44%
4	Комитеттің мүшесі	Бисекеев С.Ж.	7/9 77%
Аудит жөніндегі комитет		Қатысу	%
1	Комитеттің Төрағасы	Ертілесова Ж.Ж.	5/5 100%
2	Комитеттің мүшесі	Ибрагимова Л.Е.	4/5 80%
3	Комитеттің мүшесі	Бисекеев С.Ж.	2/5 40%
Тағайындаулар және сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет		Қатысу	%
1	Комитеттің Төрағасы	Бисекеев С.Ж.	6/6 100%
2	Комитеттің мүшесі	Жандосов О.А.	6/6 100%
3	Комитеттің мүшесі	Досаев Е.А.	0/2 0

ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

Қорда ішкі аудитті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауап беретін және Директорлар кеңесіне есеп беретін тәуелсіз құрылымдық бөлімше болып табылатын Ішкі аудит қызметі жұмыс жасайды (ІАҚ). ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Қордың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

2016 жылы ІАҚ келесі аудиторлық тексерулерді жүргізді:

- тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау;
- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау;
- қызметтері: Адам ресурстарын басқару департаменті; Әкімшілік департаменті; Мониторинг департаменті; Корпоративтік даму және жаңа жобалар департаменті; Аймақтық филиалдарды үйлестіру департаменті; Субсидиялау департаменті; Бюджеттік жоспарлау департаменті және Қазынашылық департаменті уақытша-бос ақша қаражаттарын орналастыру бөлігінде; «несие тәуекелдерін басқаруды бағалау» бизнес-процесі; «шетелдік валютада қаражаттарды тарту» бизнес-процесі бойынша Тәуекел менеджменті департаменті; Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Ақмола облыстары бойынша аймақтық филиалдар;

Осы тексерулер 2016 жылға арналған бекітілген Жылдық аудиторлық жоспармен көзделген аудиторлық тапсырмаларға сәйкес уақытылы және толық көлемде жүзеге асырылған. Ішкі аудит қызметінің тексеру нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін одан ары жетілдіру бойынша, ішкі бақылау жүйесін және анықталған бұзушылықтар мен сәйкессіздіктерді жою ұсыныстарын жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

СЫРТҚЫ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жылдық қаржы есептемесінің дұрыстығын тексеру және растау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Қор конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады. Белгіленген тәртіпте қаржы есептемесінің аудит жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзырына жатады.

2016 жылға арналған қаржылық есептілік аудитін «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС жүргізді. «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС-не 2016 жылға арналған қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтері үшін төленген сыйақы мөлшерлемесі ҚҚС қоса алғанда 10 640 мың теңгені құрады. «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС компаниясымен 2016 жылы оқыту семинарларын жүргізу бойынша жеке қызметтер көрсетілді. Көрсетілген қызметтер үшін сыйақы мөлшері 5 086 мың теңгені құрады, ҚҚС есебімен.

Қаржылық есептілікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданған жоқ.

«Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС-не 2016 жылға арналған қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтері үшін төленген сыйақы мөлшерлемесі ҚҚС қоса алғанда

10 640

мың теңгені құрады





БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

12 БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП



ордың атқарушы органы 7 адам құрамымен Басқарма болып табылады. Қор Басқармасы апта сайын отырыстарын өткізеді және Қорды оперативті басқару бойынша шешімдерді қабылдайды.

2016 жылы Басқарманың 97 отырысы өткізілді, оларда 1 432 мәселелер қарастырылды. Қарастырылған мәселелер тобына негізгі бағдарламалар бойынша жұмыс регламенттерінің қатарын бекіту, ішкі құжаттарға өзгертулер мен толықтыруларды. Еңбек ақы төлеу ережелерін бекіту, стейкхолдерлердің қарталарын бекіту, даму стратегиясын өзектендіру бойынша тұжырымдаманы мақұлдау және т.б. кіреді.

БАСҚАРМА КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Қор Басқармасының жанынан операциялық қызметтің түрлі аспектілері бойынша мәселелерді қарастыратын және Басқармаға оларды тиімді шешу бойынша ұсыныстар беретін тұрақты әрекет етуші комитеттер мен комиссиялар құрылған.

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет. Активтер мен пассивтерді басқару бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді саясатты әзірлеу, баланстың оңтайлы құрылымын анықтау, Қордың қаржылық жағдайына, табыстылығының көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу және Қордың уақытша бос қаражаттарын орналастыру операциялары бойынша табысты көбейту және тәуекелдерді шектеу бойынша қажетті түзету шараларын қабылдау мақсатында құрылған. 2016 жылы Комитет 31 отырыс өткізді.

Кадрлық саясат жөніндегі комитет. Басқарма құзыретіне кіретін кадрлық саясатты және ынталандыру саясатын іске асыру тиімділігін жоғарылату мақсатында құрылған. 2016 жылы Комитет 28 отырыс өткізді.

Борышты қайтару жөніндегі комитет. Проблемалы дебиторлық берешекті қайтару бойынша жұмыстарды үйлестіру мақсатында құрылған. 2016 жылы Комитет 30 отырыс өткізді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет. Тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту және жетілдіру бойынша тиімді шешімдерді әзірлеу мақсатында құрылған. 2016 жылы Комитет 23 отырыс

өткізді.

Стратегиялық даму жөніндегі комитет. Ұзақ мерзімді кезеңде Қор қызметінің даму стратегиясын, мақсаттарын, міндеттерін және басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу және Басқармаға ұсыну арқылы Қор қызметінің тиімділігін арттыруға көмек көрсету мақсатында құрылған. 2016 жылы Комитет 11 отырыс өткізді.

Контроллинг жөніндегі комитет. Қордың Даму стратегиясына сәйкес Қордың құрылымдық бөлімшелері мен аймақтық филиалдарының ұсынылған есептер негізінде жоспарлы шараларды орындауына бақылау жүргізеді. 2016 жылы Комитет 11 отырыс өткізді.

Несие комитеті. Банк-контрагенттерден несиелер алу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдік беруге байланысты шешімдер қабылдайды. 2016 жылы отырыстарды өткізбей шешімдерді қабылдаудың автоматтандырылған процесі енгізілген.

Бюджеттік комиссия. Бюджет жобасын уақытылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету және қолданыстағы бюджетке түзетулер енгізу мақсатында құрылған. 2016 жылы Комитет 21 отырыс өткізді.

КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАРДЫ ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ДАУЫН РЕТТЕУ САЯСАТЫ

Қордың Корпоративтік дауларды және мүдделер дауын реттеу жөніндегі саясатының (бұдан әрі – Саясат) мақсаты Қор және Қордың Жалғыз акционерінің мүддесінде шешімдер қабылдаудың ақиқат, объективті және тәуелсіз процестерін қабылдауды қамтамасыз ету есебінен Қор органдары қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру болып табылады.

Даулардың алдын алу мақсатында Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өздерінің кәсіби функцияларын даулардың алдын ала отырып, Қор және Жалғыз акционер мүддесінде адал әрі орынды орындайды, сонымен қатар өз қызметтерінің заңнаманың, Қордың ішкі құжаттарының, Жалғыз акционер актілерінің, этикалық стандарттар мен жалпыға бірдей қабылданған іскерлік этика нормаларының талаптарына толықтай сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Саясатқа сәйкес Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері мүдделер дауына жол бермеу үшін мүдделер дауына алып келуі ықтимал кез келген әрекеттер мен өзара қатынастардың алдын алуға міндетті.

АҚШ



ШОБ дамытудың негізгі операторы



U.S. Small Business Administration

US Small Business Administration

Құрылған жылы

1953

Doing Business позициялары

8



ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі

62%



ШОБ қарыздар үлесі

22,13%

ШОБ саны
28 175 504



% мөлшерлеме

1,93-
3,32%





БАСҚАРМА ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

13 БАСҚАРМА ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметтерін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі Холдингтің еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларының шығындарын өтеу және сыйақы төлеу, іріктеу ережелеріне сәйкес анықталады.

Тәуелсіз директорға сыйақының келесі түрлері бекітіледі:

- 1) Директорлар кеңесіндегі мүшелігі үшін бекітілген жылдық сыйақы;
- 2) Директорлар кеңесінің бір комитетіне комитет төрағасы ретінде мүше болу үшін бекітілген жылдық сыйақы;
- 3) Директорлар кеңесінің бір комитетіне мүше болу үшін бекітілген жылдық сыйақы.

2016 жылы Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына – мүшелерге төленген сыйақы мөлшері 13 225 000 мың теңгені құрады (салықтарды есепке алмай).

Тәуелсіз директордың Т.А.Ә.	Директорлар кеңесінің Комитеттерінде жұмыс жасау туралы ақпарат	Сыйақы		Оның ішінде (сыйақы құрылымы)	
		Дерек бойынша барлығы	Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін	Комитеттегі жұмысы үшін	Комитет мүшесі ретінде
Жандосов Ораз Әлиұлы	Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы, Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі	4 575 000	4 000 000	375 000	200 000
Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы	Аудит жөніндегі комитет төрағасы, Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі	3 875 000	3 500 000	375 000	-
Бисекеев Серікбай Жолдыбайұлы	Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет төрағасы, Аудит жөніндегі комитет мүшесі, Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі	4 775 000	4 000 000	375 000	400 000

Қордың басшы қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу ережелері сыйақы жүйесінің келесі қағидаларын қарастырады:

- сыйақының Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүддесіне сай келетін мақсаттары мен міндеттерін орындаумен өзара байланысы;
- сыйақы мөлшерін анықтау қағидаларының қарапайымдылығы мен әділдігі;
- сыйақы мөлшерінің Қор қызметінің нәтижесіне және басшы қызметкерлердің жеке нәтижелеріне тәуелділігі.

Басшы қызметкерлерді қызметін бағалау үшін жоғарыда аталған қағидаларды жұмыста қолдануды барынша қамтамасыз ететін қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің жүйесі қолданылады, ол жоспарлаудың тиімді процесі және мақсат қою, әр қызметкердің нәтижесін сенімді әрі адал бағалау арқылы Қордың қаржылық-өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Осы факторлар басқарушы жұмыскерлердің корпоративтік және жеке ҚНҚ жету дәрежесін айтарлықтай ұлғайтады.

14 ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ



ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ СЯСАТЫ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ – БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРУ

АЛМАСТЫРУ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҢНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ СЯСАТЫ

Қорда адам ресурстарын басқару саясаты келесі стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- адам ресурстарын басқарудың бірыңғай үлгісін жасау;
- еңбек тиімділігін арттыру саясаты;
- адам капиталы сапасын арттыру саясаты;
- корпоративтік мәдениетті дамыту.


Қор қызметкерлердің ішкі потенциалын барынша қолдану және сабақтастық саясатын ұстанады. Алмастыру сабақтастықты барынша тиімді жоспарлауға септігін тигізеді, ол болашақтағы басшыларды анықтаудың үздіксіз процесіне және олардың кәсіби, басқару және көшбасшы құзыреттерін дамыту бойынша мақсатты жұмыстарға негізделген. Қордың қызметкерлерді алмастыру арқылы қол жеткізетін міндеттері:

- қызметкерлердің алмасу процесінде жаңа білім, дағды және іскерлік алуы есебінен адам капиталын жақсарту;
- «Балғын бас әсері» әсерімен Қордың бизнес-процестері мен қолданыстағы ішкі құжаттарын оңтайландыру;
- жұмыскерлерді материалдық емес ынталандыру;
- кадрлық резервті дамыту бағдарламасының тиімділігін жоғарылату.

Аталған құрал жұмыста белсенді қолданылады. Адам ресурстарын басқару жөніндегі департамент алдағы уақытта, қажет болған кезде басшылық лауазымын атқара алатын потенциалға ие жұмыскерлерді анықтайды

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Қор жұмыскерлерінің жалпы саны 2016 жылғы 31 желтоқсанда 371 адамды құрады. 2015 жылмен салыстырғанда жұмыскерлердің жалпы саны өзгерген жоқ.



■ АФ, ад.(штат бойынша) ■ БО, ад.(штат бойынша)

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

2016 жылы Қорда құрылымдық бөлімше/аймақтық филиал басшысының жұмысын атқара алатын жұмыскерлерден тұратын Кадрлық резервке іріктеп алудың жаңа қағидасы енгізілді. Адам ресурстарын басқару бойынша департаментпен «Құрмет тақтасы» ендірілген. Онда ай сайынғы негізде жұмыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген қызметкерлер шығарылады. Қызметкерді «Құрмет тақтасына» 3 ретін және одан көп шығару кезінде, қызметкер түрде Кадрлық резерв құрамына автоматты түрде енгізіледі.

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ – БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРУ

Сабақтастық және адам ресурстарының сапасын арттыру бағдарламаларын сәтті енгізу үшін Қордың Кадрлық резервінде тұрған жұмыскерлер оқытылады. 2016 жылы Қор Басқармасының шешіміне «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметкерлерін оқыту жоспары бекітілген (27.01.2016 жылғы № 26/2016 хаттама).

253 қызметкер (бұл жұмыскерлердің жалпы санының 68% құрайды) қызметкерлердің біліктілігін жоғарылату жүйесі шеңберінде оқудан өтті. 23 қызметкер MBA бағдарламасы бойынша оқуға жіберілген.



Оқыту мақсаты қызметкерлермен Қордың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін кәсіби білім мен дағдыларды меңгеру болып табылады, аталған бағыттың шеңберінде тұрақты негізде жоғары тиімді қызметкерлерді тартумен ұстап қалу, сондай-ақ білім мен дағды деңгейін көтеру бойынша жұмыс жүргізіледі.

АЛМАСТЫРУ

2016 жылы Қорда 85 қызметкер алмастырылды, соның ішінде 13 қызметкер жоғартырған басқару лауазымына тағайындалды, 8 басшы қызметкер Бас кеңсе мен Қордың аймақтық филиалдарыарасында алмастырылды.

Тәжірибе көрсеткендей басқарылатын, қалыптасқан алмастырудың жоғары кадрлық тұрақтылыққа алып келетіндігін көрсетті.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

2016 жылы қызметкерлердің жалпы тұрақтамауы 13,73% құрады, жоспар бойынша 20%. 2015 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті 1,93%-ға төмендеді. Қызметкерлердің қанағаттану және еліктіру деңгейі 75% құрады.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҮНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Қор жұмыскерлері Қор бюджетінде қарастырылған қаражат есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Қор жүктілікке және босануға байланысты табысын жоғалтқан жағдайда әлеуметтік төлем сомасын шегере отырып, орташа жалақыны сақтап қалу арқылы жүктілік және босану бойынша демалысты төлейді. Сондай-ақ некеге тұру кезінде (2016 ж. - 4 жағдай), бала туған кезде (2016 ж. - 53 жағдай), сонымен қатар отбасы мүшелерінің қаза болуына байланысты (2016 ж. - 5 жағдай) материалдық көмек көрсетіледі.

2016 жылы «Құрмет тақтасы» әзірленді және енгізілді, онда ай сайынғы негізде жұмыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген қызметкерлер шығарылады. Ай сайын номинанттардың арасында кеңсе аумағында тегін тұрақ орны ойнатылады.

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қор Қазақстанның кәсіпкерлігін қолдаудың мемлекеттік шараларының негізгі операторы және интеграторы ретінде қоғамды тұрақты дамытудың әлеуметтік факторларына аса жоғары мән береді және әлеуметтік жауапкершілікті өз қызметінің негізгі қағидаларының бірі ретінде қарастырады.

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін сақтаудың сөзсіз басымдылығымен қатар Қор өзінің қызметі әсер ететін мүдделі тараптардың кең ауқымының – инвесторлардың, серік-тестерінің, қарыз алушылардың, қызметкерлерінің, жеткізушілердің, бизнес-қауымдастықтардың, мемлекеттік басқару органдарының және жалпақ жұрттың алдында әлеуметтік-жауапты әрекет бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыру кезінде Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты (бұдан әрі - Саясат) басшылыққа алады.

Саясаттың мақсаты Қордың қызметін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (бұдан әрі - КӘЖ) қағидаларына сәйкес қамтамасыз ету және барлық мүдделі тараптармен сенімгерлік қарым-қатынастарды нығайту болып табылады.

Саясат КӘЖ және тұрақты даму саласында халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық ережесі мен қағидаларын пайдалана отырып, КӘЖ саласында Қордың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету кезінде Қор Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің келесі негізгі қағидаларын басшылыққа алады:

1. Ашықтық қағида. Қор компания, оның кәсіпкерлікті қолдау бойынша бағдарламалары, қызметінің жетістіктері мен нәтижелері туралы ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады. Сонымен қатар Қор коммерциялық

және Заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауды да қадағалайды.

2. Әріптестік қағида. Қордың басшылары мен қызметкерлері өздері өзара әрекет ететін мүдделі тараптардың мүдделерін, күтулері мен қауіптенулерін зерттейді және бағалайды, сондай-ақ жаңа әріптестік қарым-қатынастарды қалыптастыруға және бар әріптестіктерді нығайтуға ұмтылады.

3. Икемділік қағида. Қор мүдделі тараптардың күтулері мен сұраныстарына, сондай-ақ нарық жағдайының өзгеруіне жедел әрекет етеді және өз қызметі мен кәсіпкерлікке қолдау көрсету құралдарына қажетті түзетулерді енгізеді.

4. Кешенді тәсіл қағида. Қор мүдделі тараптарға барынша көп пайда әкелетін жобалар мен кәсіпкерлікке бағдар алады, яғни олардың қызметінің экономика мен қоғамның дамуына қандай әсер беретіндігін ескереді.

5. Қызметкерлер алдындағы жауапкершілік қағида. Қор еңбек ақы төлеуді бәсекеге қабілетті деңгейімен және әлеуметтік кепілдіктермен жұмыс орындарын беруге ұмтылады, сондай-ақ қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын қалыптастырады. Өз қызметінде Қор әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында нормалардың сөзсіз сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қызметкерлердің жан-жақты кәсіби дамуына және оқуына себін тигізеді.

КӘЖ саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау кезінде Қор экономикалық көрсеткіштерді және қызметкермен жұмыс бойынша көрсеткіштерді басшылыққа алады.

Төменде 2016 жылы қол жеткізілген КӘЖ саласындағы нәтижелер ұсынылған:

Саясаттың мақсаты Қордың қызметін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (бұдан әрі - КӘЖ) қағидаларына сәйкес қамтамасыз ету және барлық мүдделі тараптармен сенімгерлік қарым-қатынастарды нығайту болып табылады.

№	Көрсеткіштер	Нәтиже
Экономикалық көрсеткіштер		
1	Қор бюджетіндегі демеушілік / қайырымдылық көмекке көзделген қаражат көлемі	1,0 млн. теңге
2	Оқыту бағдарламасына қатысушылар саны	5 988 адам
3	Бизнес ашқан оқу бағдарламасына қатысушылар үлесі	12%
4	Өткізілген оқуға кәсіпкерлердің қанағаттану дәрежесі	94,6%
5	Қашықтан көрсетілетін қызметтерді алған клиенттердің саны	54 765 адам
6	«Даму-Көмек» бағдарламасы бойынша қолдау алған мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлердің саны	301 адам
7	Қор сатып алуларындағы қазақстандық қамту үлесі	83%
Қызметкерлермен жұмыс бойынша көрсеткіштер		
1	Қызметкерлердің қызығушылық таныту дәрежесі (эмоционалды)	90%
2	Қызметкерлердің қызығушылық таныту дәрежесі (іс- әрекеттік)	73%
3	Қызметкерлердің қанағаттану дәрежесі	63%
4	Оқудан өткен Қордың жұмыскерлерінің саны	253 қызметкер

Қормен сатып алуларда жергілікті қамту үлесін көтеру бойынша белсенді жұмыс жүргізіледі. Жалпы 2016 жылы Қордың сатып алуларындағы жергілікті қамту көрсеткіші 83% құрады, оның ішінде: жұмыстар бойынша – 92%, қызметтер- 96% және тауарлар бойынша – 20%.

Қор қызметкерлерінің бастамасы бойынша жеке тәртіппен науқас және мұқтаж балалар мен ересектерге материалдық көмек көрсетіледі.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды кәсіпкерлік қызметті жүргізуге ынталандыру, ары қарай жұмысқа орналастыруға себін тигізетін олардың құқықтық және экономикалық сауаттылығын көтеру үшін жағдай жасау мақсатында Қормен «Даму-Көмек» Жобасы әзірленді, ол мүгедектігі бар адамдарға қажетті көмек көрсетуден тұрады.

«Даму-Көмек» жобасы www.damu-kotek.kz арнайы сайты арқылы мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен халыққа өздерінің мәселелері мен өздеріне қажетті ресурстар (қаржылай көмек, мүлік, кеңес берумен қолдау, басқа қызметтер) туралы хабардар болу дәрежесін арттыру арқылы қолдау көрсетуге бағытталған. Бұл ретте Қор қаржыландыруды бермейді,

бірақ мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен әлеуетті демеушілердің және кредиторлардың арасында байланыстыратын буын ретінде әрекет етеді. 2016 жылы Жоба сайтында 301 өтінім өтінім орналастырылған, 301 мүгедек-кәсіпкерлерге демеушілік және қайырымдылық көмектер көрсетілген. Сонымен қатар, 2016 жылы «Қазкоммерцбанк» АҚ бірлесіп Қормен «Жұлдыздарға қара» жобасының аясында кезекті байқау өткізілді. Жобаның жалпы бюджеті 13 млн.теңгені құрады, бір гранттың сомасы 100 мың теңгеден 300 мың теңгеге дейін құрады, жобаға байланысты. Байқаудың қорытындысы бойынша мүгедектігі бар 49 адам гранттарды алды.

Қордың Директорлар кеңесінің 30.10.2015 ж. шешімімен бекітілген, №65 хаттама, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2015-2018 жылдарға кәсіпкерліктің құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде «Мүгедектігі бар әйелдердің кәсіпкерлік іскерліктерін дамыту» Жобасы іске асырылады. Аталған Жобаның аясында мүгедектігі бар әйелдер кәсіби оқудан және жұмысқа шығуға психологиялық дайындықтан өтеді, сондай-ақ тағылымдамадан өту, жұмысқа орналастыру кезінде сүйемелдеу мен қолдауды алу мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар, Жоба жұмыс берушілерге мүгедектігі бар жұмыскерлерді жалдау кезінде тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді, оларға кеңес және практикалық ақпаратты береді.

2016 жылы Жоба аясында 231 мүгедектігі бар әйел оқудан өтті, олардың ішінде 90 әйел кәсіби оқудан (тағылымдамадан) өтті.

2016 жылы қазан айында Жоба аясында жаттықтырушылар үшін үш күндік тренингтер өткізілді. 2016 жылы желтоқсан айында мүгедектігі бар әйелдермен «Айтуға оңай» ток-шоу жазылды, сондай-ақ Астанада «Жұмыспен қамту, кәсіпкерлік және табыс әкелетін қызметтің басқа нысандары үшін әлеуметтік осал әйелдердің мүмкіндіктерін ілгерілетуге жәрдем беру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Қор жүйелі жұмысын қызметкерлердің қорғалуын арттыру бойынша реттік қадамға және қауіпсіз еңбек мәдениетін енгізуге бағыттады.

Қор Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын сақтайды, сонымен қатар апатсыз жұмыстарды арттыру бойынша қосымша шараларды енгізеді.

Қор қызметкерлері Қордың кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау бойынша Нұсқаулықты басшылыққа алады. Нұсқаулықтың талаптары жұмыс үдерісінде, Қор кеңселерінде, қызметтік іссапарлар кезінде, сонымен қатар төтенше және апатты жағдайларда Қор қызметкерлері орындайтын барлық негізгі шараларға таралады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаларын мойындай, заңдылықты сақтай отырып, Қор өз қызметінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы КӘЖ келесі қағидаларын басшылыққа алады:

- экологиялық мәселелерге қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алу және сақтық қағидаларына негізделген көзқарасты қолдау;
- қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдау;
- экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдем беру;
- балама энергия көздерін пайдалану, энергияны тұтынуды төмендету және энергия тиімділігін арттыру бойынша бастамаларға қолдау көрсету

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

2016 жылы «Болашақ» Корпоративтік Қоры (бұдан әрі – «Болашақ» Қоры) Қорға IX Қысқы қайырымдылық балын ұйымдастыру шығындарының бір бөлігін төлеу үшін 1 000 000,0 (бір миллион) теңге мөлшерінде демеушілік көмек көрсетуге өтініш білдірді, бұл шараның мақсаты ерекше білім алу қажеттіліктерімен, балалардың сапалы білім алу және еліміздің дарынды жастарына қолдау көрсету мәселелеріне жұртшылықтың көңілін аудару болып табылады.

Саясатқа сәйкес және Қор Басқармасының шешімі бойынша – «Болашақ» Қорына IX Қысқы қайырымдылық балын ұйымдастыру шығындарының бір бөлігін төлеу үшін 1 000 000,0 (бір миллион) теңге мөлшерінде демеушілік көмек көрсетуге шешім қабылданды (30.09.2016 ж. №073/2016 үзінді көшірме қосымша беріледі), «Даму» Қоры мен «Болашақ» Қорының арасында 05.12.2016 ж. демеушілік көмек көрсету туралы №01-СП/ДММС Шарты жасалды.

IX Қысқы қайырымдылық балын ұйымдастыру және өткізу қорытындылары бойынша «Болашақ» Қорынан қаржылық және шығармашылық есептері алынды.


Жиналған қайырымдылық қаражаттарына «Болашақ» Қорымен келесі іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр:

- «Әрбір бала мектепке лайықты» жобасының мамандарын халықаралық сарапшылармен сырттай бақылау (мінез-құлықты қолданбалы талдау мамандары - М. Азимова, О. Мелешкевич);
- жобаның сараптамалық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру;
- Астана қ. №71 МЛ, №83 МЛ, №40 ОМ, Алматы қ. №75 ОМ негізінде 2017 жылдың соңына дейін инклюзия қолдау кабинеттерінің жұмысы;
- түзету мекемелерінің желісін кеңейту және білім беру ұйымдарын инклюзивті білім берумен қамту пайызын арттыру (аймақтарға шығу).

«Даму» Қорының 2016 жылға бекітілген бюджетінің шеңберінде 2016 жылы басқа демеушілік және/немесе қайырымдылық көмектерін көрсету жағдайлары болған жоқ.

2016 жылы Қорға материалдық көмек көрсету өтінішімен 1 ұйым («ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балалары кеңесі» ҚҚ) және 1 жеке тұлға (Қалтай Бақыт) жүгінді. Бұл ұйымдарға және жеке тұлғаға көмек Қордың қызметкерлерімен ерікті негізде қызметкерлердің жеке қаражаттарының есебінен көрсетілді.

МАЛАЙЗИЯ



ШОБ дамытудың негізгі операторы



SME Corporation Malaysia

Құрылған жылы
1996

Doing Business позициялары

23



ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі
36,7%



ШОБ саны
729 983



ШОБ қарыздар үлесі
73%



% мөлшерлеме
4,54%



15 ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ

Қаржы жағдайы туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	Ескер.	2016 жылдың 31 желтоқсаны	2015 жылдың 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	7	44,027,014	33,252,986
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	8	6,069,581	6,322,142
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	9	242,464,446	254,953,501
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		43,508	42,508
Клиенттерге несиелер мен аванстар	10	76,141	101,602
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	11	556,791	2,661,023
Негізгі құралдар	12	2,739,107	3,206,146
Материалдық емес активтер		308,797	276,324
Табыс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелердің алдынала төлемі		11,054,657	7,402,353
Басқа да активтер	13	42,094,226	47,087,170
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		349,434,268	355,305,755
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыз қаражаттары	14	223,869,751	235,268,857
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	15	14,341,822	15,675,071
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	26	5,412,132	3,561,258
Болашақ кезеңдердің табысы және несие сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	16	5,263,218	4,515,041
Басқа міндеттемелер	17	1,842,566	1,112,339
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		250,729,489	260,132,566
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	18	72,920,273	72,920,273
Қосымша төленген капитал		834,527	834,527
Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры		61,588	123,219
Басқа резервтер		316,430	316,430
Бөлінбеген пайда		24,571,961	20,978,740
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		98,704,779	95,173,189
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		349,434,268	355,305,755



ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ

Пайда немесе шығын және басқа да жиынтық табыс туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	Ескерт.	2016	2015
Пайыздық табыстар	19	35,545,591	19,430,982
Пайыздық шығындар	19	(8,772,625)	(7,102,103)
Таза пайыздық табыстар		26,772,966	12,328,879
Клиенттерің несиелерінің және қаржылық ұйымдардағы қаражаттарының құнсыздану резервін қалпына келтіру/ (резервке аударымдар)	9,10	(11,991,580)	833,934
Несиелік қоржынның құнсыздану резервін қалпына келтіруден кейінгі таза пайыздық табыстар		14,781,386	13,162,813
Комиссиялық табыстар	20	2,784,928	2,153,545
Қаржылық туынды құралдармен операциялар шығындарын шегергендегі шығыс	21	(7,776,854)	44,055,883
Пайда немесе шығын арқылы ақиқат құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау табысын шегергендегі табыс		343,775	(1,012,726)
Шетелдік валютамен операцияларының табысын шегергендегі шығындар		(57,851)	(211,921)
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан табыстарды шегергендегі табыстар	22	2,092,262	(32,119,787)
Нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын	23	-	(404,812)
Басқа активтердің құнсыздануының резерві	13	(5,103)	(114,428)
Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	28	283,234	(1,056,091)
Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды қалпына келтіру		103,797	39,005
Басқа операциялық табыстар	24	51,657	106,686
Жалпы және әкімшілік шығындар	25	(5,157,061)	(4,940,830)
Салық салғанға дейінгі пайда		7,444,170	19,657,337
Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар	26	(1,850,874)	(4,001,832)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА		5,593,296	15,655,505
Басқа жиынтықты (шығын)/пайда :			
Салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Сату үшін қолданыста бар инвестициялар:			
- Бір жылдағы шығындарды шегергендегі табыстар		42,166	156,777
- Шығу немесе құнсыздану нәтижесінде табысқа немесе шығынға ауыстырылған шығындарды шегергендегі табыстар		(103,797)	(39,005)
Бір жылдағы басқа да жиынтық (шығын)/ табыс		(61,631)	117,772
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНЫ		5,531,665	15,773,277

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін Қолданыста бар Инвестициялық бағалы Қағаздарды қайта бағалау қоры	Басқа да резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2015 жылдың 1 қаңтарына қалдық	72,920,273	834,527	5,447	316,430	9,066,064	83,142,741
Бір жылдағы табыс	-	-	-	-	15,655,505	15,655,505
Басқа жиынтық табыс	-	-	117,772	-	-	117,772
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны	-	-	117,772	-	15,655,505	15,773,277
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(3,742,829)	(3,742,829)
2015 жылдың 31 желтоқсанына қалдық	72,920,273	834,527	123,219	316,430	20,978,740	95,173,189
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	5,593,296	5,593,296
Басқа жиынтық табыс	-	-	(61,631)	-	-	(61,631)
Бір жылдағы жиынтық табыс жиыны	-	-	(61,631)	-	5,593,296	5,531,665
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(2,000,075)	(2,000,075)
2016 жылдың 31 желтоқсанына қалдық	72,920,273	834,527	61,588	316,430	24,571,961	98,704,779

Ақша қаражаттары қозғалысы туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	2016ж.	2015 ж.
Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы:		
Алынған пайыздар	21,318,878	12,393,691
Төленген пайыздар	(4,268,908)	(2,906,961)
Алынған комиссиялар	4,199,835	3,873,034
Қаржылық туынды құралдармен жасалған операциялар бойынша алынған табыстар	-	727,266
Басқа да операциялық қызметтен түсімдер	91,867	105,713
Еңбек ақы төлеу бойынша шығындар, төленген	(1,774,666)	(2,206,191)
Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген	(4,865,365)	(1,460,109)
Төленген пайда салығы	-	-
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгертуге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары	14,701,641	10,526,443
Таза (өсім)/төмендеу:		
- табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша	779,741	2,346,043
- қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша	10,405,411	(114,045,580)
- клиенттерге несиелер мен аванстар бойынша	493,822	520,408
- басқа активтер бойынша	(1,464,409)	(1,094,703)
Таза өсім/(төмендеу) :		
- басқа қаржылық міндеттемелер бойынша	(918,826)	9,922,216
- басқа міндеттемелер бойынша	138,404	262,448
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары	24,135,784	(91,562,725)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары		
Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізуден және өтеуден түсімдер	2,000,000	-
Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізуден түсімдер	-	300
Негізгі құралдарды сатып алу	(156,102)	(852,302)
Негізгі құралдардың шығуынан түсім	425,233	-
Материалдық емес активтерді сатып алу	(130,432)	(146,372)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары	2,138,699	(998,374)
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттары		
Қарыз қаражаттарын алу	9,300,000	115,365,480
Қарыз қаражаттарын өтеу	(22,777,233)	(7,113,597)
Төленген дивидендтер	(2,000,075)	(3,742,829)
Қаржылық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары	(15,477,308)	104,509,054
Айырбастау бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	(23,147)	473,660
Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза өсімі	10,774,028	12,421,615
Кезеңнің басына ақша қаражаттары және олардың баламалары	33,252,986	20,831,371
Кезең соңына ақша қаражаттары және олардың баламалары	44,027,014	33,252,986

* Аталған ескертпелерді ашу Қордың сайтында орналастырылған, 31.12.2016ж. аудиттелген қаржы есепте-месінің толық нұсқасында көрсетілген.

16 МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫСТАР

Бас кеңсе:

A05C9Y3, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111, тел.: +7 (727) 244-55-66, факс: +7 (727) 278-07-76, e-mail: info@fund.kz, Қор сайты: www.damu.kz
Call-орталық: +7 (727) 244-55-77, қысқа нөмір 1408 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

Филиал желісі:

1. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Астана қ., бойынша аймақтық филиал Z01C1B2, Астана қ., Алматы ауд., Қажымұқан к-сі, 8а үй, +7 (7172) 55-91-99, 55-94-34, факс +7 (7172) 55-92-13, e-mail: astana@fund.kz

2. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Алматы қ., бойынша аймақтық филиал A05C9Y3, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111, тел.: +7 (727) 244-55-66, 244-55-77, факс: +7 (727) 278-07-76 (вн. 3100), e-mail: almaty@fund.kz

3. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Ақмола облысы бойынша аймақтық филиал C00G9B9, Көкшетау қ., Ақан сері к-сі, 46 А/1 үй, тел.: +7 (7162) 55-11-16, 55-11-18, факс: +7 (7162) 33-38-67, e-mail: akmola@fund.kz

4. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Ақтөбе облысы бойынша аймақтық филиал D00K9D9, Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан даңғ., 51 үй, тел.: +7 (7132) 55-24-36, 70-38-08, факс: 8 (7132) 55-24-35, e-mail: aktobe@fund.kz

5. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Алматы облысы бойынша аймақтық филиал B01G6D5, Талдықорған қ., Төлебаев к-сі, 86, тел.: +7 (7282) 24-24-30, 55-87-10, факс: +7 (7282) 24-17-27, e-mail: taldyk@fund.kz

6. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Атырау облысы бойынша аймақтық филиал E01X8K9, Атырау қ., Азаттық даңғ., 17, тел.: +7 (7122) 55-81-01, 55-80-91 факс: +7 (7122) 35-46-51, e-mail: atyrau@fund.kz

7. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Шығыс Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал F00M3F5, Өскемен қ., Победа даңғ., 6, тел.: +7 (7232) 25-11-12, 56-05-90, 56-05-93; факс: +7 (7232) 25-11-12, e-mail: vko@fund.kz

8. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Жамбыл облысы бойынша аймақтық филиал H01X4X8, Тараз қ., Желтоқсан к-сі, 94, тел.: +7 (7262) 24-11-50; факс: +7 (7262) 54-11-51, e-mail: damu-reception@fund.kz

9. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Батыс Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал L02K7D7, Орал қ., Темір Масин к-сі, 67/2 құрылыс, тел.: +7 (7112) 93-34-50, 93-34-54, 93-34-53, 93-34-48, e-mail: zko@fund.kz

10. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Қарағанды облысы бойынша аймақтық филиал M01F4X7, Қарағанды қ., Құрылысшылар даңғ., 4, тел.: +7 (7212) 40-09-68, 40-09-69, факс: +7 (7212) 40-09-69, e-mail: karaganda@fund.kz

11. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиал N02B7B1, Қызылорда қ., Иван Журба к-сі, №12 тел.: +7 (7242) 55-11-12, 55-11-18, e-mail: damu@list.ru

12. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Қостанай облысы бойынша аймақтық филиал P00F8C6, Қостанай қ., әл-Фараби даңғ., 65, тел.: +7 (7142) 54-15-83, 54-24-41, 99-03-05, 54-03-06, факс: +7 (7142) 53-23-98, e-mail: kostanay@fund.kz

13. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Маңғыстау облысы бойынша аймақтық филиал R00A7D3, Ақтау қ., 16 ықш.ауд., 24 үй, тел.: +7 (7292) 70-10-51; факс: +7 (7292) 30-43-04, e-mail: aktau@fund.kz

14. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Павлодар облысы бойынша аймақтық филиал S03G9X0, Павлодар қ., Короленко к-сі, 109, тел.: +7 (7182) 70-38-02, 70-38-10; факс: +7 (7182) 20-83-53, e-mail: pavlodar@fund.kz

15. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал TO1E6A4, Петропавловск қ., Жамбыл к-сі, 191, тел.: +7 (7152) 55-98-10, e-mail: Zh.Kazezova-Bebko@fund.kz

16. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал X08X0H6, Шымкент қ., Байтұрсынов к-сі, 88 «В», тел.: +7 (7252) 99-70-49, 29-48-11.

17. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы бойынша Аймақтық филиалдың өкілдігі F16T7G3, Семей қ., Абай даңғ., 5, тел.: +7 (7222) 52-01-59; e-mail: cppsemey@mail.ru

18. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы Х43D7G7, Түркістан қ., Қожанов к-сі 7, тел.: +7(72533)59-98-2

1-қосымша

Қор 2016 жылы жасаған мүдделі мәмілелер туралы ақпарат

Шарт бойынша контрагент атауы	Шарт нөмірі және жасау күні	Шарттың мәні	Шарттың маңызды талаптары
«Технопарк «Сары-Арка» ЖШС	08.01.2016ж.№01	Кеңсе жайларын жалдау бойынша қызметтер	Сомасы –9 504 000 теңге ҚҚС есебінсіз, ай сайынғы төлем – 792 000 теңге ҚҚС есебінсіз. Шарттың қолданылу мерзімі 31.12.2016 жылға дейін
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	14.04.2016ж. № 053/2016	Салым	Салым сомасы– 10 млрд. теңге; Салымды орналастыру мерзімі – 12 ай, 2023 жылдың 15 қарашасына дейін мерзімін ұзарту мүмкіндігімен; Мөлшерлеме– жылдық 7%
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 62-СП-А/27 24.10.2016 ж.	Келісімге сәйкес Агент Даму Банкіне мониторинг жүргізу бойынша қызметтерді көрсетуді міндетіне алады, ал Даму Банкі бұл қызметтерге Келісімде көзделген тәртіпте және мерзімде ақы төлеуді міндетіне алады.	– Қаражаттар екінші деңгейдегі банктерге ШОКС айналым капиталын қаржыландыруға берілген. – Қордың мониторинг бойынша агент ретіндегі комиссиясы – келесі Келісімдердің шарттарына сәйкес орта және шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін берілген сомадан жылдық 0,5%:
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 63-СП-А/27 24.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 64-СП-А/27 24.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 65-СП-А/27 24.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 66-СП-А/27 25.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 67-СП-А/27 26.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 68-СП-А/27 26.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 70-СП-З/27 31.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 71-СП-А/27 31.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 72-СП-А/27 31.10.2016 ж.		
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 74-СП-З/27 08.11.2016 ж.	Агент келесі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы Қарыз шартының шарттарының Банкпен сақталуына мониторинг жүргізу бойынша қызметті көрсетуді міндетіне алады:	<ol style="list-style-type: none"> Банкпен Соңғы қарыз алушыларға берілген Несиелер бойынша берілген есептерді жинау және шоғырландыру; Даму Банкімен жүргізілетін тоқсан сайынғы талдаудың мақсаты үшін Бағдарламаның әлеуметтік-тиімді әсері бойынша Банктің есептерін жинау және оларды Даму Банкіне тапсыру; Банкпен Қарызды Мақсатты пайдалануды тексеру
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	№ 75-СП-А/27 08.11.2016 ж.		

Қор 2016 жылы жасаған ірі мәмілелер туралы ақпарат

Шарт бойынша контрагент атауы	Шарт нөмірі және жасау күні	Шарттың мәні	Шарттың маңызды талаптары	Қордың мәмілені жасау туралы шешімді қабылдаған уәкілетті органының шешімінің күні және нөмірі
Еуропалық инвестициялық банк	24.11.2016 ж.№№ 2014-0755, 2015-0603	ЕДБ арқылы ШОКС жасыл жобаларына қаржыландыруды беру	Сомасы – 200 000 000 еуродан көп емес теңгемен баламада Мерзімі – 3 жыл 10 жылға дейін мерзімін ұзарту мүмкіндігімен Мөлшерлеме – траншты беру күніне белгіленеді	Қордың ДҚ 20.09.2016 ж. шешімі (№74 хаттама)

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Егер тараптар жалпы бақылауда болатын болса, немесе олардың біреуі екіншісін бақылау мүмкіндігіне ие болатын болса, немесе екінші тараппен қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдау кезінде елеулі әсер ете алатын болса, тараптар байланысты болып саналады. Барлық тараптармен байланысты өзара қарым-қатынастарды қарастыру кезінде, тек

олардың заңды нысандары ғана емес, мұндай өзара қарым-қатынастардың экономикалық мазмұны да назарға алынады.

Төменде байланысты тараптармен операциялар бойынша 2016 жылдың 31 желтоқсанына қалдықтар көрсетілген:

(қазақстандық мың теңгемен)	Жалғыз Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Қауымдас-тырылған компаниялар	Басқа байланысты тараптар
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	-	3,089	-	3,235,283
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	-	-	-	2,352,107
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	-	10,178,889	-	-
Пайдаға салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу	-	-	-	11,054,657
Басқа активтер	-	92,264	8,000	131,544
Қарыз қаражаттары	67,780,290	182,273	-	38,735,026
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	-	-	-	11,218,234
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме	-	-	-	5,412,132
Болашақ кезеңдердің табыстары және несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв	-	-	-	475,225
Басқа міндеттемелер	-	-	-	20

Төменде 2016 жылғы байланысты тараптармен операциялар бойынша табыстар мен шығындардың баптары көрсетілген:

(қазақстандық мың теңгемен)	Жалғыз Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Басқа байланысты тараптар
Пайыздық табыстар	-	507,500	759,701
Пайыздық шығындар	(4,221,243)	(3,172)	(1,181,859)
Табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан шығындарды шегерумен табыстар	-	-	230,264
Әкімшілік және басқа операциялық шығындар	-	(9,594)	-
Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар	-	-	(1,850,874)

Төменде 2016 жылы байланысты тараптармен ұсынылған және өтелген қаражаттардың жиынтықты сомалары берілген:

(қазақстандық мың теңгемен)	Басқа байланысты тараптар
Бір жылда байланысты тараптарға берілген несиелердің сомасы	-
Бір жылда байланысты тараптармен өтелген несиелердің сомасы	-

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Төменде негізгі басшылыққа сыйақы төлемдері туралы ақпарат ұсынылған:

(қазақстандық мың теңгемен)	2016 ж.	2015 ж.
Қысқа мерзімді төлемдер:		
- Жалақы	172,955	117,541
- Қысқа мерзімді сыйлықақы төлемдері	57,125	48,014
- Ақша қаражаттарымен басқа төлемдер	-	-
- Ақшалай емес нысандағы төлемдер	13,533	8,902
Жиыны	243,613	174,457

Байланысты тараптармен операциялар–қамтамасыз етудің табыстылығы туралы басшылықта бар статистиканың негізінде анықталады. Өткен жылдардың статистикасы алдыңғы кезеңдерге әсер етпеген ағымдағы жағдайлардың әсерлерін көрсету үшін ағымдағы бақыланатын мәліметтердің негізінде, сондай-ақ ағымдағы кезеңде жоқ өткен оқиғалардың әсерін жою үшін түзетіледі.

Құнсыздану мәніне жиынтықты бағаланатын қаржы активтерінің тобындағы ақша қаражаттарының болашақ ағындары аталған активтермен байланысты келісімшарттық ақша ағындарының негізінде, және орын алған шығын оқиғаларының нәтижесінде туындайтын мерзімі өткізілген берешектің көлемдері туралы, сондай-ақ мерзімі өткізілген берешектерді

өтеудің табыстылығы туралы басшылықта бар статистиканың негізінде анықталады. Өткен жылдардың статистикасы алдыңғы кезеңдерге әсер етпеген ағымдағы жағдайлардың әсерлерін көрсету үшін ағымдағы бақыланатын мәліметтердің негізінде, сондай-ақ ағымдағы кезеңде жоқ өткен оқиғалардың әсерін жою үшін түзетіледі.

Күдікті борыштар бойынша бағалау резервтері - жоқ.

2-қосымша

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2015–2018 жылдарға кәсіпкерлік құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасының ҚНҚ орындау

Орындаудың орташа %, дерек

153%

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2016 жылға жоспар	2016 жылғы дерек	Орындау %, 2016 жылғы дерек
1.	Жаңа бастаған бизнеске қолдау көрсету				
1.1.	Жаңа бастаған бизнесті ашуға қолдау көрсету				
	Оқыту	Оқудан өткендердің саны	1 360	1 562	115%
	Кеңес беру/ кеңес беру-тәжірибелік сүйемелдеу	Жобалардың саны	150	528	352%
	Жыл сайын ШОБ субъектілерін құру	Құрылған ЖКС саны	100	270	270%
	Қордың қаржы құралдары бойынша бір жылдағы Стартаптардың өтінімдерін мақұлдау	Қаржы бағдарламалары бойынша мақұлдауды алған өтінімдердің саны	16	39	244%
1.2.	Студент жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету				
	18 жастан 29 жасқа дейінгі, қоса алғанда, студент жастардың қатарынан қамту	Оқудан өткендердің саны	1 440	1 687	117%
	Жыл сайын ШОБ субъектілерін құру	Құрылған ЖКС саны	50	77	154%
1.3.	Startup Академия	-			Басталуы 2017 жылы
2.	Әрекет етуші бизнеске қолдау көрсету				
	Салалық оқыту және кеңес беру-тәжірибелік сүйемелдеу	-			Қордың ДҚ 2016 жылғы 24 қарашасындағы №75 шешімімен алынып тасталған
	Шетелдік серіктестермен ынтымақтастықты орнату бойынша кәсіпкерлерді қолдау	-			Қордың ДҚ 2016 жылғы 24 қарашасындағы №75 шешімімен алынып тасталған
	Жаңа басқару әдістерін ендіру, өндіріс технологиялары, жабдықтар және қызметкерлер құрамын оқыту (аға сеньорлар) мәселелері бойынша жоғары білікті шетелдік мамандарды тарту	-			Қордың ДҚ 2016 жылғы 24 қарашасындағы №75 шешімімен алынып тасталған

Орындаудың орташа %, дерек **153%**

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2016 жылға жоспар	2016 жылғы дерек	Орындау %, 2016 жылғы дерек
	«Бәскеге қабілеттіліктің көшбасшылары- Ұлттық чемпиондар» Бағдарламасына қатысушыларды қолдау	-			Қордың ДК 2016 жылғы 24 қарашасындағы №75 шешімімен алынып тасталған
2.1.	"Асылдар" әрекет етуші бизнесті қолдау	-			Басталуы 2017 жылы
3.	Мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың кәсіпкерлігін дамыту және қолдау				
3.1.	Мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер үшін демеушілік көмекті ұйымдастыру («Даму-Көмек»)				
	Демеушілік көмек көрсетуге 300 өтінімнен кем емес жыл сайынғы орналастыру	Өтінімдердің саны	300	301	100%
	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін мүгедектігі бар 150 кем емес кәсіпкерлерге жыл сайын қаржылай емес материалдық-мүліктік қолдау көрсету	Кәсіпкерлердің саны	150	301	201%
3.2.					
	Мүгедектігі бар әйелдерді оқыту	Әйелдердің саны	180	231	128%
	Мүгедектігі бар әйелдердің жеке бизнесін құру немесе жұмысқа орналастыру	Әйелдердің саны	50	51	102%
4.	ШОК топ-менеджментін оқыту және бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету бойынша қызметтердің мониторингі				
4.1.	Бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету бойынша қызметтердің сапасына мониторинг				
	Уәкілетті органға сервистік қолдау көрсету мониторингі бойынша уақытылы және сапалы есептерді ұсыну	Есептердің саны	4	4	100%
4.2.	«ШОК топ-менеджментін оқыту» компоненті				
	Уәкілетті органға есептерді ұсыну	Есептердің саны	3	3	100%

Орындаудың орташа %, дерек **153%**

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2016 жылға жоспар	2016 жылғы дерек	Орындау %, 2016 жылғы дерек
5.	Отандық кәсіпкерлікті сапалы дамыту үшін жағдай жасау				
5.1.	Қордың кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша инфрақұрылымының қызметін қамтамасыз ету (КҚО, КҚМО)				
	КҚО, КҚМО клиенттерінің санын жеткізу	Клиенттердің саны	70 070	90 923	130%
	Қызмет көрсету сапасына тұлғалардың қанағаттану дәрежесіне қол жеткізу	%	80%	97%	122%
5.2.	КҚО, КҚМО кеңесшілерінің құзыретін арттыру				
	Бір жылда КҚО, КҚМО кеңесшілерінің құзыретін арттыру	Кеңесшілердің саны	100	100	100%
	Қызмет көрсету сапасына қанағаттану дәрежесіне қол жеткізу	%	80%	91%	114%
5.3.	Қордың қаржы бағдарламаларына ШОБ жорбаларын тарту бойынша серіктес ұйымдардың қызметкерлерінің құзыретін арттыру				
	Бір жылдағы Қордың қаржы бағдарламаларына ШОБ жобаларын тарту бойынша серіктес ұйымдардың 340 кем емес қызметкерлерінің құзыретін көтеру	-	340	-	Басқарманың 02.12.2016ж. № 090/2016 шешімімен жоба тоқтатылған
	Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық бағдарламаларына 680 кем емес жобаларды тарту	-	680	-	Басқарманың 02.12.2016ж. № 090/2016 шешімімен жоба тоқтатылған
5.4.	Кәсіпкерлікке қолдау көрсету идеялары мен бағдарламаларын жылжыту				
	Қордың қызметі және бағдарламалары туралы материалдарды БАҚ жыл сайынғы орналастыру	Материалдардың саны	3 500	6 774	194%
	Қордың танымалдылығына қол жеткізу	%	80%	100%	125%
5.5.	Кәсіпкерлікті дамытуға қашықтан қолдау көрсету				
	Қашықтық консалтинг қызметтері (клиенттердің саны)	Колл-орталық және интернет-ресурстар арқылы кеңес алған клиенттердің саны	40 000	54 765	137%
	Қашықтан оқыту шеңберінде оқыту	Оқудан өткендердің саны	500	817	163%

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ӘЙЕКТЕН БҰЙЫМДАР ЖАСАУ ЦЕХЫ



Бақтыгүл Қасымова – StartUp Bolashak жобасының финалға қатысушыларының бірі, әйнек өндірісі бойынша осы бір жеңіл емес, салмақты кәсіпті игеріп отыр. Павлодар қаласындағы оның ALAU Pavlodar цехы бірінші жұмыс істеген жылында 100% жоғары табыстылыққа қол жеткізген, өйткені Бақтыгүл өз өндірісінде қайталама шикізатты пайдаланады: бөтелкелерді, қиратылған әйнектерді, автомобильдерге арналған әйнектерді. Мұндай шикізаттың құны өте төмен, осыған сәйкес, өнімнің өзіндік құны да жоғары емес. Бақтыгүл қоқыстың бәріне жететіндігіне сенімді, ал 10 жылдан кейін бұйымдар компанияға қайта өңдеуге қайтып келуі де мүмкін. Қазақстанда әйнектен бұйым жасау бойынша өндіріс іс жүзінде дамымаған, және ешқандай жерде бұл кәсіпке үйретпейді. Бақтыгүлдің жолы болған. Ол Павлодар мемлекеттік университетінде сәулет-құрылыс факультетінің тәжірибелі және білімді оқытушысы Шолпан Гайсаевадан білім алған.



Бір жыл ішінде компания жаңартылды. Бұрын цехта барлық жұмыс қолмен орындалатын, және өндіріс көлемі де шағын болған.



Бастапқы кезеңде Бақтыгүлге үй-жаймен және жабдықпен өзі бітірген университеті көмектескен. «Бизнесің жол картасы 2020» бағдарламасының аясында компанияның алған гранты да көмек болды.

Өткен жылдың тамыз айында «Даму» Қорының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында Start Up Bolashak бағдарламасы туралы білген Бақтыгүл осы жобаға қатысуға өтінім берген. 2 000 астам өтінімдердің арасында Бақтыгүлдің жобасы ары қарай оқуға қатысу үшін іріктеліп алынған. Бақтыгүлдің мақсатқа талпынушылығы, қайта өңделген әйнектен бұйымдар өндірісі идеясының өзі оған финалға шығуға және 5 млн. теңгені ұтып алуға көмектесті.

Қазір оның қарамағында 4 адам жұмыс істейді, жастар өндіріс процесін барынша автоматтандыруға тырысады. Сондай-ақ Бақтыгүл «Ең Үздік Жас Кәсіпкер» Республикалық байқауында Жылдың Үздігі номинациясында жеңімпаз атанды.

«Шикізатты біз тегін аламыз. Біз қоғамдық тамақтандыру орындарымен және ТҚС әйнекті жеткізуді ұйымдастыру туралы келістік. Бұл оларға тек жақсы, себебі қатты тұрмыстық қалдықтарды қоқыс тастайтын жерге шығару үшін, мұндай қызметпен айналысатын компанияларға ақы төлейді, сондай-ақ олар қоршаған ортаны ластайды – әйнек мың жылда шіриді. Сол себепті де оларға материалды қалдықсыз өн-

діріске тапсырған тиімді. Болашақта біз қалада әйнек қабылдау орнын құруды жоспарлап отырмыз. Ол бір тамаша қасиетке ие: әйнекті он рет қайта өңдеуге болады, ал қасиеттерін жоғалтпайды. Менің өнімім 10 жылдан кейін маған қайта өңдеуге қайтып келуі де мүмкін»

ALAU Павлодар компаниясы әйнекті қайта өңдейді, және олардан витраждарды, аспашамдарды, кәдесыйларды, ыдыс-аяқты, сағаттар мен үстелдің үстіңгі тақтайларын жасайды. Олардың арасында бәрінен де әйнектен жасалған кәдесыйлар көп талап етіледі: түпқоймадағы кішкентай домбыралар, шахматтар, мүсіншелер, және әсіресе компанияның логотиптері.

Компанияға үш жыл болған. Бір жыл ішінде компания жаңартылды. Бұрын цехта барлық жұмыс қолмен орындалатын, және өндіріс көлемі де шағын болған. Алынған қаражаттарға жабдық сатылып алынған, қазіргі таңда компания тәулігіне жүз тапсырысқа дейін орындайды, күніне шамамен 100 килограмм әйнек қайта өңделеді. Мамыр айының басында компания өз өнімін «Қазақстанда жасалған» көрмесінде ұсынды. Бақтыгүлдің жоспарында – өнімі Қазақстанның барлық нарығында ұсынылатын және танымал болатын шағын зауытты құру, және штатын жүз адамға дейін арттыру. Сонымен қатар 22 жастағы кәсіпкер өнімдерінің ассортиментін кәдесыйлардан төбелер мен витраждарға дейін кеңейтуді көздейді.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІ

Павлодар жылыжай комбинатының құрылысы 2014 жылдың мамыр айында басталған және 2015 жылдың желтоқсан айында аяқталған. Жылыжайда қызанақтардың бірнеше сұрыптары, оның ішінде танымал голландиялық сұрып «Каприци» өсіріледі.

«Павлодар жылыжай комбинаты» ЖШС «Бизнесің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының қатысушысы болып табылады. 2015 жылы 900 млн. теңгедан астам сомда несиесі алған. Пайыздық мөлшерлемесі 14% құрады, оның ішінде 7% - мемлекетпен субсидияланады. Қаражаттар негізгі құралдарды (3,4 Га есептелген жылыжай кешенінен және жиынтықтаушы бөлшектерінен тұратын көкөністерді өсіруге арналған кешенді технологиялық жабдықты) сатып алуға жұмсалған.

Жылыжай кешенінің қуаты жылына 166 мың тонна қызанақты құрайды. DALSEM Horticultural Projects B.V. (Нидерланды) компаниясы ынтымақтастыққа тартылған. Қызанақтар гидропоника әдісімен, яғни топырақты пайдаланбай өсіріледі.

Бұл облыстағы жалғыз жылыжай емес. Бүгінгі таңда аймақта қызанақтарды және қиярларды өсіретін жылыжайлар жұмыс істейді, алайда олармен өсірілген өнімнің көлемі облыс тұрғындарының қажеттілігін толығымен жаппайды. Сол себепті жергілікті базарларда шеттен әкелінетін көкөністер басым түседі. Жылыжайды пайдалануға енгізумен бұл жағдай түбірімен өзгеруі тиіс.

Жылыжай облыс тұрғындарының қызанақтарға деген қажеттіліктерін толығымен дерлік қанағаттандыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар жергілікті жылыжай қызанақтары дәмі бойынша саяжайларда өсірілгендерден кем түспейтін болады. Бұған павлодарлықтар көздерін жеткізіп те үлгерді: қызанақтардың алғашы партиясы қала базарларына шығарылған. Комбинаттың жоспарында – Омск және Новосибирск сауда кәсіпорндарына шығу тұр.



ҚОСТАНАЙ

КӨКӨНІС ЖӘНЕ ГҮЛДІ ДАҚЫЛДАР ӨНДІРІСІ



«Терра» ШҚ басшысы Владимир Семейкин агробизнесе көп жыл жұмыс істеп келеді және егер көкөністер мен картоп еліміздің басқа аймақтарынан немесе шетелден әкелінетін болса, олардың бағалары көктемге қарай бірнеше есеге көтерілетіндігін де біледі. Мұны болдырмау үшін, аймақтың тұрғындарын ауыл шаруашылық тауарларымен жыл бойына қамтамасыз ету қажет. Ал бұл машақаты көп және аса шығынды іс, шаруа қожалығының бұған жеке шамасы келмейді – қоймалардың құрылысы мен жабдықты сатып алуға жүздеген миллион теңге қажет. Әдеттегі несие – бұл мәселеден шығу жолы емес. Пайыздық мөлшерлемелері нағыз оптимистердің өзін сары уайымға салдырады. Ал «Бизнесінің жол картасы 2020» бағдарламасы, өзінің субсидияларымен және кепілдіктерімен – ең керегі осы. Владимир осы бағдарламаға жүгінген. Банктен жылдық 14%-бен алынған 136 миллион теңгеге, оның ішінде «Терра» небәрі 4 пайызын ғана төлейді – қалған пайыздар субсидия ретінде – көкөніс сақтау ғимараты салынған және жабдықтар сатылып алынған. Тағы да бір қарызды – жылдық 16%-бен 180 миллион теңгені – ШҚ айналым қаражаттарын толықтыруға ресімдеген. Мұнда мөлшерлемені субсидиялау несие



«2005 жылдың тамыз айында бізге картоп пен көкөніс дақылдары бойынша 1-ші, 2-ші және 3-ші репродукция тұқымдарының өндірушісі мәртебесі берілді.»



бойынша артық төлеуді жылдық 6% дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

«Қазіргі жағдайларда, - деп атап өтті Владимир Семейкин, - біз, көкөніс өсірушілер, бағаны ең төменгі деңгейде ұстап тұруға тиіс кезде, сыйақы мөлшерлемесін азайту – мемлекет тарапынан үлкен көмек. Құрылыстың өзіне біз 3 ай 10 күнді жұмсадық. Екпінді қарқынмен жұмыс істедік. Тек осы қойманың өзі 1300 тонна картопқа, сондай-ақ 800 тонна сәбізге және қырыққабатқа, оған қоса 700 тонна пиязға есептелген. Және мұның бәрі желдетумен және тоңазытқыштармен. Өнімді сақтауға арналған жалпы көлем – 10 000 тоннадан астам».

Бұл көлемнің бәрін кәсіпкер өткізе алмаймын деп қорықпайды. Бұрын қоймалар жеткілікті болмаған кездері кәсіпорын көкөністерді бірмезгілде жинауға, сұрыптауға және сатуға мәжбүр болған кездері қыркүйек және қазан айларында стаханшылардың қарқынымен 1000 тонна өнімді бірден сатқаннан да, ай

сайын 1000 тонна өнімді сату әлдеқайда тиімдірек дейді, кәсіпкер. Қазіргі уақытта мұндай мәселелер жоқ, ал жиналған көлем кез келген тұтынушылық өзгерістерге уақытылы әрекет етуге мүмкіндік береді.

«2005 жылдың тамыз айында бізге картоп пен көкөніс дақылдары бойынша 1-ші, 2-ші және 3-ші репродукция тұқымдарының өндірушісі мәртебесі берілді. Облыс бойынша және Қазақстанның аймақтарына көкөністерді көтерме жеткізуді жекеменшік көлікпен жүзеге асырамыз. - деп атап өтті аграрий, - Біз үшін ең бастысы – бұл тұқым. Біз голландиялық және германиялық тұқымдарды сатып аламыз. Олардан сапалы, ауруларға берілмейтін өнім шығады. Нәтижесінде, құртылған көкөністер – небәрі 1-3% құрайды. Ал дақылдардың шығымдылығы – өте жоғары. Жергілікті тұқымдар әзірге бәсекелестікті көтере алмайды. Мүмкін бұл, - деп күледі Владимир, - біздің жаңа жабдықтарымызды Голландия мен Германиядан әкелгенімізден де шығар. Олар ең үздіктер ретінде саналады».

ҚОСТАНАЙ

ЭЛЕВАТОРЛЫҚ-ДИИРМЕН КЕШЕНІ



«Аруана-2010» – жас, заманауи, қарқынды дамып отырған кәсіпорын, Қазақстандағы ірі ұн өндірушілердің бірі. Бес жылдан бері компания барлық сұрыптағы бидай ұнын, кебек, астық қалдықтарын өндіреді. Сондай-ақ кәсіпорын астықты қабылдау, тазарту, кептіру, сақтау және темір жол көлігіне тиеу бойынша қызметтерді көрсетеді. Жоғары технологиялық автоматтандырылған элеватор 30 мың тоннаға дейін сыйымдылықпен ыдыстарға ие.

2010 жылы «Аруана-2010» ЖШС «Бизнесінің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасының аясында элеваторлық-диірмен кешенінің құрылысы бойынша жобаны іске асыруды бастады. Сол кезде «Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын

Экспортқа өндірілетін өнімнің жалпы көлемінің шамамен

50%

шығарылады.

және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету бағдарламасының аясында компания жабдықтарды сатып алуға жеңілдікті 6%-бен несие алды.

Дәнді дақылдарды тазарту және өңдеу бойынша желіні сатып алуға отыз миллион теңге кетті. Кәсіпорынның мақтанышы – ұнның ылғалдылығын бағдарламалық жолмен бақылайтын итальяндық жабдық, одан өнімнің нан пісіру қасиеттері елеулі жақсарды.

«Бұрын бізде басқа жабдық тұрған, - деп атап өтті Жақсылық Мухамбетов, кәсіпорынның бас инженері, - және ылғалдылықты біз көзбен мөлшерлеп анықтайтынбыз. Содан кейін сынамаларды зертханаға жіберетінбіз, жауапты күтетінбіз. Ал бұл артық қырық минутты алатын. Қазір процесс едәуір жеделдетілді».

Қазіргі уақытта кәсіпорын «Ұн Патша» және «Тұмар» сауда маркаларының нан пісетін бидай ұнын өндіреді. Қостанай ұны тек Қазақстан бойынша ғана жіберілмейді, одан тысқары да шығарылады: Ресейге, Ауғаныстанға, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Түрменстанға. Экспортқа өндірілетін өнімнің жалпы көлемінің шамамен 50% шығарылады.



АСТАНА

«ASTANA-ZHASSTART» БАҒДАРЛАМАСЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БРЕНД SAYDIN DESIGN

Мектеп қабырғасынан бері достықтары ажырамаған –Ләйла мен Зияра- әртүрлі салаларда біраз уақыт жұмыс істегеннен кейін, өз білімдері мен іскерліктерін біріктіруге шешім қабылдады. Мұндай бірлескен жұмыстың нәтижесі – Зияра мамандығы бойынша экономист, Ләйла – кәсіпқой тігінші - әйелдер киімдерін тігу бойынша өз жеке SAYDIN DESIGN бренді болды.

Жас астаналық тұрғындар өздерінің жобасын «Даму» Қорының - «Astana-ZhasStarT» бағдарламасының қатысушысы бола отырып, іске қосты. «Astana-ZhasStarT» бағдарламасы астананың жаңа бастаған жас кәсіпкерлеріне қолдау көрсетуге бағытталған. Осы бағдарлама бойынша кәсіпкер қыздар «Даму» Қорының кепілдігін пайдалана және «Сбербанк России» АҚ ЕБ 7%-бен жеңілдікті несиелені ала алды. Несие қаражаттарына кәсіби тігін жабдықтары мен маталар сатылып алынды.

Кәсіпкер қыздар әйелдер киімдерін тек өздерінің жеке лекалдары бойынша тігеді, қолжетімді өтті.

кәсіпкер қыздар әртүрлі көрмелерге қатысады, мультибрендтік бутиктермен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Өршіл мақсатты қыздардың алдағы жоспарларында – шеберлік-кластарын өткізу, пішіп-тігудің қыр-сырын меңгергісі келетін қыздарды оқыту.

«Біз қазір өте көп тапсырыстар аламыз, және қазіргі кезде алдымызда біздің компанияға тағы да мамандарды тарту туралы мәселе тұр», - дейді кәсіпкер қыздар.

Жақында ғана Зияра Шаикова «Студент жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету» жаңа жобасының қатысушы-студенттердің алдында сөз сөйледі, онда ол өз табысының құпияларымен бөлісті. Жоғары бәсекелестік ортасында қалай адаспау керек, мұндай белсенді дамып отырған киім нарығында өз орныңды қалай табуға болады, жас брендке қалыптасуы үшін не көмектесті – осының бәрі туралы Зияра бизнес әлеміне өздерінің алғашқы қадамдарын жасап отырған жастарға әңгімелеп

**SAYDIN DESIGN
брендінің барлық
киімдері – сапалы
маталардан тігілген,
бренд өзінің атаулы
биркасы мен
заттаңбасына ие.**



бағаларда жоғары сапалы тігілген киімдерді өздерінің негізгі басымдылықтары ретінде санайды. SAYDIN DESIGN брендінің барлық киімдері – сапалы маталардан тігілген, бренд өзінің атаулы биркасы мен заттаңбасына ие.

SAYDIN DESIGN өзінің тұрақты клиенттері бар, жас

Сонымен, жас кәсіпкер қыздардың табандылығы мен мемлекеттік қолдаудың арқасында Астанада жаңа қазақстандық бренд SAYDIN DESIGN пайда болды. Ал Зияра мен Ләйланың туындыларымен жақынырақ танысқылары келетіндер үшін - Facebook және Instagram парақшалары бар: saydin_design.

АСТАНА

«ЗДОРОВО ЖИТЬ KAZAKHSTAN» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ

2014 жылы Астанада «Vienna» ЖШС компаниясымен алғашқы бірегей «Здорово жить Kazakhstan» жобасы алғаш рет таныстырылды. Виктор Балбачан – жас және креативті кәсіпкер, «Vienna» ЖШС директоры, талап етілетін әлеуметтік жобаның жетекшісі.

Жобаның мәні «Медициналық дабыл» медициналық мекемелерде жедел әрекет ету пультын орнатудан тұрады. Әдетте қабылдау бөлімінде, дәрігерге дейінгі кабинетте, ересектер мен балалар фильрінде, тіркеу бөлімінде, баспалдақ алаңдарында, дәліздерде және т.б. Сонымен бірге, параллель дербес компьютерге бағдарламалық жасақтама орнатылады: бас дәрігерлерге, қызмет көрсету сапасын бақылау бойынша орынбасарларға, реаниматологтардың тобына, бөлім меңгерушілеріне, кезекші орындарына және т.б. Бейінді мамандарға дәрігерлерді жедел шақыру функциясымен арнайы гаджеттер беріледі. Ары қарай бұл объектілер бірлесіп Медициналық Қызметкерлерді Үйлестіру жүйесіне біріктіріледі. Осылайша, қан кетумен немесе өткір жүрек ауыруымен науқас түскен кезде, кез келген жедел шұғыл жағдайларда, алғашқы көмек көрсетуге аса қысқа мерзімде кірісетін болады, себебі бұл кездері уақыт секундтармен есептеледі! Дабыл бойынша қоңырау бейінді маманға сегіз секунд ішінде түседі. «SOS» басу туралы жедел хабарлама медициналық мекеменің басшылығына 2 секунд ішінде жетеді. Бағдарламалық жасақтама «онлайн»-режимінде жедел жағдайлар туралы мониторингті және статистиканы жүргізеді, сондай-ақ статистиканы ҚР бойынша денсаулық сақтау басқармасына жібереді. Денсаулық сақтау басқармасы кез келген медициналық мекемедегі тәулігіне жедел шақырулардың санын қарастыру, орта буын медициналық қызметкерлердің орташа жоспарлы шақыруларының санын көру және т.б. мүмкіндіктерін алады, - осының бәрі нақты сандарды көруге және орын алған жағдайдың толық статистикасы мен анализіне алуға мүмкіндік береді.

«Ең бірінші мен «Даму» Қорының жанындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына бардым, онда маған сапалы кеңестер берді – деп әңгімелейді Виктор Балбачан. – Ең қызығы, бұл менде ұсынылған бағдарламаларға барынша сенімсіздік тудырды: «өте жеңіл», деп ойладым мен сол кезде. Содан кейін біз жұбайымыз екеуіміз бірге «Бизнес-кеңесші» оқыту курсына жазылдық, онда кәсіпкерлік туралы өзімізді қызықтыратын барлық ақпаратты алдық. Оқыту аясында Астана қ. әкімдігінің өкілі Еркін Ескендіров грант туралы және байқауға қатысу үшін қандай құжаттардың қажет екендігі туралы айтып өтті».

Құрылғаннан кейін 2 ай өткенде компания «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының аясында инновациялық грантты ұтып алды. Тағы бір жылдан кейін «Даму» Қорының бағдарламасы бойынша субсидия алды. 2014 жылдың соңына қарай компания өзінің бірегей бағдарламалық жасақтамасын әзірлеп жасады, негізгі ойдың талаптары бойынша іріктеліп алынған инновациялық жабдықты тестілеуден өткізді және өз жобасын іске қосты. 2015 жылдың ақпан айында Астана қ. №10 инновациялық емханасында «Медициналық қызметкерлерді үйлестіру» сынамалық жоба іске қосылды. Сынамалық жобаны іске асыру барысында аталған компания Қазақстан Республикасының Үкіметіне таныстырылды. 2015 жылдың 26 сәуірінде сынамалық жоба тамаша нәтижені, өзектілігі мен қажеттілігін көрсете отырып, табысты аяқталды. Сонымен қатар, жоба жаппай медициналық мекемелердің бас дәрігерлерінің тарапынан инновацияға қызығушылықты тудыра отырып, астанада және бір мезгілде еліміздің бірнеше облыстарында ендіріле бастады.

«Қазіргі сәтке жүйеге Қазақстан бойынша 18 медициналық мекеме, 29 қабылдау бөлімдері, 51 мейірбикелер посты және 465 емделушілер қосылған. Болашақта біз жақын шетелге экспортқа шығуды жоспарлап отырмыз» - деп атап өтті Виктор Балбачан.

Қазіргі сәтке жүйеге Қазақстан бойынша 18 медициналық мекеме, 29 қабылдау бөлімдері, 51 мейірбикелер посты және 465 емделушілер қосылған. Болашақта біз жақын шетелге экспортқа шығуды жоспарлап отырмыз



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ДИЕТАЛЫҚ-ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ТАҒАМДАРДЫ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР

Адам үшін дұрыс тамақтану – бұл тамаша мүсінде қалуға мүмкіндік беретін сұлулық мен денсаулықтың аса маңызды компоненті. Пайдалы тамақтану – бұл тек қана жақсы көңіл-күй, мықты жүйке жүйесі және жақсы дене мүсіні ғана емес, ол өмір философиясы. Міне осыны Талдықорғандық кәсіпкер Денис Кириченко өз бизнесінің негізі ретінде алып отыр.

Денис Николаевичтің кәсіпорыны диеталық тамақ өнімдерін өндіреді және аптасына жеті күн «Үйге диета» пайдалы тағамдарды жеткізу бойынша қызмет көрсетеді. Арнайы әзірленген бағдарлама салмақты азайтуға, әйелдерге босанғаннан кейін мүсінін қалпына келтіруге, заттар алмасуын дұрыстауға, жалпы көңіл-күйді жақсартуға және өзін жеңіл сезінуге, біртіндеп қалаған мүсінін қалпына келтіруге себін тигізеді.

«Негізгі көздер – үйге! Біздің қазіргі ұтқыр әлемде өзің үшін уақыт мүлде жетпейді, көмекке қызметкерлердің кең спектрін және сапалы, сенімді өнімді ұсынатын кәсіпкерлер, біздер келеміз», – дейді Денис Кириченко.

Денис Николаевич, өңдеу өнеркәсібі саласында және қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін ШОБ субъектілеріне қолдау көрсету бағдарламасына қатысушы бола отырып, «Өндіріс» ғимарат сатып алды және қаладағы алғашқы диеталық бағыттағы тағамдар өндірісін іске қосты. Жаңа қызмет түрі туралы хабар қала бойынша жылдам тарап кетті, және пайдалы тағам әуесқойлары Кириченко клиенттерінің қатарына кіреді.

«Диета үйге – бұл пайдалы, калориясы бойынша есептелген үйге жеткізілетін тамақ. Біздің мақсатымыз – спортшыларды, культуристтерді, спорт және салауатты өмір салты энтузиастарын, денсаулығы үшін қандай да бір салдарласыз арықтағысы келетіндерді қамтамасыз ету», деп атап өтті кәсіпкер.

Кириченко ұсынатын барлық бағдарламалар диетологпен бірлесіп әзірленген, тек балғын жоғары сапалы тамақ өнімдері ғана пайдаланылады, әрбір клиентке жеке тәсіл қолданылады.



Кириченко ұсынатын барлық бағдарламалар диетологпен бірлесіп әзірленген, тек балғын жоғары сапалы тамақ өнімдері ғана пайдаланылады, әрбір клиентке жеке тәсіл қолданылады.



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

«STARTUP «BOLASHAK» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРМЕН АДАМДАР ҮШІН АЛҒАШҚЫ ПАНСИОНАТТЫ АШТЫ

Алакөл көлінің жағасында «Асар» ерекше қажеттіліктермен адамдарға арналған Қазақстандағы алғашқы пансионаттың ресми ашылуы болды. «Startup «Bolashak» стартап-жобалары байқауының өткен жылғы жүлдегері, екінші орынды алған Елдос Баялышбаев өзінің бизнес-идеясын іске асыру үшін 8 млн.теңге мөлшерінде қаржыландыруды алды.

Пансионат Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының шекарасында орналасқан, және ежелден өзінің суының емдік қасиеттерімен танымал болған Алакөл көлінің жазығында орналасқан. Құрылыс орнын таңдау қимыл-тірек аппаратының аурулары емдеуге, жүйке жүйесін қалпына келтіруге себін тигізетін және сауығуға оң әсерін беретін көл суының қасиетіне байланысты болды. Пансионаттың жалпы аумағы 170 шаршы м. құрайды, сыйымдылығы 30 адамнан астам.

Бөлмелерде тұру мен тамақтанудан басқа, мұнда инвакати, жүзу бойынша жаттықтырушылардың болуы, тренажерларда жаттығулар, мүгедектер арбасымен үй-жайдың ішінде де, сондай-ақ пансионаттың аумағында да кедергісіз қозғалыс кіретін қосымша бірқатар қызметтер ұсынылады.

«Мен өз идеямды іске асыру үшін инвестицияны ұзақ іздедім, және Startup «Bolashak» арқасында мен оған қол жеткіздім. Жобаның басты мақсаты ретінде мен мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мен оларға өздерін біздің қоғамның толыққанды мүшелері ретінде сезіну мүмкіндіктерін беруді қойдым», – деп бөлісті Елдос Баялышбаев.



«Startup «Bolashak» байқауы «Болашақ» Қауымдастығымен «Даму» қорымен бірлесіп іске асырылады.



Бір кездері ауыр апаттан зардап шеккен Елдос «Асар» ерекше қажеттіліктермен адамдарға арналған фитнес-клубтың директоры болып табылатындығын атап өткен жөн. Клубтың жұмыс істеген 2 жыл ішінде 220 адам оңалтудан өткен, олардың ішінде 35 адам жүріп кеткен. Осылайша, «Асар» пансионаты аталған бастаманың келесі даму кезеңі болмақ.

«Болашақ» Қауымдастығының негізгі бағыттарының бірі жастар кәсіпкерлігін дамыту болып табылады. «Startup «Bolashak» байқауы жастардың бизнес бастамаларына қолдау көрсетудің тиімді құралы болып табылады, ол байқаудың қатысушыларына өздерінің бизнес идеяларымен бөлісіп қана қоймай, оларды іске асыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті пансионаттың ашылуы кезінде «Болашақ» қауымдастығының директоры Азамат Божакөв.

«Startup «Bolashak» байқауы «Болашақ» Қауымдастығымен «Даму» қорымен бірлесіп іске асырылады. Жоба әлеуметтік және кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға бағытталған. 2015 жылы байқаудың бірінші кезеңі өтті, оған бүкіл Қазақстаннан 18 жастан 29 жасқа дейінгі 2000 астам жас адамдар қатысты. Байқаудың жеңімпаздары Әділет Елеусов, Елдос Баялышбаев және Бақтыгүл Қасымова қазіргі уақытта еліміздің бизнес ортасының белсенді акторлары болып отыр. Байқау барысын қазақстандықтар «Хабар» телеарнасында реалити-шоу форматында бақылау мүмкіндігіне ие болды.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ФАРМАЦЕВТИКА САЛАСЫ



Қазақстанда фармацевтика саласы қарқынды қалыптасу үстінде. Дәрілік препараттардың отандық өндірушілері даму үшін орасан зор әлеуетке ие. «Ромат» фармацевтикалық компаниясы – осының айқын мысалы.

Ақпан айында павлодарлық «Ромат» кәсіпорнына 24 жыл болды. Осы уақыт ішінде компания Семей қаласындағы бір дәріханадан ірі фармацевтикалық холдингке дейін өскен. «Ромат» - фармацевтикалық қызметтің барлық бағыттарын біріктіретін ТМД-дағы жалғыз компания: дәрілік құралдарды әзірлеу мен өндіруден бастап, соңғы өнімдерді дәріханаларда сатуға дейін. Кәсіпорын алғашқылардың бірі болып ИСО 9001-2001 халықаралық стандарты бойынша Сапа менеджменті жүйесін ендірген.



Дәрілік препараттардың отандық өндірушілері даму үшін орасан зор әлеуетке ие. «Ромат» фармацевтикалық компаниясы – осының айқын мысалы



Компания өндірісі үш ірі зауыттармен ұсынылған, олар танымал әлемдік өндірушілердің заманауи өндірістік жабдығымен жабдықталған. Павлодар фармацевтикалық зауытының өндіріс номенклатурасында – әртүрлі терапевтік топтың препараттары бар: дәрумендер, микробқа қарсы және жүрек-қан тамырлары препараттары, ыстықты түсіретін, туберкулезге қарсы және диабетке қарсы құралдар. Семей қаласындағы медициналық препараттар зауытының құрамына инфузиялық, галендік-бөлшектеп өлшеу және ферментативті препараттар өндірісі бойынша цех, гематоген өндірісі бойынша цех кіреді. Зауытта бірегей биопрепараттар шығарылады: Пептон, Панкреатин, сондай-ақ әртүрлі қоспаларымен Гематоген және Пантогематоген. Семейдегі медициналық бұйымдар зауыты лазерлік үш қырлы қайраумен үш компонентті шприцтерді шығарады. Компаниямен Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымымен ұсынылған қауіпсіз өзі бұғатталатын бір реттік шприцтер өндірісі іске қосылған.

Компанияның өсуі мен оның дамуы мемлекеттік қолдаусыз мүмкін болмас еді: 2010 жылы фармацевтикалық зауыттардың құрылысы мен қайта құру бойынша «Ромат» үш өндірістік жобасы Мемлекеттік Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасына (ҮИИД) кірген. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының кәсіпкерлік секторды сауықтыру бағытының шеңберінде кәсіпкерлік секторды сауықтыру бойынша бірлесіп қаржыландыру алынған: сыйақыны төлеу бойынша шығындарды субсидиялау.

Компанияны ары қарай дамыту стратегиясын әзірлеуде «Ромат» бас директоры Марат Оразғалиевпен «Шағын және орта бизнестің топ-менеджментін оқыту» бағдарламасынан өту шеңберінде, сондай-ақ АҚШ-та тағылымдамадан өту барысында алған білімі маңызды рөл атқарған.

АТЫРАУ ФРАНШИЗА БОЙЫНША БАЛАЛАР ОРТАЛЫҒЫН АШУ

Атырау облысының тұрғыны Роза Қайранова білім беру саласында орасан зор тәжірибеге ие. Алты жыл бұрын ол өзінің білімін өзінің жеке ісін – балаларды дамыту орталығын ашу үшін қолдануға шешім қабылдаған.

2010 жылы Роза «Бэби-клуб» ресейлік компанияның франшизасын сатып алған. Ал екі жылдан кейін ол тағы да бір клубты ашуға лицензия алған.

«Өз бизнесімді кеңейту үшін «Даму» Қорына өтініш білдірдім. «БЖК-2020» Бірыңғай бағдарламасының қатысушысы бола отырып, мен Сбербанктен жылдық 14%-бен 14 миллион теңгеге дейін несие ала алдым. Олардың ішінде 7% мемлекетпен субсидияланады. Алған қаражатқа мен орталықтың үй-жайына жөндеу жүргіздім және қажетті жабдықты сатып алдым», - деп атап өтті кәсіпкер-әйел.

«БЖК-2020» Бірыңғай бағдарламасының қатысушысы бола отырып, мен Сбербанктен

жылдық 14% дейін несие ала алдым.
14 млн теңгеге

«Бэби-клубта» 8 айдан 6 жасқа дейінгі балалар оқиды. Олар үшін бірнеше білім беру бағдарламалары мен дене шынықтыру әдістемелері көзделген. Ата-аналармен бірге мерекелер өткізіледі, балалардың туған күндері атап өтеледі, бірлесіп серуенге шығулар ұйымдастырылады. Болашақта Роза балалар йогасы секциясы мен қыш-құмыра жұмысы бойынша үйірме ашуды жоспарлап отыр.

Өткен жылдың маусым айында Роза Қайранова «ORANGE SCHOOL» балалар мектебін ашқан, онда балалар он екі пән бойынша білім ала алады: технология, астрономия, экономика және т.б.

Роза Қайранова өз мектебінің негізінде ата-аналар үшін «Мінезбен туғандар» шеберлік-класын өткізеді, онда ата-аналармен балалардың кішкентай кезінен дарындары мен қабілеттерін анықтау бойынша құпияларымен бөлісе отырып, балаларды дамыту мен тәрбиелеу туралы білімімен бөліседі. Ата-аналарға мектептің және клубтың кітапханасынан тегін әдебиеттер беріледі.

Жұртшылық Роза Қайранованың қызметін жоғары бағалады. «2015 жыл Кәсіпкері» байқауының қорытындысы бойынша ол «Мектепке дейінгі білім беру» номинациясында жеңімпаз атанды.



ҚОСТАНАЙ

СТАРТАП-ЖОБА. «ТУТО КРУТО» ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Қызымен бірге Германияда балалардың ойын-сауық орталығында болған кезінде болашақ кәсіпкер Яна Богдановаға бірлескен демалыс идеясы қатты ұнаған. Үйіне қайта оралғаннан кейін Яна балаларды дамыту әдістемесін зерттей бастады, «Табысты балалар клубын қалай ашуға болады» курсынан өтті.

Барлық жақсы және жаман жақтарын ақылға сала және есептей отырып, Яна «Даму» Қорына кеңес алу үшін келеді. КҚО кеңесшілері жаңа бастаған кәсіпкерге кеңес беріп, банк үшін құжаттарды жинауда көмек көрсетеді. Стартап-жобаға Қостанай қаласындағы «Сбербанк» АҚ ЕБ филиалы қолдау көрсетті және қаржыландырды, банк 18 %-бен 20 млн.теңге мөлшерінде несиені берген, оның ішінде тек 11% ғана кәсіпкер төлейді, қалған бөлігі мемлекетпен субсидияланады. Сондай-ақ Қор 17 млн.теңге мөлшерінде кепілдік берді, себебі қаржыланыру үшін кепіл жеткіліксіз болған.

2017 жылдың ақпан айында «Тутто Круто» ойын-сауық орталығының салтанатты ашылуы болды. 1000 шаршы метрден астам аумақта көптеген

Алғашқы ашылған күнінен бастап ойын-сауық орталығы кеңінен танымал болып отыр, себебі мұндай ауқымды жоба Қостанай қаласының аумағында бұған дейін болмаған.

«Қызым екеуіміз күтпеген жерден Германияда ойын-сауық орталығында болдық. Бірігіп демалу идеясы мен уақыт бойынша лимиттің жоқтығы қатты ұнады. Германиядан оралғаннан кейін, мен бизнес-үлгіні есептедім, отбасыммен ақылдастым және банкке бардым. Банкте менің идеямды қолдады және өзімнің стартап-жобама қолдау алу үшін «Даму» қорына жүгінуге кеңес берді. Қорда бизнесті ашу мен тіркеудің заңды өзгешеліктерінен бастап, қаржыландыру бағдарламаларының түрлерімен аяқтай отырып, әртүрлі бағыттар бойынша өте жақсы кеңестер алдым. Барлық уақыт бойына «Даму» қызметкерлері консультациялық және моральдық қолдау көрсетті!

Банкке қарағанда Қор жобаға тәуекелділігі тұрғысынан ғана емес, қала үшін қажеттілік тұрғысынан баға берді. Жас идеялы кәсіпкерлерге қан-

Барлық жақсы және жаман жақтарын ақылға сала және есептей отырып, Яна «Даму» Қорына кеңес алу үшін келеді.



аттракциондар орналасқан. Ең кішкентай сәбилер мен одан үлкен балаларға арналған аймақтар да қарастырылған. Ең бастысы, балаларымен бірге келген ата-аналарға да мұнда көңілсіз болмайтындығы орталықта ересектерге де есептелген аттракциондар бар. Үлкен фуд-корт аумағы және туған күндерді атап өтуге арналған жеке жай да бар.

дай кеңес беруге болады? Өзің таңдаған іске беріліп қана қоймай, өз идеяңа сену, бір орында тұрмау керек! Қызығушылық табандылықты тудырады!», - деп ой бөлісті «Тутто Круто» ойын-сауық орталығының иесі Яна Богданова.

ҚЫЗЫЛОРДА ШЫНЫПЛАСТИК ҚАЙЫҚТАРДЫҢ ӨНДІРІСІ

Шыныпластиктен жасалған ескекті қайықтарды өндіру бойынша бірінші кәсіпорынның жұмысын Қызылорда облысында Аралдық жас кәсіпкер Жансерік Нысанбаев бастаған. Небәрі екі жыл бұрын Жансерік Нысанбаев, «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасының басымдықтарын пайдалана отырып, корпустық жиһазды өндіру бойынша цех ашқан, ал бүгінгі таңда ол өз бизнесін кеңейтіп ғана қоймай, оны артараптандыра да алды.

«Даму» Қорының 44% кепілдігімен «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-да 13,5 млн.теңге мөлшерінде несиені ресімдей отырып, жас кәсіпкер 7 жаңа жұмыс орнын ашты және тапсырыспен жиһаз өндірісімен тығыз айналысты. Бүгінгі таңда жиһаз цехы іс жүзінде ауылдық жерге қажеттінің бәрін шығарды: шкафтар, ас үй жиһаздары, ауыз бөлмеге арналған жиһаз, витриналар, сөрелер.

Кәсіпкердің айтуы бойынша, шыныпластиктен жасалған қайықтардың өндірісі туралы идея оның ойына бірден келмеген. Ең бастысы қайыққа деген сұраныс жоғары болған, себебі Арал ауданының тұрғындарының негізгі қызметі балық шаруашылығы болып табылады. Нарықты мұқият зерттеп және өзінің маркетингтік зерттеуін жүргізіп, Жансерік Нысанбаев шыныпластиктен жасалған ескекті қайықты өндірумен айналысуға шешім қабылдайды. Осылайша, жас кәсіпкердің ұжымы ескекті қайықтарды жасаумен айналыса бастайды. Цехта айына 3 қайық жасалады.

«Жиһаз өндірісінде тәжірибеге ие бола отырып, мен дереу интернет арқылы шыныпластиктен қайықты жасау процесін зерттедім. Жақсы іскерліктің болуы жағдайында сенімді қайықты дайындау жеңіл болып шықты. Шыныпластик қайықтар жеңіл, бірақ өте берік. Олардың қолданылу мерзімі де ағаш және металл қайықтардан едәуір жоғары», - деп әңгімелеп өтті кәсіпкер.

Өндірісті кеңейтудің арқасында, ол 3 жаңа жұмыс орнын ашты және штат санын 10 жұмыскерге дейін арттырды. Компания тек жоғары сапалы өнімді жасауға бағыт алған, сол себепті оларды дайындау кезінде әрбір бөлшекке ерекше көңіл бөлінеді. Жансерік Нысанбаев атап өткендей, сапа мен сенімділіктің жоғары деңгейі қайықтардың қолжетімді бағасымен үйлеседі.



«Қайық өндірісі бойынша бизнесті зерттей отырып, мен импорттық өнімнің жоғары құнының, ең алдымен, оларды тасымалдаудың жоғары бағасымен байланысты болатындығын түсіндім. Бізде тасымалдау шығындарының жоқтығын ескере отырып, біз сатып алушылардың қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыратын өз өнімдерімізге аса қызықтыратын бағаны ұсына аламыз», - деп ой бөлісті Жансерік Нысанбаев.

Қайықтарды жасау үшін шикізатқа кәсіпкер Испанияға тапсырыс береді. Оның айтуы бойынша, осы испан шыныпластигі аса сапалы және берік болып табылады. Бүгінгі таңда Жансерік Нысанбаев «Даму» Қорының кепілдік құралын пайдалана отырып, банкпен қосымша несиені тарту үшін құжаттар пакетін ресімдеумен айналысуда. Қарыз қаражаттарының көмегімен ол моторлы қайықтардың өндірісін бастауды және өндіріс көлемін арттыруды жоспарлап отыр.



© Designed by «Ready Steady»



Отчет подготовлен RAEX («Эксперт РА Казахстан»)



